

Каз2

М67

ІРЖАН МОМЫНҰЛЫ

ОФИЦЕРДІҢ

Құнделігі

БАҰЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

ОФИЦЕРДІҢ

Күнделігі



ҚАЗАҚТЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ
ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ—1952

ТАНЫСТЫРУ

Оқушы жұртшылығымызға ұсынып отырған «Офицердің күнделігі» атты шағын кітаптың авторы — Совет Армиясының гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері бүкіл совет халқына мәлім. А. Бектің «Арпалыс» атты романын, М. Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» атты очерктерін, генерал Панфилов атындағы даңқты гвардия дивизиясы туралы жазылған жүздеген әңгіме, мақала, очерктерді оқыған әрбір совет азаматына полковник Б. Момышұлының басынан өткен уақыттарды мақала тілімен баяндау орынсыз сыяқты болып көрінетіні де рас. Бірақ, оқушыларымызға бұрын көркем шығармалардың геройы ретінде таныс Бауыржанды, бұл жолы көркем шығарманың авторы ретінде таныстыру үшін, оның өмірбаяны туралы қысқа мәлімет бере кетуді орынды көрдік.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Жуалы ауданында, Алатау бөктеріндегі Мышбұлақ деген

жерде туған. Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мемтепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның астанасы Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

1936 жылы Бауыржан Момышұлы Совет Армиясының қатарына шақырылады. Содан бергі 15 жыл ішінде ол қатардағы солдаттан гвардия полковнигі дәрежесіне шейін өсті.

1941 жылы, Ұлы Отан соғысы басталғанда, Бауыржан Алматыда, әскери қызметте, аға лейтенант болатын. Сол жылдың жазында Алматыда ұйымдасқан даңқты гвардия дивизиясында алғашында батальон командирі, кейін сол дивизияның даңқты Талғар полкінің командирі болды. А. Бек романында суреттелетін Москва түбіндегі ұрыстардағы Б. Момышұлы басқарған Талғар полкінің жауынгерлері көрсеткен ерлік — өмір шындығы. Отан соғысының соңғы жылдарында (1944 — 1945) Б. Момышұлы гвардия дивизиясының командирі болды. Соғыс жеңіспен аяқталғаннан бастап Б. Момышұлы Совет Армиясы бас штабының академиясына оқуға түсіп, оны бітіріп шықты.

Бауыржан соңғы жылдары әскери мамандығын арттырумен қатар, қалам қайраткері болу талабына да зер салып жүр. Оның соғыс жылдарында жазған күнделіктері, солдат өмірінен туған мақал-мәтелдерден іріктеп алғандары, майдан өмірінің елеулі уақытгаларынан жазған көркем очерк, әңгімелері орталық және республикалық газет, журналдар бетінде басылып жүргені көпшілігімізге мәлім. Бауыржанның қолжазбалары көп. Олар-

дың көпшілігі орыс тілінде жазылған еңбектер. Бірқатар шығармаларында Бауыржан Совет Армиясының қатарында қызмет ететін жастарды батырлық пен батылдыққа, төзімділік пен тәртіптілікке, тапқырлық пен табандылыққа қалай үйрету керек деген мәселелерді көтереді. Бауыржан өзінің «Офицер дәптері» атты қолжазбалары туралы: «Көрген-білгенімді, өмір шындығынан туған ой-пікірімді қараз бетіне түсіргенде, мен өзімді қаламы төселген жазушы болдым деп жүргенім жоқ, менің жазғандарым жазушыларға материал болса да жеткілікті», — дейді. Бірақ бұдан автордың өз еңбектері бөгде кісінің көмегісиз жариялауға жарамайды деген ұғым тумайды. Оған осы кітап айғақ.

Бұл кітапқа кірген әңгімелер мен очерктер қаламы төселген жазушының шығармасы еместігі де даусыз. Сонымен қатар, бұл еңбектердің әрқайсысында өмір шындығы, солдат сыры, отанын сүйген адамның жан сезімі бар. Бұл шығармалар мыңдаған совет солдаттың тағдырына жауапты командирдің демалыс уақытында ғана жазылған, совет командирінің ауыр борышын атқару жолындағы арпалыспен араласа туған, автордың өз сөзімен айтқанда, «аттың жалында, автоматтың жанында» жазылған еңбектер.

Біз Бауыржанның қалың дәптерінің ішінен алынған қолжазбаларын бөлек кітап етіп ұсынғанда, оқушы жұртшылығымыз осы айтылған ерекшеліктерін ескерер деп сенеміз.

ЖОЛ ҮСТІНДЕ

1936 жылы Қыйыр Шығысқа мені мен бірге бір қазақ жігіті барды. Үш — төрт ай қызметте болып, бірге жүріп, сыр алысқаннан кейін екеуміз жақсы тату жолдас болдық.

Аты Әзмұқан еді. Сұңғақ бойлы, сымбатты, қалың кара шашты, өткір көзді, қыр мұрынды, ашаң жүзді, келбетті, ауыр мінезді, ер кісінің сұлуы дерлік жігіт еді.

Келесі жылдың август айында 25 күндей армияның маневріне (жорығына) біздің полк та қатысты. Бір жолы, шаршап-шалдығып келіп, Уссури өзені бойындағы тайганың ішінде қос тігіп екі күн демалдық.

Армия әдебиеттерінде штабты «армияның мыйы, көзі, құлағы, сезімі, жүрегі...» деп адамның асыл, сергек мүшелеріне теңгереді. Штаб уақытында ойлап, көріп, біліп, естіп, сезіп отырмаса, қарамағындағы әскерді басқарып, үлгіре алмайды. Көк тамыр мен күре тамырдың міндеті де «жүрек» болғандықтан, соған жүктеледі. Штаб офицерлерінің қызме-

ті көзге онша түсе бәрмесе де, өте жауапты, жанға батар қыйын еңбек екені рас.

Басқалар демалып жатқанда да, штаб қызметі аз болмайды: жорықта атүсті істелген қызметті реттеу, демалып жатқан косты қорғау, адамдарға, аттарға қорек қамын ойлау, алдағы қызметтерді болжап, жоспарлау — штабтың көп міндеттерінің бірі болғандықтан, штаб командирлерінің оңдырып демалғанын көре алған емеспін.

Екінші күні мені барлық қағаздарыммен, дивизияның штабына шақырды. Қолқабыс етуге адам керек болар деген оймен, қасыма бір жәрдемшімді ертіп алдым. Әзмұқан сауатты лейтенанттың бірі еді, топографияны жақсы білетін. «Көрмеген жердің ой-шұқыры көп» дегендейін, бұрын көрмеген жеріңізде, әсіресе, тайга ішінде топографияны жақсы біліп, картаны оқый білмесеңіз — керекті жерді тауып бару өте қыйын. «Бір жаққа жұмсай қойсам адаспас» деген оймен Әзмұқанды ерттім.

Бара жатқан жеріміз карта бойынша тіке жүрсек он шақты километр болса да, жолсыз тайгада қырық — елу километрге татыйды. Сол себепті, «алыс та болса жақын» деп, жыйырма километрдей келетін айналма жолмен кеттік.

Алдында үш күн ұдайы жауын жауған, жер лай, жолдың мыйы шығып жатыр. Жележорта жүруге ат тайғанап, лажсыздан, жай аяңмен келеміз. Жол ұзарып, іш пысты. Мен бірауыз өлең айтып:

— Жігіттер, жол қысқарсын, бір-бір ауыздан өлең айтындар, — дедім. Атқосшылар бір-

біріне күлімсірей қарап ризалығын білдірсе де, жуық арада айта қоймады.

Шырқатып, тайганы жаңғыртып, салмақты коңыр даусымен Әзмұқан мына өлеңді айтты:

Шашы бар қолаң кара, ашаң жүзі,
Қыр мұрын, кыйылған қас кара көзі.
Толықша, сұңғақ бойлы, алма мойын,
Тиісті жауап берер, майда сөзі.

— Па, шіркін, қандай жақсы өлең еді, кім шығарған, — деп сұрадым.

— Жақсы деп айтуға болмас, мұны шығарған кісі ақын да емес... Бұл өлеңнің тарихы мынадай, — деп Әзмұқан ұзақ әңгімеге кетті...

Әзмұқан әңгімесінің қызығына батып ешнәрсе аңғармаппыз, атым оқырып тұра қалды.

— Жолдас аға лейтенант, пропуск! — деп бұтаның арасынан бір сержант шыға келді.



Әзмұқанды көрші полктың штабына байланыс жасап, келісіп, қызмет істеу жағын сөйлесуге жіберіп, өзім келген жолмен емес, тайганы аралай қайттым.

Әзмұқан екеуміз екі жарым сағаттан кейін 284,3 нысаналы төбеде жолықпақшы болып уәделестік. Ол төбеге карта бойынша жалғызаяқ соқпақ алып барады. Қартаның жер жағдайын түсіндіруінде: соқпақпен аңшылардан

басқа кісі жүрмейді. Екі адам қатар жүруге тар.

Штаб шатырынан бес — алты жүз метр ұзамай-ақ дүлей тайганың ішіне еніп кеттік.

Екі адамның құшағы жетпейтін жуан, жүздеген жылдар жасаған емен, арша, аспанмен тірескен аз бұтақты, сағағы сорайған ұзын қарағай, жалаңаш ақ қайың, тағы түрлі ағаштар бірінен-бірі асып түсіп, жерге тамырын терең салып, сынысып өскен қалың орманды тайга деп атайды.

Тайгадағы ағаштарға да мәңгі жасау жоқ. Жасы жетіп қартайғандарының алдымен басы құрап, өзегін күрт жеп, тамырына зақым тиіп, «ауырып», бір күні «талқаны таусылып» жерді қопара құлап, тамыры сорайып, теңкііп жолды бөгеп жатады. Күзде сарғайып түскен қалың жапырақтар «өліктің» жүзін жауып, жауын суынан, жердің дымқылынан ісіп, өзімен бірге «өлік сүйегін де» шірітуге кіріседі. Төмпешіктеу жерді шұқып, қаза қойсаңыз 15 — 20 сантиметрден кейін-ақ кетпеніңіз шіріп жатқан ағаш «өлігі» — сары томарға кездеседі. «Өліктің сүйегі» жаңа өспірім жеткіншектердің, тез өсіп жуандануына әдемі, жағымды, сіңімді корек болады.

Тісі ақсыйған жабайы шошқа, аяғын маңмаң басқан аңқау қара аю, қаракөк қасқыр, мүйізі найзаның ұшындай, құлағы едірейген бота көзді, жіңішке тік аяқ елік, басында жанжаққа бытырап, бұтақтанып өскен мүйізі бар, үлкендігі тайыншадай бурыл-қоңыр бұғы, құйрығы бір будақ алдамшы қара-қоңыр түлкі, ағаш басын тұрақ еткен тыйын-тышқан, ағаш басында үлпілдеп отырған алақандай

сары көзді үкі, тағы басқа жабайы аң, құс, жәндіктерді тайганың тұрақты «ел-жұрты» десек те болады. Олардың жыртықшытарынан басқалары жабайы өскен мәуе жеміс, ағаш тамырын жеп, жаңғақ шағып күнелтеді.

Адам баласы тайганың етегіне жақындап орналасқаннан бастап, айуандар өздеріне қауыпсыз мекен іздеп, тайганың алыс төріне ауған. Сондықтан осы кезде тайганың етегінде ірі аңдар сирек кездеседі. Біздің келе жатқан жолымыз аң соңына түскен мергендердің ізі. Ағаш сондай қалың, ну дүлей болып өскен. Жалғызаяқ жолдан бұрылып, ойдағы жермен жүріп кетуге болмайды. Шыбық, шілік, жаңаөспірім қарағайдың, еменнің, қайыңның немере-шөберелері бірімен-бірі ұстасып, шырмалып «ит мұрны өтпейтін» болып біткен. Олардың бұтағы ат үстінде кетіп бара жатқанда үзенгіге жабысып, қонышынды жырып, иіліп, айрыларда аттың бауырын шерте сабалайды. Табан асты ұсақ-ірі аралас шірп жатқан томар, шокпырт, жүруге өте ыңғайсыз-ақ, атымыз қайта-қайта сүрініп тайғанап келеді.

Қыйыр Шығыстың ауа райы бір күннің ішінде бірнеше құбылып, түзеледі. Танертең жадырап шыққан күннің күлімдеген сәулесіне қарап, күн жақсы, ашық болады екен деп сенуге болмайды.

Жарым жолға жеткенде сайтаны ұстап түнеріп, аспанды қара бұлт қаптап, қарсы алдымыздан желдетіп пәсер жаңбыр төгіп жіберді. Еменді паналап тұрып сулық шекпенімізді киіп алдық. Жаңбырдың әр тамшысы сартылдап бетімізге ұрып, бас көтертпей, аттарымыз да бастарын шайқап, елу метр жүр-

генпен кейін тізгінге бой бермей, бұрылып, артын жауынға беріп тұра қалды.

Егер де тайга ішіндегідей ағаш панасы болмай, жауынға жалаң далада душар болсақ халіміздің не боларын өзіңіз-ақ болжай беріңіз.

Есімізді жыйнап алғанша, жер бетін су қаптап, сел болды. Ойпаң жерлер қызыл лайға толып, жықпыл қуалап, тау өзеніндей беті көбіктеніп, сарқырап, түйедей томарларды доптай дөңгелетіп, ағызып барады. Алдымыздан сондай бір селдің өзені бөгет бола қалды. Судың түбіне карап, өтуге батылымыз бармай, біраз тұрдық. Жағалап жүріп енді бір жайпаң жеріне кез болдық.

Қасымдағы атқосшыға:

— Ал, жолдас Макаров, тәуекелге бел байлайық, — деп атымды шпорлап, қамшылай беріп өзенге түстім.

Су үзенгіден асып, тоқымдыққа жеткенде, ағыс жұлып әкетіп барады. Ортасына барғанымда астымдағы атым шөгіп кетті. Қетсем де атпен бірге кетейін деп, аяғымды үзенгіден шығармай, тізгінімді қысқарта тартып, аттың басын көтере ұстадым. Ағып барамыз, атым басын су бетіне әрең шығарып, пырылдап, оскырып жүзе бастады. Су ат үстіндегі менің де белдігіме жетті. Аттың жүгі жеңілденсін деген оймен, жалын қолыма орай ұстап суға жантая қыйсайдым. Ат су бетіне қалқып шығып, ердің қасы көрінді. Жүзе білмегендіктен аяқ-қолыммен ешқандай әрекет істегенім жоқ, сенгенім жұмыртқадай «ақалтсеке» боз аттың күші болды. Тырмысып, жа-

лын қолымнан шығармай, сүйретіліп келе жатырмын.

— Жолдас лейтенант, сақтаныңыз, бөрене, — деген Макаровтың айқайымен артыма жалт қарасам, ол да менен 20—25 метрдей жерде қатар жүзіп келе жатыр екен. Айтқанындай-ақ, бір сажен келте қарағай жылаңша сумаңдап, бір толқыннан бір толқынға секіріп, біресе шөгіп, біресе қалқып келіп қалды. Жалтарып кетуге лаж жоқ. Көзді ашып-жұмғанша қарағаймен толқын мені дәлдеп атты. Аттың құйымшағынан келіп тиіп, менің аяғыма бұтағы ілініп, мені аттан жұлып әкете жаздады. Аттан айрылу маған өлім еді. Біраздан соң толқын, тышқанмен ойпаған мысықтай бізді жағадағы құмға лақтырып тастады. Атымыз қалтырап тұра қалып сілкінді. Үстіміз су, лай, аман шыққанымызға риза болып, қару-жарақ, ер-тұрманымызды тәртіптеп, киімімізді сығып қайта киіндік. Планшеткамдағы картаның шеті ғана су болған екен, компасты колыма алып, болжап, тұрған жерімізді картадан таптым. Жалғызаяқ жолдан 800—900 метрдей төмен ағып барып шығыппыз. Жалғызаяқ жолға қайтадан түсу үшін, тағы да жаңағы өзенді жағалап жүруге тура келді. Аттарымыз да, өзіміз де қалшылдап, тісіміз сақылдап, дірілдеп келе жатырмыз. Жолға түсіп біраз жүргеннен кейін, жалғыз аласа күркеше, ағаш үйге кез болдық. Ішіне кірсек, тастан қалаған ошақ пеш бар екен. Пештің үстіндегі шақпақпен қуды тұтатып, бұрыштағы жыйнаулы отыннан алып, пешті жағып, аттар қасында қалған Макаровты шақырдым. Шешініп, киімдерімізді кептіріп отырғанымыз-

да Макаровтың көзі үйдің ішінде ілулі тұрған заттарға түсіп:

— Мына ілулі тұрғандар не, жолдас лейтенант? — деп сұрады.

— Мергендердің қойып кеткен нәрселері ғой. Төрдегі ілулі тұрған қапшықтың ішінде «қайтқанда жермін» деп тастап кеткен бір мергеннің жол азығы болу керек.

— Міне қызық, біреу алып кетсе қайтеді, есіз үйге тастап кеткені несі! — деп Макаров таң қалып, екінші шұлғауының буын бұрқыратып кептіріп, пешке отын тастап отыр.

— Жоқ, ешкім алмайды, тайганың заңы солай, тайга ұлдары ол заңды бұлжытпай орындайды.

— Бұл үйді мергендер ертеде салдырған болар. Қарауыл қоймаса да, ең болмаса құлыптап кетпегені несі? — деп Макаров тағы сұрақ қойды.

— Бұл үйді кім салғанын білмейсің, мергендер аралайтын тайганың етегінде осы сыяқты үйлерді ылғый кездестіруге болады. Бұл үйге кез келген мерген кіріп, демалып, тамақтанып жөнөйді. Аңнан қайтарда осы үйге соғармын дегендері жол азығының, қару-жарағының, киімдерінің артығын осы үйге тастап, өзімен бірге керектісін ғана алып кетеді. Ол қайтқанша қойып кеткен заттарын ешкім орпынан қозғамайды. Үй жоқ жерде мергендер нәрсесін ағаштың бұтағына іліп кетсе де оған несінен басқа ешкім тимейді. Мына бұрышта жыйналып тұрған отын — кейінгі кезде қонған мергеннің жарып жыйнап кеткен отыны, басқа мерген келіп қонса, осы отынды жағып, кетерінде орнын толтырып, үйдің ішін сыпы-

рып кетеді, — деп Макаровка түсіндіруге тура келді.

— Міне тәртіп, мергендер қандай әдепті, тайганың заңы өте таң қаларлық екен, жолдас лейтенант! Сіз тайганың заңын қайдан білесіз, сіздің елде де тайга бар ма? — деді ол.

— Біздің елде тайга жоқ, кең жазық дала болады. Даланың да өз заңы бар. Мен тайганың заңын көркем әдебиеттен оқып, білгемін. Тайганы осы Қыйыр Шығысқа келгелі ғана көрдім. Тайганың ұлы болмасақ та, оның заңын бұзбауымыз керек.

— Жарайды, жолдас лейтенант, мен үйді мергендер келгенше әдемілеп, тәртіптеп қояйын, — деп Макаров орнынан қарғып тұрып, үйдің ішін ынтасымен сыпырып, тазартып жатқанда, мен бір парақ қағазға:

«Екі қызыләскер, үсті-басы су болып, шаршап-шалдығып келіп, сіздердің күркелеріңізді паналап, киімдерін кептіріп, бір-екі сағат демалды. Барлық осы күркені паналаушы мергендерге шын жүрегімізбен алғыс айтамыз. Отын жарып, орнын толтыруға жанымызда балтамыз болмады, айыпқа бұйырмаңыздар», — деп хат жазып, үйдің маңдайшасындағы ағаш шегеге ілдім.

БІЗДІҢ АДАМДАР

Мен ерлерді ел танысын деген мақсатпен, «Офицердің күнделігі» деген тақырыпты қолдан келгенінше жазып отырмын. Көңілдегі көрікті ой қағазға өзінің сұлу бейнесінде түс-

песе де, ер есімін қағаз жүзіне қалдырып, істерімен елді қысқаша таныстыру ниетімен, күнделікті дәптерге, найзадан қол босаған кезде шала-шарпылау болса да, асығыста жазып келемін.

I

Жаңбырлы салқын күздің мезгілі өтіп, қыраулы қыстың келіп қалған кезі еді. Сол түстіктен соққан суық қара жел бет бақтырмайды. Ызғары өңменімізден өтіп барады. Ерегісе қасқайып қарсы тұра қалсақ, аяз инесін тырнақ астына бойлата сұғады. Жер беті тастай боп қатып қалды. Мөлдіреп аққан су жалтыр көк мұзға айналды. Жер беті шашаға жетпес жеңіл, үлпек қармен опаланды. Зілдей қыстың салмағы табиғатты басып, ешкімді тырп еткізер емес. Көбіміз тоқтышақтың терісіне қымтана бөленген мезгіл.

Құмарта темекі тартқан сықылды барлық жануарлардың танауынан бұрқыраған бу қайнаған шәйнектің қос тесігінен шыққандай шұбала атқыйды.

Аспан жүзін қаптаған қара бураның шудасындай қою қара бұлт, жер бетіне өркештене, будақтала шөккен қалың тұман я адастырып, я кедергі болады. Осындайда гүлденген әлем, жайнаған жазық дала, жарқыраған жаздың нұрлы сәулесі еске түседі. Сондай өмірден бөліп әкеткен себептерді қуалай келіп, қан қайнап, бой ысыйды. Жүректе қаһар жалыны лаулап, бойды қыздырады...

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды»,—

деуші ме еді Абай деп, өзімнен-өзім сұрап,
терең ойдан оянып кетсем, жирен қасқа жа-
нуар кедір-бұдырлы тонды жолмен, тағалы
тұяғын сартылдата, көсіле желіп келеді екен.

— Бауыржан, Бауыржан! — деген таныс
дауысқа тізгінімді ірке қалып, жалт қарадым.

Тоң бұдырына сүріне қалбалақтап, мықы-
нындағы алтыатарын оң қолымен қапсыра ұс-
тап Мұқаметқұл жүгіріп келеді екен.

Амандығымызды ұзынкұлақтан ғана есті-
геніміз болмаса, соғыс басталғаннан бері Мұ-
қаңмен көріскен емес едік, — сағынысып-ақ
қалған екенбіз, ол жақындай бергенде, тізгі-
німді Николайға ұстата беріп, аттан түсіп ал-
дынан қарсы шықтым.

— Айналайын, Бәуке, қайда асығып бара-
сың: бізге неге соқпадың... — деп құшақ жая
амандасты. — Айтпақшы, Жалмұхамбет, Қа-
бибулда, Семен Краевтар аман ба?.. — деп
сұрақ үстіне сұрақ беріп, сөз берер емес.

— Мұқа, айыпқа бұйырмаңыз, жарты са-
ғаттан кейін генералда болуым керек, тез жет-
сін деген екен.

— Олай болса кешікпе, тез мін атыңа, —
деп мені жалма-жан аттандырды.

— Мен бір жарым сағаттан кейін қайтар-
мын, қолың тисе менің штабыма барып, жігіт-
термен әңгімелесіп, күте тұр.

— Жарайды, жарайды. Заулат, кешігіп,
қартты ренжітіп жүрме...

Өкше темірді бауырына батыра тақымдағанда, жирен қасқа ауыздығымен арпалысыршы жөнелді...

Орманды аралап, желе-жортып келеміз. Аспанға өрши тіке өскен қарағайдың қылтанақтары бүріне қонған елік қардың салмағымен ақ сәукеле киген келіншектей иіліп барлық орман, өсімдіктер ақ түбітке оранып тұрғандай. Аспаннан ұлып келіп, оң жақтан 150 метрдей жерге мина түсіп тарс жарылып, тыптыныш мелшиген мылқау орманды жаңғырытты. Ауа толқыны ағаштарды сілкіндіріп, үстімізге қырау жаудырғаны болмаса, қаңғыған жаңқасымен ешқандай залал еткен жоқ. Бір-екеуі ызылдап өте шыққанда, сескену әркімде де болады ғой, адам тас дейсіз бе?!

— Әрбір 15—20 минуттан кейін, осы жол бойына біртіндеп мина я снаряд тастап тұру екі күннен бері неміске әдет болды, — деді атқосшы.

— Жолды атқыламағанда, жай тоғайды атқылап оны жын ұрып па? Жолаушыны үрейлендіре мазалап, берекесін кетіріп, жол үстіндегі жүрісті қауыпты етемін деген ниет қой олардікі, — деп адъютант түсіндірді.

— Дұрыс айтасын, жігітім, — дегеннен басқа мен тіл қатқаным жоқ...

Бара жатқан қыстағымыз Шишкино орманынан шыға бергенде көрінді. Алысқа ататын зеңбіректің снаряды жететін шеңбердің көлеміндегі барлық қыстақтарға біріндеп оқ тастап, жазалайтын соғыс салты болғандықтан, бұл қыстақ та артиллерияның оқ шабуылына ұшыраған. Біздің алдымызда қыстақ шетіндегі екі үйге зеңбірек оғы дәл түскен білем,

өрттің орны бықсып, қоңырсый түтінденіп жатыр екен. Біріндеп үйді паналап жүгіріп жүрген солдаттардың біреуі бізге қолын сілтеп ишарат берді.

— Көкте самолет көрінбейді ғой, анау не деп қолын былғап тұр? — деді тыныш жүрмейтін Сенченко.

Өрмектің жібіндей жарысқан телефон сымдары тоғысқан үйдің алдына келіп аттан түстік. Іргеде тұрған күзетшіден:

— Генерал осында ма? — деп сұрағанымша ішкі үйден:

— Момышұлы неге кешікті екен? — деген генералдың қарлыққан, таныс даусын есіттім.

— Мен мұндамын, жолдас генерал, — деп жауап қатқанымда, есіктен ақ кірген басын шығара қарап:

— Сізді кешігеді деген кімнің ойында бар, — деп жылы шырай беріп, — оқасы жоқ, оқасы жоқ, келдіңіз, мұнда еніңіз, — деп шақырды.

Терезенің алдындағы үлкен тактай столдың үстінде соғыс жағдайын кестелей сызған карта жайылып жатыр екен. Қол алыса амандасып болған соң, столға жақындап барып, иығын қомдай, екі қолының саусақтарын майыстыра, барлық дене салмағын сала еңкейіп, қабағын шыта, біраз үн-түн жоқ үңіле қарап тұрды да, қара қарындашпен бір — екі жерге батыра белгі соғып:

— Тамағыңыз тоқ па? — деді маған қарап.

— Тоқ. Үйден тамақтанып шықтым, жолдас генерал.

— Әйтседе, күн өте салқын ғой, отырып бір кесе ыстық шай ішіңіз, — көзін картадан

алмай, — ана бұрыштағы орында барлығы да даяр болуы керек. Менің жұмысым әлі бітпепті... Сабыр ете тұрыңыз, — деп картаға үңілген бойымен, өзімен-өзі сөйлескендей: «Я, былай, былай... былай еткен дұрыс болар, я, я, бұл жақтан соға қоймас... Жоқ, соғар ма екен... мына жолды бөгеу керек... жер жағдайы медет те, көмек те болар...» — деп октасанда әр жерге қаламмен белгі соғып, еңкейген бойымен тұр.

Ішімнен, «осы кісі не сөйлеп тұр екен» деп таң қалып, мүйістегі кішкене орындықта тымтырыс шай ұрттап отырмын.

— Шай ішіп болдыңыз ба, жолдас Момышұлы, мұнда, бері келіңіз, ақылдасалық...

Орнымнан тұрып картаға жақындай бергенімде:

— Мен сізге дұрыс ақылшы бола алар ма екенмін, жолдас генерал, — дегеніме еңсесін көтере бұрылып қарап, жылы дауыспен:

— Істеу қолыңыздан келгенде, ақыл айту келмей ме, орындаудан бұрын, алдымен әңгімені аспай-саспай жайбарақат пісіріп алудан ешуақытта бой тартпаңыз. Былай ет, бұйрығымның токетері осы деген сықылды құрғақ жарлықты шалағайлар ғана береді, — тағы да картаға үңіле қарап, күтпеген жерден, — сіздің болжауыңызша, немістер қашан шабуыл жасауы мүмкін? — деп кенеттен сұрақ қойды.

— Кейінгі жағдаймен онша таныс емеспін, жолдас генерал, ойланып, болжап айтпаса, оның ішіне кіріп шыққаным жоқ, — деп, одағай шыққан сөзіме өзім ұялдым. Бірақ айтылған сөз ауыздан шыққан соң, атқан оқ-

тай, қайтар ма! — қызарып, бетім шымырлағанын бір-ақ сездім.

Ешнәрсе есітпегендей:

— Ойлап-болжап дегеніңіз өте дұрыс, командирді шаршататын ойлау мен болжау. Соғыста қай жау сырын ашық айта қойсын! — дегенде бетімнен отым шығып, қайта қызарғанымды сезе қойған қарт генерал, — мына картаның кестесіне қарап жағдаймен танысыңыз, ойлап, болжаңыз, — деп, сұқ қолын сілтей беріп, маған жымыя қарап, — енді шай ішу менің кезегім, — деп барып, орындыққа жайласа отырып, қысқашпен қантты сырт сындырып, шай ұрттауға кірісті.

Қартаға оңнан солға қарай салынған әртүрлі нақысқа қарасам — Строкова, Ченул, Мыканина, Ядрова, Дубосева, тағы бірнеше қыстақтардың батыс жағынан, орманның жиегін тірей қызыл қаламмен сызылған біздің бекініс жолы басқұрдай тоқылып көрсетілген екен. Қарта бойынша он шақты шақырымнан кейін ірі жазулы өзіміздің полктардың санын көріп, барлығының артында — Горюны, Матренина қыстақтары мен 151 нысаналы төбені басып өтетін жол айқастарын қоршап сызған генералдың қаламының ізіне көзім түсіп, ентелей үңіле қарасам: «Момышұлының батальоны» деп жазыпты. «Е, мені осында жұмсағалы шақырған екен ғой» деп жүрегім дір ете қалды. Алдан артқа шығарып қойғысы келгені біраз қытығыма тигендей болды.

Қызыл сызықтың алдында жасыл қаламмен жиектеле сызылып дұшпан қолдарының тұрағы көрсетілген екен, сандарының белгісі есімде жоқ. Бірақ та бізге қарағанда бес —

алты рет мол көрінді. «Бір айдан бері немістің былқ етпей жатқаны, күш жыйнап жатыр екен ғой» деген қортынды ойыма түскендей болды. Генерал онымды сол сәтінде-ақ сезіп қойғандай:

— Дұшпанның күштерімен толық танысыңыз. Кіммен кездесуді білу керек, — деп қасыма келіп, картаны тағы да бір шолып өтті.

— Кестеңізді шолып өткендей болдым, толық танысып, түсіндім деп айта алмаймын. Сіздің картаңыздағы жағдайдың көлемі менің шешімнен зорлау көрінеді, түсіндіріп, көмектесуіңізді сұраймын, генерал жолдас, — деп оңшама үлгіре алмағандығымды мойныма ала жауап қаттым.—Менің жалғыз түсінгенім, мені қайда жұмсағалы тұрғаныңыз ғана.

Кейінгі сөзіме генерал қарқ-қарқ күліп:

— Мен сіз түсінсің деп айтып отырмын. Ал ендеше, тыңдаңыз, — деді генерал. — Дұшпан күшін жыйнап, барлық даярлық қызметін бітірген болуы керек. Жақында шабуыл жасауы күмансіз, бұл айқын мәселе. Менімше, салмағын Волокаламск жолы бойына салып, бір жұлқыңғанда Стра қаласына шықпак, жыйнаған күштеріне қарағанда жалпы бет алысы Москваның батыс қабырғасы болу керек. Оның ойынша, екпінді Москваға жетіп бір-ақ баспақ-ау деймін. Көріп тұрсыз, егер де, біздің алған мағлұматтарымыз дұрыс болса, біздің дивизияға кемінде дұшпанның үш—төрт дивизиясы шабуыл жасайды. Одан кем бола қоймас. Әрине, оның қолында да біз туралы мағлұматтар жоқ емес. Күшіне сеніп, құлашын алысқа сілтеуі де жөнсіз емес. «Алды-артыңа қарамай, даңғыл жолмен Москва-

ға тарт» деген жоғарыдан алған жарлығы бар деген хабар бар. Рас болса, оны бір пайдалануымыз керек. Жол бойындағы жер жағдайын пайдаланып, аз күшпен алдына бөгет болып, айқаса соғысып, уақыт ұтып, жолды қолдан шығармай біраз әурелеп, берік бекініс жасап, табандылық мықты болса, оның көп күшін шығынға ұшыратып, елеулі кедергі бола аламыз. Бірақ та ол үшін әдіс, айла, ептілік керек... — деп тағы сол сыяқты жағдаймен ұқыпты таныстырып, өсиет пікірлер айтты.

— Күтпеген жерден жағдай өзгере қалса, оған қарсы жұмсайтын менің қарамағымда резервім жоқ. Алдағыларды дұшпан қайтсе де күшімен шегіндіреді. Орнынан бір қозғалып, шегінген жауынгерлердің басын қосып, ұйымдастырып, қалпына келтіру оңай емес. Сондықтан сізге манадан бері айтайын дегенім: — жолдың айқасқан түйінін, соқпаларын мықтап ұстап, бермеу керек. Орман, шалшық жерлермен танк, машиналарының жүруі оңай бола қоймас. Қысқасы, сіздің батальон мына үш қысылтаяң жерді осы айдың 20 сына дейін қолдан шығармай, қоршауда қалған күнде, қайткенмен де мықтап ұстап отыру керек, — деп манағы картадағы белгі соққан жерлерін көрсетті.

— Жолдас генерал, рұқсат етіңіз, сегіз километр жерді маған қалай ұстатып тұрмақсыз?

— Құла даланы қорғаңыз деп отырған мен жоқ. Мына төбеге... мына жерге... — деп әр жерді қаламмен түрте-түрте көрсетіп, маған қарап, — қайдағы сегіз километр? — деді.

— Сіз көрсеткен жердің арасындағы мына төрт километр жерде төрт солдаттан болайын деп тұр ғой, оны қалай қорға дейсіз. Ол былай тұрсын, айналдырған аз ротамды сіз көрсеткен шоқыға қойып, олардың ұрыс қыймылын мен қалай басқарып үлгірмекпін, жолдас генерал?

Біраз сабырмен, ойланып тұрып:

— Әр жауынгер, әр командир алдына қойылған міндетін орындай білсе, ол үшін сіз оларға жөнді түсіндіре білсеңіз, басқару деген сол болады. Командир әр солдаттың қажығасына байлана алмайды. Біздің өз басымыздағы тәжірибелерімізге қараңыз: бұдан бұрын төрт қоршауды бұзып шыққанда мен қасыңызда емес едім ғой. Мен басқарып па едім? Тек алдында екеуміз қандай жағдайда, қалай ету мәселелерін толығынан келісіп алмап па едік. Бұдан былай да қасыңызда бола алмаймын. Әдейі сөзді пісіріп алғалы шақырып алып отырмын. Ойыңыздағы күдік нәрселерді именбей ашық айтыңыз, жолдас Момышұлы. Бір-бірімізге сеніп айрылайық.

— Ашық айтатын не қалды дейсіз, генерал жолдас. Сіздің пікіріңіз маған айқын, түсінікті, — деп біраз ойланып тұрып, — неміс 16 күні шабуылын бастаса, алдағылар 17 не дейін шыдап берсе, маған кезек 18 де келеді... 19, 20 сы күні қоршау болып... немісті емін-еркін жібермей кедергі болып... шегінген полктар есін жыйнап, бастары қосылып, тағы бір жерде алдына қарсы тұруына себеп болуға жарар деген жарлығыңызды орындау жағын ойлаудан артық айтарым жоқ, генерал жолдас, — дедім.

— Бәрежелді, тап ойымның үстінен шықтыңыз. Әңгіменің барлық желісі солай. Шабуыл 16 — 17 сінде басталар деп болжаймын.

— Рұқсат етсеңіз, мен жүрейін, генерал жолдас!

Қарт мені есікке дейін шығарып салып, жанаса келіп, қолын иығыма қойып тұрып, біраз қыйналғандай:

— Жолыңыз болсын, жағдай ауыр, сіздің батальонды, көріне катерлі орынға қалдырып отырмын, — деп көзіме тәсіле қарады.

— Түсінем сізге, генерал жолдас, сенгеніңізге сансыз рахмет.

II

Штабым Рождествено қыстағында еді. Қелсем Мұқаметқұл қонақ болып отыр екен. Командирге тиісті бұйрықты беріп, олардың әрқайсысына қайда барарын карта бойынша айтып, көрсетіп болған соң, қасына келдім.

— Ал, Мұқа, жақсы келіпсіз, роталар даярланып жыйналғанша бір сағаттай уақытымыз бар, әңгіме шертіңіз, — дедім мен келгеннен бері үн қатпай, барлық сөздерді тыңдап отырған Исламқұловқа.

— Я, тағы да жолығамыз ба, жолықпаймыз ба, соғыс жағдайы ғой, — деп бастады ол әңгімесін, — бірнеше сабаздар қыршын кетті, олардың ерлігі ел құлағына жетіп те жатқан шығар. Өлім хабары кімге де болса суық хабар ғой. Саған мен бұрын онша түсінбеуші едім. Қаталдығың кей мезгілде жанымды шошытып ренжітуші еді, енді ойлап қарасам, сенің қаталдығыңның игілігін көрген жігіттер-

дің иықтары көтеріңкі. Сендерді генерал тағы бір қысылтаяңға жұмсапты, бұл жерден не өліп шығарсындар, не үлкен, зор абыройлы атақпен шығарсындар. Қарттың жасырмастан ашық айтқандығы, саған сенгендігі ғой. Ол кісінің онысы ерекшелігі. Сендер де ерекшелік істендер. Ерекшелікке ерекшелік болсын.

— Дұрыс, Мұқа, енді жүре әңгімелесейік, сөзің аузыңда, — дедім мен. Барлығымыз үйден бірге шықтық...

III

Екінші ротаның командирі Семен Краев, ұзын бойлы, арық жігіт еді. 151 нысаналы төбенің айналасын аралағалы екі сағаттай болды. Жан-жақты болжап, бақылап, әскер тілінде айтқанда, рекогносцировка жасап болғандай болдық. Күн батып, ымырт жабылардың алды. Екі қара жолдың тоғысы — көпірдің алдында тұрмыз.

— Қысқасын айтқанда былай, Краев, — дедім мен, — дұшпан келсе мына екі жолмен келеді. Басқа айналаның бәрі шалшық екенін көзің көрді ғой. Алдындағы қалың орман оған паналап келуге өте жағдайлы-ақ. Сен орманда соғыспа, айналдырған сексен адамыңмен соқыр орманда жасырынбақ ойнаудың қажеті жоқ. Орманнан шегіне беріп, мына ашықты қорға. Алдынан тосып алып дәлдеп атуға ашық жер ыңғайлы болар, — деймін.

— Жолдас комбат-ау, — ол ағашты паналап тұрып бізді де дәлдеп атады ғой. Сөйтіп

жер жағдайын пайдаланса, ол бізді ұтпай ма?

— Ей, саған мен ашықтан-ашық кеуденді жау оғына тос деп тұрмын ба, тосып ал дегенге неге түсінбейсің. Немісті орманнан 150—200 метрдей шығармастан атып нең бар.

— Онда түсіндім, жолдас комбат, — деді ол жалма-жан.

— Дұрыс, түсінсең. Ол да ақымақ емес, қалбалақтап кел, тосып тұрған оқ торына түсе қалатын, ацқау айуан ол емес. Алдымен разведка жібереді. Оны қайтпексің? — деп тіке сұрадым.

Біраз ойланып тұрып:

— Бәсе, оны қайт дейсіз, жолдас комбат? — деп ол да сұрақ қойды.

— Разведкасын неғұрлым бермен, ашыққа шығарып алып, бір адамын тірі жібермей, мына алдағы ойпаңнан кейін қайтармай қырып сал.

— Кейінгі келетін күшін...

— Жә, жә. Сабыр етіп тыңда алдымен. Артынан келе жатқан күші батальоннан аса қоймас, сенің жатқан мына төмпешігіңді зеңбірек, минометпен біраз иге салады. Жауап қатпай, тырп етпестен жата бер... Жаяу әскері ашық жерге шығып жақындағанда пулеметтің мен мылтықтарыңа сөз беріп, окпен қаусыра күшақтап бір көрерсін... Не болып шығар екен. Алыстан бажылдасып не керегі бар... не де болса жақыннан болсын. Тәуекел!

— Жарайды, күп болады, — деді ол.

— Алдымен ойланып ал. Біздің әңгімеміз құмалақшының сандырағы болып жүрмесін.

Ойлан, Краев, шалағайлық болмасын. «Құп боладымен» ғана жауды жеңген командирді мен әлі көре алмадым. Ойлан. Сендердің еншілеріңе тиген осы жер. Сыбағаға ақылмен не болып, айламен қорған, қорғай біл...

Я, дұрыс айтасыз, жолдас комбат, ойлайын, бірақ та сізден қандай жәрдем болады... егер де күтпеген жерден халіміз нашарлай қалса? — деді Краев.

— Саған шыны керек пе? — деп тіке қарадым.

— Әрине, жолдас комбат, әрине.

— Егер де телефонмен байланысымыз болса мен саған жәрдем бере аламын, — дей бергенімде Краев жалма-жан:

— Болады ғой, бұзылса, тезден түзетіп тұрамыз, — деді.

— Менің жәрдемім... қысылған кезде саған ұрсу.

Мырс етіп күліп жіберіп:

— Одан басқа? Жолдас комбат, одан басқасын айтыңыз?

— Одан басқа түк те бере алмаймын, Семен, түгім де жоқ. Матренино, Горюны халдері нашар болса, сенен отыз — қырық адам алуым мүмкін. О да есінде болсын. Сен айрықша алыстасың. Мұндағы қыймыл жекпе-жек қана. Даңғыл жол бойына қарағанда мұнда онша ауыр бола қоймас.

— Жолдас комбат, өзіңізден бұйрық болмай — мына төбені қолдан шығармаймыз, — деді ол.

— Істерің сәтті болсын, жауынгерлерге түсіндіріп айтқайсын.

IV

Жолда Матренинода бірінші ротаның командирі Филимоновпен жолығып, біраз кідіріп, даңғыл жол бойындағы Горюны қыстағына қасқарайғанда жетіп аттан түстім.

Күн бойы салқын далада болып, үйге еніп біраз жылына бастағанда, суық қарыған бетің мен ернің тырыса ашып, шаршағаныңды бір-ақ сезесің. Көзің кірбиіп, қалғый бастайсың. Бірақ та қызмет жағдайы әр уақытта да сергектікті тілейді. Бастаған істі аяқтамай ойың жай таппайды. Тыныштық безген жерде ұйқының не ақысы болсын.

— Үшінші рота жаңа келіп жетті, лейтенант Танковқа қай жерді қалай қорғауды көрсеттім, — деп баяндады Рахимов.

Мен оған бірінші, екінші роталардың жағдайын толығынан айтып, карта жүзінде көрсетіп, олармен қалай байланыс жасау, тағы басқа нұсқауларды беріп жіберген соң, Жалмұхамбет Бозжановты ертіп далаға шықтым.

Айнала жым-жырт. Қап-қараңғы түн. Жер беті аппақ қар. Айналадағы орман тым-тырыс қалғып тұрғандай. Даңғыл жол енді тоқылған өрмектей тіп-тіке, тұп-тура жалтыр, жосылып жатыр. Қыстақтың аз ғана үйлері жол жағасында күркеше-күркеше болып қарауытып, қағ қатар тізіліп тұр. Тым-тырыс. Лейтенант Танков келді. Үшеуіміз қыстақты екі айналып шықтық. Шаршаған жауынгерлер окоптарына бір құшақ пішен я сабанды әкеліп төсеп, шинельдерінің бір етегін төсеніп, бір етегін жамыла бүрісіп, көбі ұйқтап жатыр екен. Әр бөлімшедегі қарауылда тұрған

жиушыгерлер ғана, аяздан тықыршып өз орындарында тұрғанын көріп, Танковқа ешнәрсе дегенім жоқ.

Жігіттерге демалуға рұқсат етіп едім, жолдас комбат, — деді ол.

— Дұрыс, демалғандары да жөнсіз болмас. Айналаны жарық кезде біраз болжап, қалай бекініс істеуді ойладың ба? — деп сұрадым одан мен.

Танков әр окоптың басында қалай қорғану мәселесін ретімен баяндай бастады. Толық тындадым. Түнде не көріп, не түзетерсің

— Жарайды, таң ата көреміз. Тиісті қызметіңізді істей беріңіз, — деп Танковқа рұқсат беріп, штабқа келдім.

Ұқыпты Рахимов керекті қағаздарды даярлап қойған екен.

— Екінші ротамен байланыс телефон былай қалып, қос атты, қос жаяу хабаршылар дайындап жібердім. Біріншімен байланысты да солай істейміз бе, жоқ әлде, штаб Матренинода бола ма? — деп сұрады менен ағалдыотантым.

— Штаб осында болады. Матренино жер ортасы болғанмен, менімше, осы жағдайда біздің осында болғанымыз дұрыс болар деймін.

— Я, ақсақал, той-тамаша осы даңғыл жол үшін болар, — деп қарап отырмайтын Жалмұхамбет сөзімді бөлді.

— Дұрыс айтасың, сондықтан әлгі екі «Максим» пулеметтері мен зеңбіректерді осында қалдырыңыз, — деп жүре жауап беріп қағаздарды оқып, кейбір жерлерін түзетіп отырғанымда:

— Рұқсат етіңіз, — деп біреу кіріп келді.

Күнгірт шамның жарығынан қонақты онша таныпқырамай, үңіле қарадым.

— Жолдас аға лейтенант, танк қыйратқыштар командасы 25 адам сіздің қарамағыңызға келді. Лейтенант Угрюмов! — деп саңқ-саңқ еткен дауысымен өзін-өзі устав бйыынша таныстырды.

— Отыр, ерім! — деп алдымдағы орындықты көрсетіп, — ал, батырым, баянда! — дедім.

— Әйтеуір сіздің қарамағыңызға жіберді ғой. Танкқа десеңіз танкқа, жаяуға десеңіз жаяуға, қалай да шабуылға баруға жараймыз. — Менің жігіттерім жақсы жауынгерлер, қолынан келгенше аянбасқа тырысады. Оларға менің сенімім мол, жолдас комбат! — деді.

— Өте дұрыс, ерім. Жауынгерлерге сену командирдің басындағы үлкен бақыты, үлкен ырысы. Жауынгерлер командирге сенсе, одан артық сыйлық, аброй болмайды... я, сенім, сенім... Сенім үлкен медет...

— Олар да маған сенеді, жолдас комбат, политруктан сұраңыз, — деп Угрюмов менін ойымды бөлді.

«Я, дұрыс» дегендей мүйісте тұрған акқұба жас жігіт жымыйып, лейтенантқа сүйсіне қарады. Менімен көзі кездесіп жалма-жан қолын шекесіне көтеріп:

— Политрук Сергеев, — деп өзін таныстырды.

— Дұрыс, отыра тұрыңыздар, мен мына қағаздарды көріп шығайын, сонан соң сөйлесейік, — қағазды көрсетіп, — кезек осылардікі еді. Айып етпессіздер! — деп қалай қорғану жоспарын қарай бастадым.

Угрюмов темекі тартуға рұқсат сұрады...

Сәтте, үкпелі көк темекінің ащы түтіні бұрқалай бастады. Қарасам, Угрюмов қалың газетте қыстақпандай ғып ораған шылымын құмарта ұстап үстіне сорып, танауынан түтінді бұрқыратып шығарып, рақаттанып, мұрнының үсті бөрте терлен отырғанына көзім түсті.

Сен баяғы барлаушы емеспісің? — деген сұрағыма:

Бір кезде барлаушы болғаным рас, бірақ та кейіннен мені одан алып тастады, — деді. Рұқсат етсеңіз, әңгімені бастан айтайын, жолдас комбат. Егер де есітпеген болсаңыз, — деп, жайбаракат әңгіме бастады. — Бір жолы барлауға барып едік. Біз барған қыстаққа әлі немістер келмеген екен. Оның аржағындағы екінші қыстақта екенін бір колхозшы айтты.

Біз колхозшының киімін киіп, жыйырма шақты жауынгерді сол қыстақта қалдырып, өзіміз немістер тұрған қыстаққа бардым. Қыстақты аралап жүріп кешігіп қалсам керек, біз тұрған қыстақты немістер, мен қайтқанша басып алып қойыпты. Бөлімшемді таба алмадым. Қайда кеткенін қайдам? Біраз жаңағы қыстақты аралап, бір немістің солдатынан темекі сұрап тарттым дағы, кешке таман өзіміздің штабқа келіп, мән-жайымды, көрген-білгенімді айттым. Командир маған ұрсып, орнымнан алып тастады. Жауынгерлер командирдің қарамағына, оларды жұмсау үшін беріледі, жұмсай білмейсін, деп кейіді.

Үйдегілер біраз күліп алды.

— Жарайды, енді бұдан былай қарамағындағы адамдарды тастап, ондай бейбастақтық істемессің. Жауынгерлерді бір үйге орна-

ластырып, демалындар. Не істейтіндерінді таң ата айтармын, — деп оның әңгімесін доғарып, кетуіне рұқсат бердім.

Зуылдан ысқырып келіп қыстақтың дәл ортасына екі зеңбірек оғы түсіп, бірінің артынан бірі тарс-тарс етіп жарылды. Терезенің шынылары ауа толқынынан сыңғырлап жерге түсіп сынып жатыр. Стол үстіндегі май шырақ селт етіп құлай жаздап, қалтылдай дірілдеп, жарығын жұпылықтата орнында қалды. Сабырлы Рахимов:

— Дыбысына қарағанда жүз бестен кем емес, — деді де, — мен барып орнын көріп келейін, жолдас комбат, шығын бар ма екен, жоқ па екен, — деп, далаға шығып кетті.

— Қап, мына ит терезені қыйратып, үйдің ішін суытып жібергенін қарашы! — деп Жалмұхамбет плащ-палаткамен терезені қымтап, жаба бастады.

Таң атқанша әрбір 10—15 минут арасында неміс екі — үш снарядтан атқылап тұрды. Дұшпанның ондай қалжыңына үйренген жігіттер кез келген жерге орналасып, біреулері демалып, біреулері жұмыс істеп, түннің қалай өткенін білмей қалдық.

Ертеңгі сағат он мезгілінде батыстан күн күркірегендей зеңбіректен атыс басталды. Барлығымыз да далаға шығып, атқылау сарынына құлақ салып тұрмыз. Тыныс алғандай біраз саябырсып, сиректей беріп, айналаны күніренте, қайтадан үдете жөнелді. Әсіресе күшті атыс Ядроводан солға қарай үсті-үстіне үдеуде. Жаудың жыйырмадан аса самолеттері шаншыла шүйіліп, орманға құмалақтаған қойдай майда бомбалар тастап, кей-

де оқ бүркіп атқылап жүр. Олардан жоғары көкте айналған қара құстай, инелік тәрізді бүкір самолет аспаннан жердегіні болжауда.

Салмағын қай жаққа салар екен? — деп қасыма Бозжанов келді. Мен сол жаққа қарай қолымды сілтедім.

Тамаша қызық алда болып жатыр-ау, деп бала мінезінен әлі арылмаған Жалмұхамбет тыпыршып тұр.

— Асықпа, асықпаңыз. Кезек бізге де келер, сонда той-тамашаның анық ішінде боларсың, — деді оған Қабібұлда.

— Алдағылар кешке дейін төтеп берсе жарар еді, біздің кезек ертең азаннан басталса дұрыс-ақ болғаны. Қайткенмен де сақтыққа қорлық жоқ деген, жауынгерлер бүгін дұшпанды қарсы алуға даяр болсын. Барлық ротта командирлеріне солай деп нұсқау беріңіз, — деп Рахимовты штабқа жұмсадым.

— Пулеметтерді қалай пайдаланбақсыз? деді Бозжанов.

— Екеуін де екі жеңіл шанаға тиіп қой. Шапқылап жүріп ататын болсын, — деп қалай істеуін түсіндіріп, оны да іс басына жібердім.

Генерал телефонға шақырды.

— Дұшпан алдымен Қапровқа шабуыл жасады. Екпіні екі рет тойтарылды дейді. Бірақ та қарқыны басылар емес. Енді салмағын Ядровоға салар деймін, дайын болыңыз, деді сабырлы дауыспен қарт. — Я, кеше сіздің қарамағыңызға танк қыйратқыштар командасын жіберіп едік, олар қайда? — деп сұрады.

— Осында, генерал жолдас.

— Оларды тезден Ядровоға жіберіңіз. Елиннің қол астындағылар шамалылау, бір тесікке жамау болуға жарар, — деп бұйырды.

Угрюмовты шақырып алып бұйрықты айттым.

— Жолдас аға лейтенант, сіздің жігіттерімен бірге соғысуға құмар-ақ едік, осы сәті түспей-ақ қойды, — деп күле қоштасты лейтенант.

— Жолдарың болсын, жігіттер, тағы бір кезде жолығармыз,—деп Угрюмовтың жауынгерлерімен қоштастым...

Жүз жыйырма адам алты жүз дұшпанды жеңді дегенге кім сенер. Тек осылай дей салсақ, жағасын ұстап «шырағым, өтірігіңе береке берсінді» естіртіп айтпағанмен, ішінен айтушылар көп-ақ болар. Сондықтан әңгімені, уақыт ерік берсе, басынан бастайық:

Темір жол мен тас жолдың айқасқан жерін «түйін» делік. Біреуімен — біріне-бірі тіркеліп поезд жүреді, біреуімен — машиналар, арбалар жүреді. Россияның қалың орман қаптаған шалшық, саз, жолсыз жерімен машина, ат-арба түгіл, салтатты адамның ұзақ жолға жүруі де мүмкін емес, сол себепті ақыры атты-жаяудың қыймылы жолмен ғана болады.

Соғыс кезінде дұшпанның бос жатқан жабайы шалшық орман ішінде әкесінің ақысы бар ма, — оған да жол керек, басып аламын деп келе жатқан қыстақ, қалалар да тек жол бойында ғана. Қорытып айтқанда, Волоколамск қаласының шығыс жағында егес, тартыс, барлық жағаласып, арпалысып, қан төккен соғыстар ылғый жол үшін, жол бойында

болды деп айтсақ, қателесе қоймаспыз да. Жолды бөгеп, қолдан шығармай, көлденең күсін жатсаң (әрине, күшпен, қару-құралмен), дүшпан үшін жер жағдайсыз-ақ.

41 жылдың ноябрінің 17 жаңасы елдің көбінің есінде болар, жалпы майдан жағдайына тоқтаудың керегі аздықтан, сол күнгі көзбен көрген, көп уақығаның біреуін шала-шарпы болса да жазайын деп отырмын.

Екі жолдың айқасқан жері М. станциясын лейтенант Филимонов басқарған 120 атқыштар үш күннен бері қорғап жатыр.

Жігіттердің беліне қыстырып жүретін кішкене күректерінің тоң жерге «тісі» өтіп, еш болмаса белуардан жерошақ сықылды шұңқыр окоп та қазып ала алмады.

Таңертең он бес самолет келіп М. станциясын бомбалап, атқылап ойран салған. Есімізді жыйнап алғанша, ұшып, күрсілдей жарылып теңбірек, миномет оқтарының түрлі-түрлісі жауа бастады. Тоқтар емес. Ызылдап ұшқан шойын жаңқа бас көтертпейді. Күндізгі сағат 12 ге дейін істеген қылығы атқылау мен бомбалау болды.

— Не көріп тұрсың? — деп сұрадым Филимоновтан.

— Орманның шетінде бес—алты жүздейі жыйналып жатыр. Мына қоймай атып жатқаны шабуыл жасап, жаяу әскерін шығыға ұшыратқысы келмегені ғой.

— Олай болса, шығынсыз алам деген станциясын алсын. Ротаңа бет-бетімен бытырап, «үрейлене» жоғары көпірге қарата қашыңдар деп бұйрық бер, — деп ем, Филимонов таң қалып:

— Не деп тұрсыз, жолдас комбат? — деді.

— Солай, жаңылыс есіттім деп тұрсың ба, солай менің бұйрығым бар! — дедім.

Жүз жыйырма жігіт орындарынан тұра салып, бет-бетімен алды-артына қарамай станцияны тастап жыта жөнелді. Немістер жақтағы орманнан сол сәтінде:

— Һалт, Һалт (тоқтат)! — деген дауыс жаңғырығып қоя берді.

Демнің арасында зеңбіректер, минометтер атуын тоқтатты. Немістер орманнан шығып, төрт-төрттен қатар тұрып, лек-легімен қыстақ пен станцияға кешікпей-ақ кіріп келді. Біздің жігіттер көпірдің астына жыйналды.

«Станцияны қорғап жатқан қызыләскер бес сағат атқылағаннан кейін, қашып кетті, ешқандай қауып жоқ» деп ойлады білем, немістердің командирі келе салысымен-ақ солдаттары елді тонауға үй-үйге таратып жіберді. Кейбіреулері тауықты қуып, кейбіреулері шошқаны қуып, ұстай алмай жүр. Ақыры қыстақтың шет-шетіне карауыл да қойған жоқ. Тап цағашысының үйіне келгендей болып, бейғам жатыр.

30—40 минут өткеннен кейін «қызыл тұмсық болып қызығына батты-ау» деген кезде, көпір астындағы 120 жігітті қырық-қырықтан үшке бөлдім. Әр қырық жігітке Филимонов, Рахимов Кабибулда, Бозжанов Жалмұхамбет бастық болып тағайындалды.

— Ал, жігіттер, біз станциядан 200 — 300 метрдей жерде тұрмыз. Қыстақтың үш жағынан бір мезгілде жүріп бара жатып атқылап, «ура» деп дауысыңның барынша айғайлап,

шабуыл жасап тиіндер. Немістер мына бейгамдығының игілігін жақсылап көріп, сендердің оқ, найзаларыңның дәмін татсын. Барыңдар, жолдарың болсын! — дедім.

Талаудың қызығына батып жатқан дұшпанға үш жақтан бірден тарсылдап жайбарақат атылған мылтықтардың, пәрменіше «ура-лап» айқайлап, жүгіріп, қарсы шабуыл жасап келе жатқан 120 жігіттің ащы дауыстары күннің күркіреуінен, жердің сілкінуінен кем әсер еткен жоқ. Алты жүздей неміс үйден дүркірей үркіп шығып, талаудан алған заттарын құшақтай, кейбіреулері құралын қолына ұстауға мұршасы келмей, бет-бетімен командирінің «һалт» деген ойбайына бой берместен, орманға қарап, жығыла-сүріне, каша жөнелді.

— Я, осылай болу керек! — деппін өзімнен-өзім тұрып.

Орманның шеті қыстақтан бес— алты жүз метрдей еді. Немістердің оққа ұшқандары артында қалып, жаны бары дедектеп безіп барады. Қысқарта айтқанда, ұрыс соңынан жаудың 200 дей өлігін санадық.

Станокті төрт пулемет, екі зеңбірек, жеті радио аппараты, 24 қол пулеметі, екі штаб машиналары барлық документтерімен, тағы басқа олжаларға ие болдық.

V

Москва іргесінде жүріп жатқан қырғын соғыстың кезі. Ноябрьдың 26 сы. Жерге тірсектен жоғары қар түскен. Солтүстіктен соққан қара жел қарып кеп, өңменінен өтеді. Немістің басым күшінің алдына көлденең түсіп,

Москваға қарай жібермей, күніне үш — төрт шабуылын тойтарып, С. қыстағының маңайында соғысып жатқанымызға төртінші күн болғанда, мені күтпеген жерде дивизияның штабына шақырды.

Штаб начальнигі полковник Серебряков мейрімді жүзбен күлімдей қарап:

— Жүріңіз, жолдас аға лейтенант, командирге ертіп барайын, сізді шақырған сол кісі еді, — деді.

Көптен ұйқы көрмеген қарт генерал, қа-
жыңқырап-ақ қалған екен. Менің сәлемімді алып:

— Отырыңыз, — деп орындыққа қарай басын изеді де, темекі тұтатып тартып, біраз ойланып, менің басымнан аяғыма дейін екі рет қарап, бір нәрсені ұмытқан адамша, жуық арада сөз бастай қойған жоқ. Ондай мінезді бұрынғы бірнеше рет жолығуымда генералдан көрген де, сезген де емес едім. Не болған деп таң қалып, мен үн шығармай отыра бердім.

Жұлып алғандай:

— Бүгін түн ортасында Десятидворкада жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастағаныңызға жол болсын. Еш болмаса, он шақтысын тірі ұстап алып келмегеніңіз бе? Одан кейін, ол жерге өзіңе баруға мен рұқсат берген емеспін. Менің қай жер болса, сол жерге жұмсап, шаша беретін командирлерім жоқ. Аброй болып, аман-есен қайтқаныңызға шүкір, бірақ та бұдан былай тәуекелге бас тіге беруіңіз жарамайды, — біраз бөгелді де, сезбей қалыппын, генерал қатал дауыспен: — болған уақыйғаны түгелдей баяндаңызшы, мен тек шет-жағасын ғана естіп едім, — деді.

— Кешке неміс бізге үш рет шабуыл жасады, біздің жігіттер тиісті сыбағасын беріп қойтарды. Жау өршуі басылып, ымырт жабыла шабуылын тоқтатты. Ол туралы уақтылы толығынан айтқам. Кешкі сағат тоғызда бақылаушыларым маған Десятидворканың әр үйіне 20—30 дан немістер даланың суығына шайдай алмай қонуға барды деген хабарды жеткізді.

Батальонды орынбасарыма тапсырып, тіке барсақ сезіп қояр деген оймен, қасыма 10 жігіт ертіп, бір пулемет, бір миномет, бір кішкене зеңбіректі шанаға тиеп, 12 километр оралып, айналма жолға салып, түнгі сағат 2 шамасында немістер жатқан қыстақтың дәл артына шықтық. 500—600 метрдей жақындағанда қару-жарақтарды қыстаққа кезеп, орналасып ұйқтап жатқан немістерді опыр-топыр үйден далаға шығару мақсатымен зеңбіректің болат тесетін он оғын жарқыратып, бірінің артынан бірін тізбектей жібердік.

Күтпеген жерден шүйдеден соққан қандай жаман, кешікпей-ақ немістер орындарынан қарғып тұрып, у-шу болып көшеге шыға келгенде, кезеп қойған пулеметке сөз беріп, 500 оқ шығардық. Оның үстіне миномет 70 минаны немістерге «сәлемдемеге» жіберді...

Біз келген жолымызбен қайта сызып тұрдық.

Батальонға келе салып 20 шақты автоматчиктер жіберіп едім, олар барып 120 немістің өлігін санап, документтерін алып келді. Оны полктың штабына тапсырдық... Бұл істі басқаруға қарамағымдағы командирдің біреуін жіберуге, көңілдегідей істей алар ма екен де-

ген қауыппен батылым бармай, өзім бардым.

Менің бар жазығым осы, генерал жолдас, — деп қысқаша айтып бердім.

Кейінгі сөзіме күліп:

— Я, жазықсыз, жолдас аға лейтенант, — деп, — дұрыс, дұрыс, сәті түскен жұмыс болып, түнде жолыңыз болған екен. Сіздің мұныңыздан көп пайда тауып отырмыз: біріншіден — немістердің саны 120 болса да кеміді. Екінші — маңдайдан тимей, шүйдеден тигеннен соң, немістер артымызда дұшпан жүр екен деп, үрейленіп, көп ойға қалып, тыныш ұйқтамай, желкесін қорғауға күшін бөліп әуреленеді. О да бізге үлкен олжаның бірі, — деп қорытты қарт генерал...

— Генерал жолдас, қол қоюыңызға даяр, — деп Серебряков бір жапырақ қағазды ұсынды. Генерал орнынан тұрып, еңкейіп оқып, қол қойды да, маған қарап:

— Соғыста батальонмен жыйырма рет соғыс өткіздің, бес рет дұшпанның қоршауынан қақ жарып алып шықтың. Қырғын соғыста сан рет сыннан өттің, жас болсаң да, әскери атағың кіші болса да, сеніп, жоғарылатып, жаңа орынға тағайындап отырмыз. Барлық жауынгердің ішінде полкті басқарып, командир болған жалғыз сен-ақ деп айта алмаймын, бірақ та біздің армияда сенен басқа полк командирі — аға лейтенант жоқ. Құтты болсын, ақылға сәліп, абыройлы іс істейді деп сенемін, — деп қағазды маған ұсынып, қолымды алып, алғыспен аттандырып жатып, — жолың болсын, сен полк командирі болдың. Ол — полктің ақылы, мыйы, басы. Өз ұлтыңның «білек

бірді, ақыл мынды жығады» деген мақалы әруақытта есінде болсын, — деп қайталады әскери ақсақал.

Арада он шақты ұрыс өтті. Россияның қал-шылдаған қысы қылышын ұстап, қаһарына мінген кез еді. Аяз бетті қарып, түкірген түкірікті жерге түсірер емес. «Мың қабат торқаңнан тоқтышағымның терісі артық» дегендей, бізді суықтан сақтайтын тоқтышақтың терісі — шолақ тон, содан тіккен қолғап, аяғымызда нима, оның үстіне, өз қызуы бойына жеткендей, жалынды соғыс.

Бұдан үш күн бұрын алты сағат, бұрнағы күні 12 сағат, кеше 18 сағат дамылсыз, босағаны күйрете келе жатқан жаумен табан тірескен соғыс болды. Кейінгісінде маған оқ тиіп, жарақаттанып, команда пунктіңде жатырмын. Батальондардың байланысын телефон арқылы ғана естимін, болып жатқанды көзбен көруге дәрмен жоқ. Соғыс саябыр тауып тынар емес. Хабар онша қуанышты да емес, екі жақтан да шығын мол.

Бұдан екі апта бұрын: өз батальонымды, от пен суды бірге кешіп, майданның бірнеше қиын-қыстау өткелін бірге өткен ерлерімді кімге тапсырамын деп, көп ойлап, толғанып, есімді адам іздеп, ақыры кіші лейтенант Мұқаметқұл Сламқұловқа тоқтағанмын да, соны бірінші батальонның командирі етіп тағайындағанмын. Басқалары бұрынғыдай әрқайсысы өз орнында...

Мұқаметқұл соғыстан бұрын Қазақстанда газет қызметкері болып істеген. Орта бойлы, кең маңдайлы, жайнаған дөңгелек мөлдір көзді, сымбатты, келбетті жігіт еді.

«Түсі игіден түңілме» дегендей, табанды, сабырлы, ісін ақылға салып, түбін ойлап істейді, жүректі командирлеріміздің бірі еді.

Немістер барлық күшін жыйнап, таң ата 35 самолетімен бізді бес рет бомбалады. Барлық зеңбірек, минометтері күні бойы оғын біздің үстімізге жаудырып, айналамыздағы жерді қопарып жатыр. Түске дейінгі төрт шабуылын біздің жігіттер тойтарды. Шабуыл үсті-үстіне өршіп, тынар емес. Москваның босағасына жақын жердегі соғыстың қызған күнінің бірі.

Біз Қ. станциясын бермейміз деп, Москваның қақпасына тіке алып баратын темір жол мен кара жолдың түйіскен жерінде дұшпан алдында көлденең бөгет болып, аз да болсақ дұшпанның көп күшін алға бастырмай, табан тіресіп, жауға қарсылық көрсетіп жатырмыз.

Жау «қайтсең де аламын, күйретемін де, қыйратып басып өтемін» деп күштің үстіне күш салып жатыр — ешқандай шығынмен санасар емес.

Егер де бұл жерден шегіншектеп қозғалсақ, жолда соғысуға ыңғайлы жер жоқ. Москваның тап босағасына барып бір-ақ тоқтамақпыз, — ендеше «дұшпанды өкшелете артымыздан ертіп, Москваға не бетімізбен барамыз? Жігіттер, өлексемізді Москваға сүйреткенше, сүйегіміз осы жерде қалсын! Не болса да, осы жерде болсын. Бір адым кейін шегінуге жол жоқ!» — деп жарлық еткен болатыным.

Өзім жарақаттансам да, емделуге кетпей жатқанымның себебі сол еді.

Жарты сағаттан кейін Мұқаметқұл барлық жағдайды толығынан баяндады. Дұшпан оң, сол жақтағы көршілерімізді шегіндіре-шегіндіре түріп тастап, барлық салмағын біздің міндайша мен босағамызға салғанын айтты.

— Дұрыс, бір жан да шегінетін болма-сын, — дегеннен басқа ешнәрсе айтпастан, қарамағымыздағы зеңбіректердің оғын Мұқаң білеген жаққа жаудыру әрекетін істедім. Тағы да оңға таман... Солға таман... Қак орғасынан түсті, беті қайтты, оң жақтағыларының... беліміз бір көтеріліп қалды ғой...» деген сыяқты хабарлар Мұқаметқұлдан келіп жатты.

Түс қайтып, бесін кезінде дұшпан қатты бомбалап, тағы да бізді тықсыра бастады.

— Жан-жақтан құмырысқаша өріп, қап-тан келеді. Оларға қарсы тұратын дәрмен біз-де қалмады, — деді Мұқаметқұл.

— «Қоянды камыс, ерді намыс өлтіреді» деген мақалды білуші ме едің?..

— Я, білем, — деді.

— Білсең менің әмірім сол, — деп теле-фонды тастай салдым.

Бес минут өтпей телефон шылдыр ете қалды.

— Бәуке, Бәукеш, — деген Мұқаметқұл-ның даусы естілді.

— Мен, мен, не демексін? — дедім.

— Тұрдым, тұрдым не болса да! Айтайын дегенім осы еді.

— Жақсы, жолың болсын. Зеңбіректерді кайда жұмсайын, айтып тұр. Дұшпанның то-бына сілте. Бір жүз, екі жүзін өздерің пуле-метпен, мылтықпен-ақ үлгеріңдер.

Сөздің қысқасы, біздің полк сол күні дұшпанның тағы да бірнеше шабуылын тойтарып, табандылық көрсетіп, немістерді қырғынға ұшыратып, кеш бата қарсы шабуыл жасап, біраз уақыттан кейін Мұқаметқұлдың батальоны бір қыш заводынан немістерді қуып шығып, басып алды. Кейіннен тексеріп қарасақ: борандай борап тұрған оқ, зеңбіректердің жарылған оқтарының ішінде екінші, үшінші батальон командирлері адасып, адамдарын таба алмай қалған екен. Ол батальондардың жігіттері орнынан қозғалмай күнімен соғысқа қатысып отырғандары айқындалады.

Сондай қыйыншылық жағдайда, дұшпанның карақұрымдай қаптаған күшінен қобалжыған кезде, қуат та, медет те, себеп те: сол балапанын қорыған қырандай қарт генералдың жаныған пышақтай жүзімізді шығара отырып, ар, намыстың ардақты қасиеті мен жауынгерге берген отан сүйгіш тәрбиесі еді.

ГРИЦЬКОНЫҢ САРАТЫ

1941 жылы 22 ноябрьде өзімнің батальоныммен артта қалып, дұшпан қоршауынан шығып келеміз. Төрт күн ұдайы соғысып, орман аралай шығысқа қарай жүріп отырдық. Жарақаттанғандарымызды қалдырмай, кезек-кезек көтеріп арқалап алып келеміз.

Неміс біздің жүрер жолымызды кесіп, бөгеп тастады. Жолмен ұзыннан-ұзақ сап түзеген жау әскері лек-легімен өтіп жатты. Жолдан айқассыз өту мүмкін емес сыяқтанды.

Мен көп толғанып: «Мейлі, аштық аранын аша берсін. Оны ойлап, еш тағдыр шешілмейді. Жаңы бар жалғыз адам қалғанша жаудың жағасын паршалап, бората оқ жаудырып, қырғын ұрыспен жанталаса, жау өліктерін сантай, үстінен өтуіміз керек» деген тұжырымды ойға келдім. Ондай қыйыншылық жағдайда, тәуекелге бел байламай, көзің бақырайып бұтаның түбінде жатып абыройға да, өмірге де ие бола алмайтындығың айдан айқын. Жаң қысылғанда, бірдің мыңға шапқаны айып емес.

Майор бастаған немістің бір лек әскері келе жатты. Оның артында бес жүз метрдей жерде тағы бір легі келеді. Бірінші лек үлкен қара жолдың жиегінде жатқан бізбен қатарласа бергенде:

— Атындар! — деп команда бердім. •

Біздің жүз мылтықтың бірден көздеп атқан оқтары топқа дәл тиіп, немістердің легі оққа ұшып, лезде шалғымен шапқан пішендей жапырыла жығылып, топалаң тигендей, көбін сілейтті.

— Алға! — деп ақырып, ең алдымен өзім жүгірдім. Батальон да соңымнан шапшаң ере ұмтылды. Қара жолдың үстінде қыйрап жатқан өліктердің арасында тұрып, артыма жалт қарап айқайлап: «өлгендердің документі алысын» деп бұйрық беріп, өзім өлген майордың үстіне төніп қарасам, бір ғажап нәрсе, майордың кемзалының түймесі ағытулы қалыпты. Қалтасын көзді ашып-жұмғанша кім қарады екен?

Өзіміздің жаралыларымыз бен қаза бол-

ғандарымызды аркалай, асығыс орманға тез сүңгіп кіріп кеттік...

Тағы да екі күн ұдайы соғысып жүрдік, оларды жазбай-ақ қояйын...

Көрші полктің майоры кездесіп: дивизия штабындағылардың барлығы батальонның жауынгерлік ісіне аса риза бола отырып, бізді бүтіндей жойылып кетті деп санап, үзген үмітін және біздің дивизияның гвардиялық атақ алып, Қызыл Ту орденімен наградталғанын айтты.

Үш түрлі қуаныш қабаттала ұштасты. Дивизияның штабына дейін әлі де 15 шақырым жер жүру керек екенін әлгі майордан сұрап білдім. Бес күн ұдайы ашығудың салдарынан жігіттер өте қатты қалжыраған, ол сырды өз басымнан кешіргендіктен, маған жақсы мәлім. Қалай да батальонның көңілін көтеру керек болды. 35 градус суықта тоғай ішінде тұрып үлкен ірі мәжілістегідей сөз сөйледім. Алдымен генерал Панфиловтың атынан (ол өлген еді, бірақ жауынгерлерге бұл қайғылы хабарды есіттіргенім жоқ) батальонның жауынгерлік бұйрықты бұлжытпай, кезінде орындағандығын, дұшпанның қамауын қақ жарып қоршаудан аман-есен шығып, өз жерімізге жеткендігімізді айта келіп, жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталып, абыройға ие болған қуанышты хабарды жариялап, сөзімді былай деп аяқтадым:

— Дивизияда бізді түгел жойылып кетті деп санайды екен, штаб осыдан 15 шақырым жерде тұр дейді, жүріндер, ерлер, штабты қуанталық.

— Я, жолдас комбат, тірі екенімізді білді-

рейік, бастаныз бізді,— деп жауынгерлер бір-бірінен шу ете қалды. Жарқын дауыс және жылы ұшыраған түстерінен мен жауынгерлерімнің қуанышты бейнесін жүрегіммен рақаттана сезіп, солармен бірге өзім де шаттана көңілдендім...

Қатты қалжырау, аранын ашқан аштық кәйіде кеткені белгісіз,— біз дәл сол кезде бәрін ұмытып, ешбір қыйыншылық көрмеген жандай, қуанышты хабарлар белге тірек, куат болып өте көңілдіміз.

Қатардан орта бойлы, көк көзді жауынгер украин жігіті Грицько қолын көтеріп, имене, именен сөз сөйлеуге рұқсат сұрады:

— Ал, бері кел, сөйле, Грицько, не айтпак болдасың? — дедім мен.

Грицько біраз қысылып, сасқалақтағандай болып ортаға шығып, әрбір сөзіне бөгеліп, бірақ шын көңілімен, ақниетімен әдемі толғанып, сөйлей бастады. Ол біз жарып шыққан бес қоршаудағы бастан кешкендерімізді, үш рет қырғын соғысқа қатынасқандығымызды елден еске түсіре сөйлеп, мен туралы да бірнеше сыпайы мақтау сөздер айтып, мені украинша «Батько» деп атап, сөзін былай деп білдірді:

Мінеки, сіз біздің Батькомызсыз, мына сәтат, сіздің «Атындар» деген командаңыз бейпішіңіз біз атып өлтірген неміс майорының елдігасынан документімен бірге шықты. Саптың сыртындағы «Нина» деген орыс кызының аты мен Пенза заводының маркасы көзіме ұшпай ұшырап кетті, тастауға қыймадым.

Саптағы жауынгерлердің көздерінде Грицькоға риза болып, мақұлдаған қуанышты сезім

күлімсірей жайнады. Москва іргесіндегі қалың орман ішінде, біз, сондай қуанышты сезімге бөлендік.

Грицьконың бергендерін алып:

— Бірінші ротаның командирі, Грицько жолдас қалай соғысты? — деп сұрадым.

— Жақсы, жолдас комбат, ерлікпен, жақсы соғысты, рахмет азаматқа! — деді аға лейтенант Ефим Филимонов. Мен Грицькоға:

— Олай болса, Грицько бауырым, документті мен алайын, сағатты өзің қайтып ал, бұл біздің батальонның бес қоршауы, 27 ұрысы және осы мәжіліс туралы саған ескерткіш болсын... Сенің маған еткен сыйлығың — ерлікпен жақсы соғысқаның, ер жігіттігің үшін ата-анаңа, ел-жұртыңа рахмет, енді мына сағатты былай тағып жүр, — деп мен оның қолына сағатты тағып, — фашистерді елімізден мүлдем қуып жіберіп, соғыс біткенде, аманшылық болып, жеңіспен мұратқа жеткенде, өзіңнің сүйген қызыңа тарту ет. Өзіндей отандас жас құрбысының сағатын өмір бойына тағып жүрсің, аты кім еді сүйген қызыңның?

— Менде қыз, қалыңдығым жоқ, — деді. —

Грицько.

— Ой жолың болғыр, не деп тұрсың? Егер жоқ болса, ондай қызды табуға міндеттісің, мөлдіреген бота көз сұлу үшін, — өсіп-өнген өмір үшін болмаса, қалайша, кім үшін соғыспақшымыз? Әйелсіз адам баласы күн көре алушы ма еді, не айтып тұрсың, өзін ойлашы, — дедім. Жауынгерлер күлді, олармен бірге Грицько да күлді. — Әйелсіз адамның тұқымы ешуақытта да өсіп, өнуге бол-

майды. Әйел—бізге ана, бізге жар, бізге жолдас, біздің сүйікті балаларымыздың анасы. Ал ұрыста олардың бірқатары біздің жауынгер жолдастарымыз да болып жүр. Қой, шырағым Грицько, замандас кұрбыларыңды ұрыста жүріп, тіпті ұмытуға болмайды. Жә, болды, бар, сағатты тағып жүр осылай, соғыста жүріп ғашығыңды есіңнен шығарушы болма, соғыстан кейін керек болып жүрер...

1941 жылы 7 декабрь күні (ол кезде полк командирі болатынмын) полк алдыңғы күні 18 сағат үздіксіз ұрысқа қатысып еді. Мен командалық пунктте жаралы күйімде жатыр едім, маған дәрігерлердің біреуі келіп:

— Жолдас аға лейтенант, ауыр жаралы болған жауынгер Грицько сізге жолығуды қатты талап етеді, — деді. — Батьконы көрмей өлгім келмейді, деп жатыр.

Дәрігердің тыйым салуына қарамастан, мен дәрігерлік жәрдем пунктына бардым. Грицько қарнынан ауыр жаралы болып жатыр екен. Мені тапып, қатты қыйналып, күшін жыйнап, сөйлей бастады:

— Батько, сіз келдіңіз ғой, менің сізде аз ғана жұмысым бар еді...

Мен оның басын сүйей беріп:

— Не айтпақшы едің, сөйле, Грицько, сөйле, ер жігітім.

Ол сол қолындағы сағатты шешіп алды да:

— Менің Нинашымды бәрібір сіз таба алмайсыз, — деді ол, — немістердің қолында, мына сағатты, Батько, өзіңіз алыңыз да, өз ұлтыңыздың Нина атты бір өте ақылды қызына сыйлық етіңіз. Мен соғыста қысылтаяң жағдайда сізді, сіздің халқыңызды жанымдай,

күлімсірей жайнады. Москва іргесіндегі қалың орман ішінде, біз, сондай қуанышты сезімге бөлендік.

Грицьконың бергендерін алып:

— Бірінші ротаның командирі, Грицько жолдас қалай соғысты? — деп сұрадым.

— Жақсы, жолдас комбат, ерлікпен, жақсы соғысты, рахмет азаматқа! — деді аға лейтенант Ефим Филимонов. Мен Грицькоға:

— Олай болса, Грицько бауырым, документті мен алайын, сағатты өзің қайтып ал, бұл біздің батальонның бес қоршауы, 27 ұрысы және осы мәжіліс туралы саған ескерткіш болсын... Сенің маған еткен сыйлығың — ерлікпен жақсы соғысқаның, ер жігіттігің үшін ата-анаңа, ел-жұртыңа рахмет, енді мына сағатты былай тағып жүр, — деп мен оның қолына сағатты тағып, — фашистерді елімізден мүлдем қуып жіберіп, соғыс біткенде, аманшылық болып, жеңіспен мұратқа жеткенде, өзіңнің сүйген қызыңа тарту ет. Өзіндей отандас жас құрбысының сағатын өмір бойына тағып жүрсін, аты кім еді сүйген қызыңның?

— Менде қыз, қалыңдығым жоқ, — деді. — Грицько.

— Ой жолың болғыр, не деп тұрсың? Егер жоқ болса, ондай қызды табуға міндеттісің, мөлдіреген бота көз сұлу үшін, — өсіп-өнген өмір үшін болмаса, қалайша, кім үшін соғыспақшымыз? Әйелсіз адам баласы күн көре алушы ма еді, не айтып тұрсың, өзің ойлашы, — дедім. Жауынгерлер күлді, олармен бірге Грицько да күлді. — Әйелсіз адамның тұқымы ешуақытта да өсіп, өнуге бол-

майды. Әйел—бізге ана, бізге жар, бізге жолдас, біздің сүйікті балаларымыздың анасы. Ал ұрыста олардың бірқатары біздің жауынгер жолдастарымыз да болып жүр. Қой, шырағым Грицько, замандас құрбыларыңды ұрыста жүріп, тіпті ұмытуға болмайды. Жә, болды, бар, сағатты тағып жүр осылай, соғыста жүріп ғашығыңды есіңнен шығарушы болма, соғыстан кейін керек болып жүрер...

1941 жылы 7 декабрь күні (ол кезде полк командирі болатынмын) полк алдыңғы күні 18 сағат үздіксіз ұрысқа қатысып еді. Мен командалық пунктте жаралы күйімде жатыр едім, маған дәрігерлердің біреуі келіп:

— Жолдас аға лейтенант, ауыр жаралы болған жауынгер Грицько сізге жолығуды қатты талап етеді, — деді. — Батьконы көрмей өлгім келмейді, деп жатыр.

Дәрігердің тыйым салуына қарамастан, мен дәрігерлік жәрдем пунктына бардым. Грицько қарнынан ауыр жаралы болып жатыр екен. Мені танып, қатты қыйналып, күшін жыйнап, сөйлей бастады:

— Батько, сіз келдіңіз ғой, менің сізде аз ғана жұмысым бар еді...

Мен оның басын сүйей беріп:

— Не айтпақшы едің, сөйле, Грицько, сөйле, ер жігітім.

Ол сол қолындағы сағатты шешіп алды да:

— Менің Нинашымды бәрібір сіз таба алмайсыз, — деді ол, — немістердің қолында, мына сағатты, Батько, өзіңіз алыңыз да, өз ұлтыңыздың Нана атты бір өте ақылды қызына сыйлық етіңіз. Мен соғыста қысылтаяң жағдайда сізді, сіздің халқыңызды жанымдай,

туысымдай жақсы көрдім. Ризамын сіздерге. Сол қызға: — Бұл украин жігіті Грицьконың сыйлығы — деп айтыңыз, мен енді... бұл дүние-лік емеспін...

Грицько сөзін аяқтамай қайтыс болды...

Сол жерде тұрғандардың бәрі де егіле жылады.

Грицьконың сағатын үш майданда бораған оқ, соғыс жалынында, 60—70 ұрысты бастан кешкен күндерде арымдай сақтап, алып жүрдім...

Қазақтың Нина атты ақылды қызын іздедім. Менімен хабарласып тұратын таныстарымнан Нина атты қазақ қызы табылмады. Қыстың бір күні кең мағналы, көңілді жазылған хаттар алдым. Бір хаттың аяғына әдемілеп «Н» әрпің ірі жазып қол қойған екен. Мен соның шын толық атының орнына «Нина» деген есімді оқығандай болдым. Мен жертөле үйде жүрегім жарыла қуанып: «Табылды, таптым, Грицьконың Нинасы табылды!» — деп айқайлап жіберіппін.

Біраз күн өткеннен кейін, Алматыға жүріп бара жатқан Құрманбек деген жігіттен Грицьконың сағатын Н...ға жібердім. Осыдан соң Грицьконың қан майданның қатерлі күнінде тапсырған аманатын орындадым ғой деп, жаным жай тауып, жүрегім саялағандай болды.

КӨК ТӨМШЕНІК

29 сентябрь. Таңертең түнерген қара бұлт шығыстан соққан қатты дауылдан ығысып, батысқа қарай будақ-будақ көшіп барады.

Андан соң жел біраз саябырлады да, нөсер күйіп қоя берді. Жер бетін сел басып, сайлар өзенге айналды.

Далада жаңбыр бір рет жауса, орманда екі рет жауады. Тамшы сорғалап жауынгерлердің мойнына құйылады. Бірақ оны елеместен, дұшпан бағытынан көз алмай, мылтығын серт ұстап жауынгер тұр.

— Қалай, батырым, жауын өтіп кеткен жоқ па?

— Қайтер дейсіз, үйреншікті нәрсе ғой, бізден өткен жауын немістің тыйтығына жеткен болар, — деді ол.

— Оның дұрыс, — деп алға кетіп бара жатыр едім, ол:

— Тоқтаңыз... — деді де серт ұстап тұрған мылтығын кезеп бір рет атып жіберді. Маған «жат» дегендей ишарат білдірді.

Содан соң: — Тағы біреуі бар болатын, абайлаңыз, — деді.

Ол алдымыздағы көк төмпешікті нысанаға алып тағы да атты. Көріп жатырмын — төмпешік екі рет аунап түсті. Оққа ұшқан жаудың документін алып келді. Екі сағат бойы аңдысқандарын айтты. Мен бетіне тесіле қарап, оған темекі бердім. Ол темекіні алды да, бұрынғысынша қасқайып, орнына барып тұрды.

Мен оның жүзінен қырағы, сергек, әрі мерген, ержүрек қазақ жігітінің кейпін көрдім. Оның Отан алдындағы борышын тапжылмай орындайтындығы, ол үшін суыққа тоңып, ыстыққа күйге әзір екендігі айқын сезіліп тұрды.

ӨЛТІР ЖАУДЫ

I

Ноябрьдің жыйырма тоғызы. Азанда блиндаждан шығып, ауа райына қарасам, жапа-лақтап қар жауып тұр екен. Айналадағы қалың орман ағаштарының бұтақ, жапырақтары ақ матадай үлбіреген, көпірген ақ көбік пен аппақ түбітке оранып сәнденіп тұрғандай көзге өте сүйкімді көрінді.

Соғыс кезінде тыныштық қайдан болсын. Зеңбірек дамылсыз гүрсілдеп, пулеметтер тырсылдап атылып, жер-дүниені жаңғыртып, әр әуенге салудың соңында. Адамды ажал, ажалды адам андыған сағат. Күзетшілер онша қашықта емес еді. Қармен ысқылап беті-қолымды қызарта жуып бола бергенімде, оң жақтағы бір қол пулеметі сайдың бергі бетінде сары тышқанша сақ-сақ ете қалды да, тыныс ала беріп бір табақты демалмай дарылдата шығарып, үні өше қалды.

Әлдене болып қалды екен? — деп қасыма адъютантымды ертіп, есіктен шығып бара жатқанымда, алдымнан сәлемдесіп, штаб начальнигі Луганский шыға келді.

— Алға бара жатырсыз ба? Біраз қағаздарды баяндайын деп едім, — деді.

— Анау пулемет кімді атып жатыр екен, Иван Данилич? — дедім мен.

— Тұрқара мерген бір жауынгерді пулеметке үйретемін деп кетіп еді, әлде сол болар, — деді ол.

— Оның командирі қайда? Оған не жоқ?

— Командирі орнында, бірақ Тұрқара өнерімді осыған үйретіп адам қылып шығарамын

деп, әлі пісіп қатпаған бір жас жауынгерді мерген етуге талаптанып, командирінен өз тәжірибесін үйретуге рұқсат алған болу керек. (Ол тісқакқан кәрі солдат қой, мен талабына кедергі болмайын деп ешнәрсе дегенім жоқ еді, — деді ол.

— Жарайды, бір сағаттан кейін баяндарсыз, дегенмен, барып көрейін, ұстазы мен шәкірті не істеп жатыр екен, — деп орман арасымен қарға малтыға жүріп кеттім.

Біз штабтан сәл ұзаған соң, дәл қасымызға келіп бір ауыр мина гүрс ете түсті, біз жалма-жан етпетімізден құлап, қалың қарға сүңгіп кеттік. Басымды көтеріп қарасам, арт жағымда алты канат үйдің орнындай жер ойылып қап-қара болып қалыпты. Жуандығына құшақ жетпестей екі қайың түбімен қопарылып, тамырлары сораыып жатыр.

— Ей, адъютант, тірімісің? Тұр орныңнан, неғып жатырсың? — десем, ешкім дыбыс бермейді. Әлде мина дәл тиіп, байғұстың бытшытын шығарған болар ма? — деген оймен жан-жақты іздеп қарасам, қарға тамған қанның ізі көрінбейді. Әлде мұны жер жұтқан болды ма, не өзі, не қаны көрінбейді деп, аңтаң қалып тұрғанымда, жер астынан шыққандай:

— Жолдас гвардия подполковнигі, өзіңіз амансыз ба? — деген Сенченконың қар астынан даусы шығады.

— Я, шүкір, аманмын, сен өзің қайдасың?

— Мен қар астындамын, ағаш басып қалды, тұрғызар емес, — деп ол қарқ-қарқ күледі.

— Мәссаған безгелдек, сені тірідей көміпті

ғой, көп сөзді қойып, тез кел бері, — дедім.

— Құдай ақы рас, тұра алмай жатырмын, — дейді ол.

Қасына барып, ағашты иығыммен итеріп қозғалтып, оны «тұтқыннан» босатып алдым.

Біраздан соң артыма жалт қарасам, Сенченконың сол қолынан қара қан тамшылап келеді.

— Жігітім-ау, сен жаралысың ғой. Қане, бері жақындашы.

Ол маған таңдана қарап:

— Жоқ, жараланғаннан аманмын, — дейді.

— Жараланбасаң мына қан аспаннан жауып тұр ма? Көтер қолыңды.

Ол қолына аңырая қарап:

— Болмашы ғана екен ғой... тек бас бармағым мен сұқ қолымның арасын минаның майда жаңқасы алып кетіпті, — деді.

Мен қалтамдағы ақ шүберекпен оның қолын орап, жарасын таңдым да:

— Ал, сен тез дәрігерге жет, мен жалғыз-ақ барып қайтайын, — дедім.

— Ол не дегеніңіз, онша ауыр жара көрінбейді ғой, — қолына қарап, — осыған бола сізді жалғыз жібермекпін бе? Ештеңе ете қоймас, қасыңызда болуға рұқсат етіңіз, — деп мүлтіксіз, қазақ тілімен сөйледі.

...Терең окопқа жақындап келе бергенде Тұрқара алдымыздап қарсы шығып, ынталанып қолын шекесіне нұсқай беріп:

— Жолдас гвардия подполковнигі біз немістерді атып жатырмыз, — деп баяндап тұрғанда:

— Дұрыс, дұрыс, түсіндім, — деп күліп, істеп жатқан шаруасын сұрадым.

Қасындағы жас жауынгер қырғыз жігітін нұсқап:

— Мына жігіт жақында біздің ротаға нұыстырылған еді. Ол әлі пулеметтен жөнді ита алмайтын болған соң, біраз жаттығуға шықтық. Таң атқаннан бері осы жердеміз. Жаңағы бір әзірде ақ киім киген жыйырма шақты немістер мына саймен өрлеп келе жатқандарын көрдік. Алдымен екі рет қысқа нысанаға алдырып, ата алмай бес — алтауын қашырып алдық,—деп Тұрқара кіналы адамша мұңая сөйледі де, —13 иттің өлімтігі анау жатыр, — деп қолымен нұсқап көрсетті. Қарап тұрмайтын Сенченко жауынгердің арқасын қағып:

— Бәрекелді, рахмет, ерім! Өзің немістерді топалаң тигендей-ақ еткен екенсің, — деді.

Ол ұялған пішінмен төмен қарады.

— Ей, бала, бірден 13 немісті қырып тастағаның ұят емес пе, — деп қалжындап мен де күлдім.

Тұрқара шәкіртіне тесіле қарап:

— Жоқ, жауды көріп тұрып өлтірмегеніміз ұят, бізге намыс, жігіттігімізге мін, — деді.

— Дұрыс айтасың, ерім өте дұрыс, ел дұшпаны — ер дұшпаны, жауды аяған жаралы қалады деген бар емес пе. Олай болса дұшпаныңды аяу елге де, өзіннің карабасыңа да қастық істегенмен бір. Ердің ерлігі — қас жауды мейрімсіз құртуыңда! — дедім.

Қайтып келе жатып бір томардың үстінде отырып, демалып, темекі тарттық. Қырғыз жігітінің аты-жөнін сұрадым.

— Шу бойындағы Ленин атындағы кол-

хоздағы Ыбыралының кіші баласы Өмірәлі-мін, — дегеннен басқа ешнәрсе айтқан жоқ.

Аты-жөні кейін толығырақ айтылатын Құрманбек дейтін бір жас командиріміз бар еді. Ақындықтан емес, жауынгерліктен шығарған соның бір өлеңін осы Тұрқара жаттап алғанын білетінмін. Еркіне қоймай, Тұрқараға соны айтқызыдым. Тұрқара мүдірместен айтып берді:

— Атаң арнап салдырған
Үйінді қымбат санасаң,
Бала бөбек, балдырған —
Гүлінді қымбат санасаң,
Шөбі шалғын жерінді,
Суы шарбат көлінді
Елерген жау есіріп,
Арамдасын демесең,
Үзеңгіңді тілгілеп
Бесігіңді күл қылып,
Ата қоныс жұртыңды
Өртке салсын демесең,
Ендеше өлтір жауыңды,
Қара жер жұтып жалмасын.
Пәле тілеп басына,
Келеді өзіне обалы,
Аяма, күйсін ордасы,
«Жауды аяған — жаралы».



Қауыпты 1942 жыл...

Біз жорықтамыз...

Россияның қатты қысы. Қар қалың-ақ, құйындата айдап, тозаңдата түтеп тұр. Аспан-ның әлек-шәлегі шығып, айналаның құтырып тұрғанына үш күн болды.

Астымдағы жануар тынысын ала алмай

булыға жүріп келеді. Көзін қар ұшқыны бітеп, таяғы қолынан түскен соқырша шайқалақтап, жобалап жүріп, адасып, жолдан шығып кетеді. Ат тұяғы қайыра тауып жолға тигенін, мен өз аяғым тигендей сеземін, тізгінді сол босатып, ер үстінде алға таман икемделе ұмтыламын. Атым қар сүрлеуіне түскеннен кейін, ауыздықты тістеп, тізгінімен алыса жөнелді.

Алда иықтарын қомдап, жауырындарын сыртқа беріп, тізіле шұбырып келе жатқан жаяулар. Буырқанған боз қыраудың ішінде, мұнарлана бозалаң тартқан жауынгерлер легі боран ышқына келіп соққада, тізбегі шайқалақтай ауытқып барып, — желмен арналыса, тырмыса қайта түзеліп кетеді. Біз жорықтамыз, майданға бет алған жолдамыз, сапарымыздың белгілі түйінді жері алда. Оған бүрсігүні ымырт жабыла жетіуіміз өте қажет.

Бір аттының қасынан өте беріп:

— Қай батальон? — деп айқайлап сұрадым. Оның:

— Үшінші! — деген жауабын ұйтқыған жел үзіп-үзіп естіртті.

Келе жатырмыз. Мына табиғаттың құбылысы аяғымызға салынған тұсаудай шідерлеп, кере адым создырар емес.

Алда нән жайынның жонындай қарауытып, бір мұнар елестейді, ол алдымыздағы қалың орманның белгісі. Біз келе жатқан жол бойы елсіз алаң, ашық далада соғып тұрған сұрапылдан, осы өлкеде бізге пана боларлық, осы алдымыздағы көрінген қалың орман. Азаннан бері сол орманға жетуге ын-

тық болып келеміз. Бүгін қонып түнейтін жеріміз — соның орталығындағы қалың...

Орманның кеші ерте түседі. Қалыңды күн батпай-ақ қараңғы бүркей бастады. Ашықта қасқарая бастағанда, орманда ымырт жабылып, түн бүркей бастайды.

Тоғайға енгенде нағашымыздың аулына келгендей болдық. Қалыңның іші жым-жырт, тып-тыныш. Қалың біткен зәулім ағаштар бізге қалқан болып өз панасына қабылдады. Құлақ тыныш, жанымызды шақырып алғандай, әскерлер үстіндегі қарын қағып, сілкініп түлеген қырандай болып қалды. Орман іші дүбірлеген кыймыл, шақырған дауыспен жанданды. Боранның уілдеген сарыны алыстан әлсіреп қана келеді. Ағаш түбіндегі қалың қарды, белдегі жаурындай қол күректерімен аршып жіберіп, қазандай жапырақтарды төсеп жігіттер ондап-бестеп шұқырға ығыса орналасып жатыр. Қараңғы орман қайтадан тым-тырыс болып, баласын әлдилеп отырған ақ жаулықты әйел қалғып тұрғандай. Оқтасанда күзетшілердің бірен-саран дауыстары ғана естілді. Шаршаған қол суықты елемей шырт ұйқыда жатыр...

Орманның таны асықпай шабан атады. Ашықта күн найза бойы көтерілмей, ормандағы көлеңке жарыққа жемдікпейді. Сәскеде ғана қалындағы қараңғы сұйықтай ыдырап, орман түбі бозара бастайды. Таң бізді қарсы алмайды. Танды біз қарсы аламыз. Біз жорықтамыз. Жол ұзағы алда жатыр. Жорық, соғыс, майдан жағдайында жауынгерлердің ұйқысы бір түнде төрт емес, қырық бөлінуі заңды. Мұз төсеніп, қар жамылу — жауын-

герліктің атам заманынан қалған сыбағасы. Үнде аттанып, ерте жүрмесек болмайды. Уақыт тар, жағдай қыйын. Әлі қап-қараңғы. Таңсәріге жолда ғана жолықпақпыз. Бірақ «түр-тұр» мен «жүр-жүр» бізді «жылы төсекпен» қозған, барар сапарға бет алдырып, жолға салған. Қатарланып топтанып, қатқан қарлы қарш-қарш басып, сүрлеу жолға түстік. Қос орнынан қозғалды. Мылқау орман ағаштары қамыға төмен қарағандай, ақ сәукелесі иілін — «сапарларың сәтті болсын» деп қоштасқандай болып, томсырайып қозғалмай түр...

Борандатқан тағы үш күн. Мұз төсеніп, қар жамылған тағы үш түн... Біз жорықта келеміз... Асығып адымдап, желе-жорта жүгіріп, сырғанақ тебе, сырғытып келеміз.

Соңғы түнеген жерде жауынгерлерге ақ киім — халат берілген. Киіммен бірге солтүстіктің «жел маясы» ұшы қайқы пышақтай, ұзындығы бір жарым құлаш шананың жақтауындай шаңғыны кішкене шаңрақтай сүзбегі бар екі таяғымен бірге, әрқайсымызға ат орнына берілген.

Бүгін күн жап-жалтыр, ашық. Қармен шағылысып қаратпайды. Темірдей қарып, жалап тұрған аяз. Бет-ауыздарын үсікке шалдырып алған жігіттер аз емес. Беті мен негі қаруытып қызара жараланғандар — үшеудің бірі.

Біз ат, арбаларды айналма жолмен жіберіп, өзіміз баратын жерге жолсызбен қалың қарды баса, төтелете тіке тарттық. Аяғымызда қарға батпас «қайың» сырғыма, қолымызда оның «ескегі» — таяқ. Әр топтың арасы

арқан бойы жер. Қаз-қатар шағаладай қаптап, жарыса сырғанақ теуіп, сыза жортып келеміз. Шапшаң жүруден денеміз қызып, аязды елер емеспіз. Бұрын сырғанақ теуіп үйренбеген жігіттер алдымен аяғына тұсау салғандай кібіртіктеп, таяқ пен аяқты қалай кезек жұмсауын білмей шатысып, әйтпесе орасан көсіліп жіберіп, сырғанап кетіп, шалқасынан жығылып, жарым жолға жеткенше көп азаптанып, кейіннен үйреніп, аяқтанып кетті.

Майдан шебіне түстік-ақ жер қалды. Күнге шағылысып, аспанда калықтап, үстімізден немісің ижелік тәрізді бүкіл барлаушы самолеті екі — үш рет орала айналып, кейін қарай өрлей жөнелді. Біраздан соң алыстан ататын құлашты ұзын тұмсық зеңбіректің оқтары зуылдай ұшып, асып түсіп, қар тозаңын аспанға құйындай көтеріп, жаңғыра жарыла бастады. Атымыз — сырғыма, қамшымыз — таяқ, «борбайлап» сырғып, ентелей сызып, алға «желе-жорта» жөнелдік... Дұшпанның он шақты самолеті біздің үстімізден өтіп барып, орағыта бұрылып, қайта келіп бізді дәлдеп, құйыла, құмалақтай бастады. Келе жатқан бойымызбен қарға құлай-құлай кеттік. Ынырсый, ызылдап келе жатқан майда бомбалар жерге түскенде бақылдай жарылып, қарды будақтата қопарып, айналаның әлек-шәлегін шығарып, аспанға құйындай көтерді. Біз қарға көміле бұғып жатырмыз...

Шүкір, дұшпанның бірінші «сәлемдемесінен» шығынымыз жоқ. Асығып-аптығып келе жатқан «аулымыздың» алыстан қарсы алуы осылай болды...

II

Февральдың екінші жаңасы. Майданның инегіне топтарымыз азанда келіп жеткен келді. Арттағылар кеш бата келіп жетер. Майданды бұзып өтуге даярлықтамыз. Біздің полктің сыбағасына Ново-Свиногово қыстағындағы жаудың жатағы тиді. Барлаушылар неміс жатағының «ауыл сыртын» шолып, болжап алып келген ақпарына қарағанда, жау қыстақты қоршай ор қазып, әр үйлердің астын үңгірлей ін қазып, шыйырлана бекінген. Қолға анық-қанығын айтарлық жау тобынан «тіл» түсіре алмадық. Қолдағы мәлімет шын болсын, теріс болсын, барлаушылардың алып келген ақпарлары ғана...

Түн ортасы ауған мезгіл. Мен, алдағы багальонның командирі, капитан Гундиловичпен бірге қатар жүріп келемін. Осы жорықта бірінші рет кірісетін ұрыс бүгін енді біраз уақыттан кейін болмақ. Сол үшін келеміз. Оның басынан аяғына дейін өзім қатысып, бас-көз болып атқаруды осы жолы айырықша міндетім деп білген едім. Оған мені қызықтыра отермелеген мынадай жағдайлар елі.

Майданда кей кезде тар жағдай өкпені қусыра тиіп, ретін тапса, ремей сояды. Осы сапарда соған кез болдық. Әлі алды-артымыз жыйналмай жатып, жорықта келе жатқан бойымызша ұрысқа салындық. Топтана, қомыт-тана тиюдің орнына, біз жүріп келе жатқан бойымызша қолда бармен кіріспек болдық. Солдаттардың көбі бұрын соғыста болып шынықпаған, олар жақында ғана елден келген ылғый қазақ, қырғыздың жаңаөспірім ба-

ла жігіттері еді. Бұрын өмірінде қаза көріп, жантәсілдің қасында болмағандар. Олар жауынгерлік қанатын бүгін бірінші рет жаймақ. Қанды майданда бірінші рет аттап, адымдарын баспақ. Өлім мен өмірдің арпалыса жан таласып, бетпе-бет, жекпе-жек шыққанына кездеспек...

Қорықпайтын бенде болмайды. Жандының бәрі сескенеді. Өлім кімнің денесін түршіктірмейді? Ажал мен азаптан қобалжый қорқу айып емес. Тірі жанға арып ардақтап ұстай білмегендік айып. «Жаным арымның садағасы».

Бірінші рет соғысқа ену оңай емес. Жүректі жолбарыс, айбатты арыстандай болып, іштен тумайды. Тәрбие мен тәртіп, тар жолда тәжірибеден тарыға сабақ алып, қысылтаяқ жағдайдың қысқашында болып, шегіне барып, шегелден құтылып, ашына алға ұмтылып, арпалыста айқасып, алып ұрып, көпті көріп, көптен оқып барып батыр болады. Оны өмір ұршықтай иіріп, шылбырдай шыйратып, тәрідей илеп, иін қандырып барып, батыл, батыр деген атаққа ие етеді. Ерлік ер басына жүре бітетін қасиеті. Атаққа ілінудің жолы — алыс жол. Атақ туы — ардақты ар. Ар, намыстың анасы — тәрбие. Тәрбиеге — «жаным арымның садағасы» дегеніміз ұлы серт. Күресте күш шынығып, арпалыста арбаудан өтіп барып, айла мен айбындылық пайда болады.

Бірінші соғыс — жас жауынгерлерге үлкен сынақ. Өміріндегі өте қатерлі жағдай, жас баланың тұсауын кескендей, бірінші соғысқа жас жауынгерлерді абайлап салу керек. Оған

барлық жағдайды тудырып, жауды желкелетіп, жеңіске жеткізудің болашақта қалдыратын әскері мол. Егер де жас жауынгер бірінші соғыста жаудан таяқ жеп беті қайтса, екінші айналыста жасқаншақ болып қалуы ықтимал. Әрине, соғыста өнебойы бет алыстың барлығы сәтті бола бермейді. Әрқашан жеңе бермейсің. Бірде жығылып, бірде жығу заңды. Дұшпанның да орайына келген ісі аз болмайды. Тіс қаққан жауынгерлер жеңілсе ашына, ызаланып, кектене күреседі. Жаудан өшін алмай оның жаны тыншымайды. Мені толқытып келе жатқан осындай ойлар еді.

Алдымыздағы жау жатқан қыстақ ат шаптырым жерде, мұнарлана қарауытып тұр. Түнді бүркеніп, біздің жігіттер нұсқаған жаққа жасырына, бұғып тарап кетті.

Әрқайсысы аяқ ұшымен басып, дұшпанға сездірмей, жау жатағын іргелей орналасып, шабуылға бұйрық болғанша, тым-тырыс лап беруге даярланып, қарға сүңги, жау бағытын бақылап жатулары керек.

Біздің заманда соғыстың әдісі: «алыспак бар да, атыспак жоқ» емес. Ол атам замандағы — «жекпе-жектің» заңы. Бұл кезде — «көз жеткенге оқ жеткіз». Алдымен зеңбірек оқтарын дұшпанның ордасына жаудырып атқылай, бомбалап күлін көкке ұшырып, әлек шәлегін шығарып, дұшпанның дегбірін кашырып, барып тиіс деген ереже. Жаудың да бізге істейтіні сол. Дұшпан жатағын шабуыл алдында илеп иін қандырап зеңбіректер қарға малтығып артта қалып қойды. Қолда бары кішкене қол шаналарға тиіп алып келген сегіз миномет қана.

Минометтердің командирі орта бойлы ұл-першек, қызыл шырайлы жас капитан Рассохин деген жігіт екеуміз орманның шыға беріс шетінде тұрмыз.

Батальон командирі аласа бойлы, тапал денелі, күлімсіреген жасыл көзді, 30 дан асқан сары жігіт, капитан Гундилович сырғып жақындап келіп, сыбырлап:

— Жолдас полк командирі! Барлық топтар әрқайсысы өз бет алыстарына ыңғайлана орналасып болды, — деп баяндады.

— Қалай соқпақсыз?—деп сұрадым одан.

— Екі ротаны — екі бүйірінен, бір рота — тіке маңдайдан, — деді ол тағы сыбырлап.

— Дұрыс, — деп оған мен, Рассохинға қыстақты нұсқай көрсетіп, — ал сіз мынаның иін қандыруға жарайсыз ба? — деп сұрадым.

— Әр минометке 50—60 мишаларымыз бар. Соларды төгіп көрейін... Қайдам, жетер ме екен, — деп күмандана сөйледі ол.

— Барымен базар, уақыт аз. Солдаттардың қар үстінде жүректері дүрсілдей соғып жатқан болар, тезірек болса, — деді Гундилович.

— Я, уақыт аз, таң бозарып атып келеді. Не болса да, күн шықпай ойпаң-тойпаң ету керек. Алдымен сөз сізге беріледі, — дедім мен Рассохинға.

Қыйма ағаштан құрғақ күбідей сегіз миномет кеңірдегін сорайтып, жау тұсына қарай үш бұтына жантая тіреліп, қаз-қатар орналастырылды. Рассохинның командасы бойынша минометшілер жалма-жан қыймылдап, қыстақты көздей бастады... Оқтаушы солдаттар әр минометтің аузына асқабақтай діңкиген ауыр мишаларды көтере тіреп тұра қалды.

— Ат! — дегенде оқтаушылар минаны тастап жіберіп, қаймыққандай шегініп-шегініп кетті. Сегіз миномет бірден гүрс ете қалды. Сегіз мина бірден зуылдай ұшып, қыстаққа қарай жарыса жөнелді. Гундилович қуланған жауыспен оларға:

— Жолдарың болсын, қатар ұшқан қабақтар, — деп күлді.

Минометшілер қызу қыймылдап шапшаң атқылауға кірісті. Миналар кезек-кезек қыстақтың әр шетіне түсіп жарқ-жүрк етіп тарсылдай, жаңғырыға жарылып жатыр. Бір кезеңде сегіз мина бірден жарылып жарқ ете қалғанда, көшеде аласұрып жүрген немістерді көріп қалып:

— Дұрыс, азаматым. Сенің қабақтарыңның салып жатқан ойранын солдаттар да көріп жатқан болар. Дұрыс! — деді Гундилович Рассохинға.

Көздеген үш нысанамыз — қыстақтың арғы шеті мен бергі шеті және дәл орталығы, кезек-кезек тиісті сыбағаларын алып жатыр.

— Жетпіс екі мина атылды, — деп баяндады Рассохин.

— Жарайды, енді тоқтат, — деп оған бұйырдым.

Гундилович аспанға өрлей аққан жұлдыздай қызыл ракета жіберді. Ол белгіні көре салысымен автоматтарын безілдете, «Уралай» ұрандап, манадан бері қарға көміліп, жүректері дүрсілдеп жатқан жауынгерлер орындарынан тұра қыстаққа шабуыл сала жөнелді. Көріп тұрмыз, бет алыстары жамап емес, адымдары екпінді, қарқындап қаптап барды...

Таң атып күн көзі көрініп қалған мезгіл. Жарық. Қыстақта ұйқы-тұйқы болып жатыр. Ордан-орға секіріп, үйден-үйге жүгіріп ұрыс қызуында жүрген солдаттар. Мен көшеде келемін, жауынгерлер дұшпанның орнын, жер-төлелерін, қыстақ үйлерін тінте соғысып жүр. Дұшпан қыстақтың арғы шетіне сырғый-сырғый барып бекініп, бізге қайсара қарсылық көрсетіп, оқ жаудырып жатыр. Біз иемденген қыстақтың жартысында, ой-шұқырға, үйлердің босағасына тығылып жатқан немістер аз көрінбейді.

Біздің солдаттар бір топ үйлердің босағаларын паналай жата қалып, немістермен бәсекелесе, атқыласа бастады. Сонымен пайдаланып, мойнын бұра алмай алдына қарап жатқан жау бекінісіне екі тобымыз ұрандап, атқылап, бүйірден соқты. Шыдай алмастан немістер дүркірей, қыстақты тастап үрке жөнелді. Тым-тырақай безіп барады. Біздің солдаттар өкшелей қуып, соңынан қалар емес. Атып барады. Немістер оқ жеткендері калпақтай ұшып құлаған жерінде тұра алмай қалып жатыр. Кейбіреулері анық құтылмасына көзі жетіп, жан сауға сұрап сүмірейіп қолдарын көтере бастады. Біразы құтылып та кетті.

Мен көшемен келемін. Үйлер мен жүк тиелген неміс машиналары лауылдап өртеніп жатыр. Лапылдаған жалын ыстық лебімен қарды жалап ерітіп барады. Дұшпан солдаттарының өлігінсіз үй босағалары жоқ. Айнала жатқан өлік. Жарағын серт ұстап, аласұрып жүгіріп жүрген біздің солдаттар. Әр жерде атыс, айқай.

Құлақшындарының құлағын едірейтіп, біздің екі кара домалақ солдат бір қорадан ыршып шығып, екеуі екі жаққа қарай жүгіре жөнелді. Бір нәрсені ұмытып қалғандай біреуі шұғыл тұра калып, бұрыла қарап:

— Ай, Жұмажан! — деп, жолдасына айқайлап, — әлі немісше «тоқта, қолыңды көтер!» дегенді не деп айтушы еді, — деп сұрады. Жұмажан оны естімей, бет алысынан бұрылмай жүгіріп барады.

Бұдан апта бұрып бірнеше немістің сөздерін солдаттарға үйретіп едік. Міне, бүгін соның нәтижесі. Жігіттің түріне қарап күліп:

— Галт! Гендекок! дейді, — деп Жұмажанның орнына мен оған жауап қаттым. Ол бет алысына жүгіре жөнелді.

— Жолдас командир, — деді маған қасымдағы Сенченко. Жалт қарасам, көшенің ортасында дивизиямыздың командирі генерал-майор Иван Михайлович Чистяков жаяу, жай-баракат келе жағыр екен. Мен оған таңдана қарадым: ол кісі тап осындай соғыс үстінде келеді деген ойда жоқ еді. Орта бойлы дембелше, тығыншықтай келген, шымыр, қарулы денселі генерал, басында жай түбітті құлақшып, үстінде қоңыр шинель, аяғында үлкен қалың ұлтанды шаруа етік. Жан-жағына қарап, асықпастан жүріп келеді.

Мен генералдың алдынан қарсы шығып:

— Жолдас генерал, полк... — дей бергенімде, генерал қолын созып:

— Сәлеметсіз бе! Я, көріп келемін, — деп амандасып тұрып, қабағын шытыңқырап, — мына тым-тырақай тарсылдар біткеннен кейін басынан аяғына дейін баяндарсыз. Мен мына

үйде күте тұрайын, — деп адъютантты ертіп жақындағы үйге қарай кетті.

Біраздан кейін соғыс аяғы жайғасқандай болған соң, мен генералға барып баяндай бастадым.

Генерал тыңдап отыр. Мен ол кісіге бастан аяқ көрген-білгенімді түгел айттым. Бізде болған шығындар туралы айтқанымда генерал қабағын шытып, қыйналған түрде тыңдады. Мен генералмен бірінші рет кездесіп отырғаным жоқ. Бұрыннан ол кісі менің ұстазымның бірі еді, мен соғыстан бұрын Қыйыр Шығыста генералдың қарамағында 2 — 3 жылдай қызметте болғанмын. Москва өлкесінде генерал Панфилов қаза тапқаннан кейін, оның орнына бұл кісі тағайындалып бес жылдан кейін тағы кездестім.

Аз уақытта генерал дивизияда қадірлі командир болып, марқұм Панфиловтың орнын олқысыз басты. Марқұмның қалдырып кеткен жауынгерлік салт-дәстүрлерін қадірлей көтеріп, мол тәжірибелі тапқырлықпен басшылық етті.

Генерал ақкөңіл, ашық мінез, менмендігі жоқ, күйінсе де, сүйінсе де, ойдағысын кейде тіке айта салғанына қарай, кейбір сырын білмегендерге ол дөрекілеу, қатал көрінетін. Бірақ та, шынында, ол кісі мейрімді, адалниет, зерек адам еді.

Ой-шұқырсыз жер бола ма? Өнебойы жайбарақат өтетін күн қайдан болсын. Кейде генералдың ашуына да тап болған кезіміз болды. Қандай ауыр жазан болса да ол кісі кемітпей, кекетпей, қорламай ұрсатын. Істеген

қатенді, жаңылған жерінді мойнына қоятын. Терлеп-тепшіп, ұялып қызарғанынды сезсе:

— Жарайды, ендігісін өзің ойлан. Бұдан былай алды-артынды ойлап істеуші бол, — деп сұқ қолын кезеп, зекуін доғаратын. Айыптының қырсоңынан қалмай, орынсыз жерде киілігіп, жығылған үстіне жұдырық жұмсауды командирдің бойына жараспайтын ұсақ, майда, қоқыс, саяздық мінез деп білетін. Майданда ағынды ақ, қаранды қара дейтін әділ билік көп кездеседі. Мен генералдың алдында отырмын, бұл кісі әділ адамның бірі. Біраз үндемей отырып, ауыр күрсініп:

— Я, шығынсыз соғыс болмайды, — деп маған қарап, — бірақ орынды-орынсыз деген екі түрлі шығын болады. Орынсыз шығынға командир кінәлі, ол оған жауапты...

— Шығындайық деп шығындағанмыз жоқ, жолдас генерал, — дедім мен, — ақылымыздың жетіп, жағдаймен санасып, қолымыздан келгені осы болды...

— Сіздің қатеніз, жауды қоршап алудың орнына бір босағадан итермелеп сырып шығарғаныңыз... Өз айтуыңыз бойынша, біраз жау қашып, олардың біразын жіберіп алыпсыздар... Оларға қашуға ашық жол тасталғаннан кейін, әрине, қашып құтылған, — деп біраз ойлап, — әсіресе, мына күшпен, мына қалың қарда қоршау оңай емес екенін мен білемін, мен сізге түсінемін. Бірақ та бұдан былай қолдан келгенше жауды құтқармай, қоршауға барлық шараны қолдану керек. Ойлап, бүгінгі соғыстың нәтижесін қортып, бұдан былай сабақ болсын деп айтып отырмын...

Сөйгіп, жігіттер тұңғыш соғыста болып, бір сынақтан өтті. Қобалжыған қорқыныш толғағы артта қалды.

III

Арада бірнеше күндер соғыспен өтті. Мені генерал күтпеген жерден өзіне шақырды. Күңгірт бұлтты күн. Желе-жортып келемін. Бара жатқан жерім — дұшпаннан өткен күні ғана азат етілген Васильево қыстағы. Оның алдында 3—4 шақырым жерде Соколово қыстағында бекінген жау сіресе қарсыласып, жанына жолатпай жатқанына екі — үш күн болды. Көрші полктан келген арадағы офицер «мүлдем мықты бекініс, кірпікшешендей үрпіп алып маңына жолатар емес» деп зар қағды. Васильево орманының алаңында қарға белдеуіне дейін көмілген орыс қыстағы. Үйлерінің қар басқан төбелерінен сорая көрінген мұржаларынан бұрқырап түтің шығып жатыр.

Аттан түсіп үйге ендім. Шағындау келген бөлменің төріндегі генерал стол үстіндегі картаға шұқшыя қарап, терең ойда отырған үстінен шықтым. Үйге енерім еніп, генералдың ойын бұзуға батпай, шығар-шықпасымды білмей тұрғанымда, генерал өзіне-өзі:

— Қап! Мына иттің тікендей қадалып тұрғанын... Соқыр ішектей созылып тұрғанын нағлеттің, — деп сөйлеп, мені әлі аңғармай ызаланғандай столды жұдырықпен бір соқты.

— Мен бұйрығыңыз бойынша келдім, генерал жолдас, — деп үн қаттым.

Генерал сескенгендей басын жұлып алып, маған қарап:

— А, сіз бе едіңіз? Уактылы дұрыс келдіңіз, — деп орнынан тұрып амандасты да, маған орындық ұсынды.

Осы үш — төрт күннің ішінде майдан жағдайы генералдың жүзіне мөрін басқандай көрінді маған. Қабағы ауыр түсіп, ұйқтамағандықтан көз жиегі қызарған. Түрі солғын, бозарып, жүдеп қалыпты. Бетіндегі майда әжімдері тереңдей түскен. Алдындағы картасын стол шетіне сырып тастап:

— Гончаров, ас алдырып келіңіз, — деп адъютантына дауыстады.

— Асты ала отырып тыңдаңыз, — деп тағы бір күрсініп, жымыя күліп, — осы соғыс басталғалы жайбарақат отырып тамақтанудан қалып кеттік. Не жеп, не ішкенінді білмейсің. Әйтеуір алдағыны асағаның ғана есте, — деп бір кесек етті ала беріп, картаға мойнын бұра икемделіп, маған:

— Бері жақындап отырыңыз, — деді де, — білген адамға карта жердің айнасы, — деп бастады сөзін, — жатқан нақыс, жатқан көкжасыл, қоңыр бояулар. Көрмеген жерді карта арқылы танып, оның жол-жобасын, ой-шұқырын, орман, даласын картадан ғана көріп отырмыз...

— Я, жолдас генерал, «карта — білгенге сенімді жетекші» деген сөз бар ғой, — деп мен қостадым.

— Дұрыс. Ал енді қараңыз жақындап. Көріп тұрсыз, мына бармақтың ізіндей қара белгі Демянск деген қала. Мына жасыл каламмен жиектеле сызылған сызық — жау қолындағы жер, яғни дұшпанның 16 армиясы.

Біздің келген жеріміз мына осы сүйірдің сол түбі, мына тұрған қала Торопец — сүйірдің оң бүйірі. Осы екі бүйректен екі жақтай соғып, осы 16 армияны қоршау — жоғарғы командованиенің ой-пікірі. Көмейден екі жақтап алқымдай қысып, дұшпан армиясын қамауда қалдыру. Жалпы жағдай осылай, хабарыңыз болсын деп айтып отырмын. Екі фронттын түйісетін жері мына тұрған Холм қаласы, — деп картадағы қара қоңыздай тырбыйған бір белгіні сұқ қолымен көрсетті. Картаға үңіле қарап мен сирек жасыл жиекті баса жазылған р. Ловать деген жазуды оқыдым. «Е, баяғыда мектепте оқып жүргенде аталатын Ловать өзені осы жерде екен ғой» деген ой маған сап ете қалды. География сабағында кездескен Ловать жанына соғысқа келемін деген кімнің ойында бар еді бұрын.

Генерал біраз ойланып отырып:

— Алдымызда әлі көп қыйыншылықтар бар, — деді, — Холмға жеткенше кемінде 150 километр жер жатыр. Ол жер бос жер емес. Мына жыбырлап шашылып жатқан картаңыз бетіндегі секпіл сықылды 80 — 90 қыстақтардың барлығы дұшпанның қолында, бізге олардың елін дұшпан шеңгелінен азат етіп, жерін босатып алу міндеттеліп отыр, — деп тағы да тоқтаңқырап, ойлап, — я, алдымыз қалың орман... Қалың қар... қатты аяз... Қасақы дұшпан, — деп саябырлап, — я, дұшпан оңай дұшпан емес, мықты дұшпан. Қоқан лоқыға көне қоймас. Ол үйде, сіз бен біз даладамыз. Жылы орнынан ол оңайлықпен қозғала қоймас... Біздің солдаттар үй көрмегелі айдан асып барады.

Генерал сол жағдайды қыйнала айтып отыр.

— Кешегі қылшылдаған аязда бүкіл дивизияны үсітіп аламыз ба деп, қорқып едім, — деді өзіне-өзі генерал.

— Шыдадық қой, генерал жолдас, — дедім мен оған. — Мұз төсеніп, қар жамылу, біздің жорықтағы сыбағамыз емес пе?

— Ал, солдаттар қалай?

— Несін сұрайсыз? Қалай болушы еді. Тайдай шапқылап жүр. Қазірінше аязға жеңдірер емес. Менің байқауымша, еңсесі түсіп, көңілі жермен-жексен бола қоймас, біраз ысылып қалды ғой...

— Рас па? — деп ол кісі менің сөзімді қуана бөлді. — Ай, азаматтар, азаматтар... Я, шыдамасқа хал қанша, ел апатқа ұшырап, ер басына күн туса, — деп күрсініп. — Ең! Соғыс, соғыс! Майдан, қырғын, арпалыс, қылшылдаған аяз, қасарысқан дұшпан ешкімді есіркеп, ешкімді өмірдің дөңесіне шығармайды... Міне, тар жағдай, қысылтаяң, шикіні пісіріп, босты шыйратады деген осы болады.

Дастарқан жыйналды. Генерал біраз үндемей отырып, ойдың бір қырынап асып, бір тоқтамға келгендей, орнынан қозғалып икемделе беріп:

— Ал енді, сізді неге шақырғанымды айттайын, — деп менің картамды алып, алдына жайып, біраз қарап отырып «қалай айтсам екен» дегендей, бөгеліңкіреп, — солай, солай, жолдас подполковник... солдаттарымыз шыдамды шықты дедіңіз бе? — деп менен тағы сұрады. Мен таңданып:

— Я, генерал жолдас.

— Солай... немісті аязға шығарып, безектете қуу оңай екен...

— Жоқ, генерал жолдас. Әлде мені кекетіп айтып отырсыз ба, — деп, мен шамдандым.

— Жоқ, сізді емес, өзімді-өзім кекетіп отырмын. Біздің хал, біздің жағдай кім болса, соның басына түсе беретін бақыт емес, — деп маған бұрыла қарап, — ойлап қаранызшы, ал бір қыстақты алу үшін елулеп-жүздеп шығынға ұшырай берсек, Холмға шейін неміз қалмақ? Құрқол барған бізге «жақсы келіпсіздер» деп Холмның дарбазасын кім ашады дейсіз? Алдағы азат етеміз деген қыстақтарға бет алдынан тіке шапсақ, әрине, мол шығынға душар боламыз... Сондықтан сыртын айнала соғып, бүйірден тиіп, немісті жылы орнынан қозғалтып, олармен далада, ашықта, жекпе-жек қар үстінде, бәрімізге бірдей жағдайда алыссақ... Бірақ мұның екінші жағдайы есіңізде болсын, егер де Ново-Свинуховадағыдай жаудың қашып құтылуына жол ашық тасталса, бір жерден кеткен жау екінші қыстаққа барып сондағы дұшпанның қолын көбейтіп, күшін молайтады.

— Бізден онша көп кеткен жоқ еді ғой, генерал жолдас.

— Сізден құтылған елу, басқадан құтылған жүз, тағы басқадан кеткен жетпіс, — міне сізге екі жүз жыйырма, — деп маған қадала қарап, — біздің қолдан шығып кеткен немістер қазір Соколовоның гарнизонын күшейтіп соғысып жатыр... Қашып құтылған дұшпан бір жерде болмаса, бір жерде қайта кездесіп, кектесе қарсыласады. Ол есіңізде болсын.

Дұшпанды итеріп тастамастан оны қоршап, қамап, қолдан келгенше құтқармау...

— Түсіндім, генерал жолдас!...

— Дұрыс. Мен сізді кіналап отырғаным жоқ. Бұдан былай, алдағы соғыстарда есіңізде болсын деп айтып отырмын. Командир алды-артын кең ойлап, шамалап, өлшеп жүруге міндетті. Есеп-хисапсыз жүруге болмайды.

Генералдың айтқан орынды ақыл сөздері «мен сізді кіналап отырғаным жоқ» тан кейін мені «ет жемесем де сорпа ішкендей» етіп біраз қысып, ащы терімді сыртыма шығарғандай болды. Оны байқаған генерал жайдарыланып, қалжың ретінде бірнеше басқа әңгімелерге айналысып отырып:

— Сіздің полктің беталысын бұрмақпын, — деді күтпеген жерден.

— Ерік өзіңізде, генерал жолдас.

— Ерік өзімде болса, бұрғым келмейді...

— Бұру керек шығар онда, генерал жолдас.

— Бұрғым келмесе де, бұрмақпын, бұрғызбасам бұрғызғалы отыр, — деп, — әр кезде ойлағандай қайдан бола берсін. Бірі болса, бірінің түбіне жетіп ойлап, болжай алмайсың. Дұшпан сырын айтса, дұшпан бола ма? Жасырынбақ, жұмбақ болмаса, соғыс бола ма? Кімнің кім ішіне кіріп шығыпты? Жасырынғанды тауып, жұмбақты шешіп, ой шомылтып, біреудің ойындағы пікірінің терең түбіне жетіп, қазанның қаспағын қырғандай, сүңгіп шығуды бізде әскери өнер, командирдің зеректігі дейді. Сіз оған түсінесіз бе? — деп маған жылы жүзбен қадала қарап сұрады.

— Түсінемін, генерал жолдас.

— Ал, енді, полкіңізді бір іске жұмсайын деп отырмын. Егер де сол істі ойдағыдай орындасаныз, сізді Суворов деп атаймын, — деп қулана қалжындап маған қарады. — Манадан бері күмілжіп отырғаным, баратын жерлерің кішкене шалғайдау, ашығын айту керек, күштерің де шамалы, бір батальоныңыз әлі артта, бүгін-ертең полкті қуып жете қоймас.

— Санмен алмай, әдіспен ал демексіз ғой, генерал жолдас.

— Я, я, Суворов деп атар едім деп отырғаным да сондықтан.

Генерал Чистяковтың мінезі бұйрықты басқаларға ұқсап құрғақ «бұйырамын», «жарлық етемін» демей, ақылын айтып, әбден түсіндіріп, орындаушының да пікірін біліп алғаннан кейін ғана әңгіме ретінде сөйлеп, өзінің ішіне тартып, сырыңды біліп алып, түсінікті мазмұнды сөздермен тапсырмаларын беріп, ойындағысын айтып, орындаушының да пікірін тыңдап, «былай ет, былай істерсін» деген ақылдарын айтып-айтып болған соң, «бұйрық осылай» дегендей айтатын.

Генерал жай өмірінде шапшаң, алғыр кісі. Сырын білмеген адамдар сыртқы пішініне қарап — «жатқан айқай, алып кел мен айдап келдің генералы» деп түсініп жүрді. Бірақ та ол кісі тәжірибесі мол, ақылды, күрделі соғыс мәселесін кең ойлап, толғана шешетін генерал екеніне мен әлденеше қуа болдым.

— Мына полк үш күннен бері Соколово қыстағын ала алмай жатыр. Бұл қыстақ біздің жолымыздағы бір үлкен түйін. Немістер болашағын ойлап, бізге қарсы шабуыл жасауына өте қажетті қыстақ болғандықтан, барлық кү-

шін салып, қолдан шығармай ұстап отыр. Мына екінші полк Соколовоны жанап өтіп алға кетіп барады. Оны кейін қайтару онша дұрыс шықпайын деп отыр. Соколово бұйырге шыққан шыйқандай болып қадалып тұр, сыздайды да тұрады. Мұны былай тастап кетуге болмайды. Алдымыздағы барлық кедергі осы. Мұның кесепаты жалғыз біздің дивизияға ғана емес, басқаларға да тиіп отыр. Үзенгіден тартқандай ілгері жіберер емес, — деп сұқ қолымен картаны түрте көрсетіп, — Соколовоның батыс жағындағы Трошково деген қыстақта немістің біраз күші жатыр. Барлық жәрдем, қуат, оқ, снаряд, тамақ, киімді Соколово содан алып жатыр. Мұның қуат-күшінің тамыры осы Трошководан Соколовоға келетін мына даңғыл жолда. Басқа жақтан ешнәрсе алатын жағдайы жоқ. Егер де біз осы жолды істен шығарсақ, Соколовоның басқа жолмен алар жәрдемі жоқ. Ол үшін біз алдымен Трошковоны алуымыз қажет болар деймін. Оны алғаннан кейін Соколово кешікпей-ақ шаңырағы ортасына түсіп құлайды. Соколовоның қақпасын ашатын кілті оның артындағы Трошководан жатыр. Соны сіз полкіңізбен, мына сыртпен, — картаны орағыта сұқ қолымен көрсетіп, — айналып барып, ертең азаннан қалдырмай аласыз, — деп орнынан тұрды, — сізге бұйрық осылай, жолдас подполковник.

IV

«Бұйрық осылай...» Я, бұйрық солай. Біздің полкке өте жауапты міндет жүктелді. «Сіздің полкті бұрғалы отырмын...» Біз бұрыл-

дық. «Баратын жерлерің шалғай...» Рас шалғай екені. Қырғын соғыс болып, қанға бәтып жатқан Соколовоны басып өте алмаймыз.

15 километрдей жердің қалың қарының үйіндісін жарып отырып, түс қайта, шаршап-шалығып, орағыта іздеген Трошковоның маңайындағы орманға жеттік.

«Ертеңгі азаннан қалдырмай аласыз». Уақыт алқымнан алғандай тығыз-ақ. Не істеу керек! Жер жағдайымен карта бойынша ғана таныспыз. Карта деген түрлі белгілермен нақысталған қағаз. Жер қағаздың бетіндегі тептегіс емес. Картадан барлығын тегіс, аныққанығына жете байқауға болмайды. Жарық барда көріп, алды-артынды, жерді болжап алу керек. Жерді өз көзіңмен көрмей, ойша болжау — құмалақпен бал ашқандай. Жер жағдайын, жау жатағын көріп болжауды — әскер тілінде рекогносцировка дейді. Сонда командир өз көзімен көріп, байқап, байымдап, күшін таразыға салады. Болашақ соғысты ойымен шолып, толғана ойлайды. «Былай етсем қайтеді» деп бір тоқтамға ұмтыла бергенде, «Дұшпан былай етсе қайтпексің?» — деген сұрақ сап ете қалып, бір ойдан бір ойға, бір тоқтамнан бір тоқтамға байымдатпай, сырғаната қуады. Уайым тұңғыйығына батырып, таудан тозаң, дариядан тамшы қалдыратын күн туғызардай, қысылтаянға салады. Бір тоқтамға келіп тірелу командирге оңай емес. Өз басы былай тұрсын, қарамасындағы қалың жұрттың камын ойламай, қатерлі жерге көзсіз барғысы келмейді. Қобалжып, қатты қыйналатының да сондықтан.

Командирге ой түбіне жету оңай емес. Оның ойы — жатқан болжау. Ол дұшпанмен ой арқылы тілдесіп, болжау арқылы оның пікірін табады. Онымен айтысады, тартысады. Болашақ соғыс көзіне алуан түрлі елестеп, біресе жығылып, біресе жығады. Командирдің ой толғағы — ауыр толғақ. Жеңіл толғақпен терен, зерек ой тумайды.

Командир жігіт ағасы. Жөнді жерде зеку, иұқудың да орны бар. Қолдың құлқын білмей қол басқару қыйын. Командирдің беделді жүзі, тұрақты сөзі шаршаған жауынгерлерге медет, тірек, жетектер тізгін сыяқты. Командирдің бір тоқтамға табан тірмей тұрып басқаға тіл қатуы өте қыйын. Бұйрық командирдің ішін өртеп, сай-сүйегін сырқыратып, шекбаурын езіп, жүрегін тебренте шыққан лебі. Ол жай сөз емес.

Командирді ертіп Мадияр екеуміз ағаштарды паналай жүріп отырып, орманның шетіне шығып, дүрбілерімізбен жер жағдайын болжай бастадық. Көріп тұрмыз. Бірақ көргенімізге өзіміз де сенбей тұрмыз. Жер жағдайы картадағыдай емес. Жау жағдайы ойдағыдай емес. Күн бойы, жол бойы ойлаған ой, байланған түйін зая кетті. Алдымыздағы істің барлығы басқаша болып шықты.

Трошково алдымызда жап-жақын-ақ тұр. Бірақ та ол жалғыз емес — алты ағайынды. Онымен қоңсылас алты қыстақ. Трошковоны ат тағасындай қоршап іргелес тұр. Барлығында да құмырысқаның илеуіндегідей шұбырып жүрген жау қолы. Саны мыңнан аспаса, кем емес. Генералмен байланысымыз жоқ. Кімнен ақыл сұрап, кімді ақылгөй етпекпіз?..

Генерал күшің шамалы деп еді. Біздің күш шамалы емес. Мүлдем аз. Басқа сенер еш-нәрсеміз жоқ. Бір батальон, артиллерия арт-та, алыста. Оларды көңілге тоқ санауға бол-майды. Басқа ешкімнен жәрдем дәме ету мүм-кін емес. Уақыт өте тығыз, жағдай өте қысылтаяң.

Алдымыздағы іздеп келгеніміз жалғыз Трошково емес — алты ұялы аждаһаның ор-дасы болып шықты. Иіріліп, ыршый шапқалы тұрған тәрізді. Бірақ, аңдып, арбап тұрған-дай. Шабар мезгіл жетпей күш алып жатқан-дай. Біздің корпус алға қарай созыла қана-тын жайғанда, бұл төтеннен, өкпе тұстан соқ-пақ. Алдындағы Соколово, мына жатқан қа-лың қолдың сыртқы дарбазасы — тек алдына қойған қалқаны ғана. Негізгі күш осында жа-тыр. Көріп тұрмыз. Алты қыстаққа алты жақ-тан даңғыл, күреп тазаланған алты жол жосы-лып келіп, барлығы барып ортасындағы бір қыстаққа құяды. Содан тағы бұтактана, жан-жаққа тарайды. Ол қыстақтың аты Бородино екен. Басқа төртеуі оның сыртын ала, үлкен үйді отауларша қоршап тұр. Олардың аттары Баркловпуа, Трохово, Конишно, Қаншино де-гендер. Мұның бәрі бізге жаңа картадан мә-лім. Біздің іздеп келген Трошковомыз алтын-шысы. Жосылып жатқан жол жан-жаққа бө-лініп, орағытып келіп, кезінде түрлі әрекет — маневр жасауға ыңғайлы-ақ. Жау бекерден-бекер жатқан жау емес. Оның командирі те-рең ойлап, әзірінше ішінен тынып жатыр. Со-коловоны қайтсе де қолдан шығармай, босаға сыяқты берік ұстап отырып, біздің әскердің негізгі күштері алқапты бұзып-жарып өтіп,

ішке кірді-ау деген кезде сырттан айнала соғып, Соколово тұсынан қолдың түп-тамырын қырқа шауып, қоршап алмақ. Оның осындай сұмдық ойлап, сәтін күтіп жатқаны күмансіз. Онда дау жоқ, оның ойы басқа емес, осылай...

Солай болса генерал бізді тек Трошковоны ал деп жұмсап еді. Ал мына жағдайда біз қақпа тиегіндей ғана болмашы тетікті шауып түсіруден әрі бара алмаймыз. Бұл бекіністі алайық-ақ, ал бірақ, кейін қақпан шауып, қанды ауызы сарт етіп жабылмай ма? Одан кейін алты қыстақтан біздің үстімізге қардай борап оқтар жауып, бас көтерте қоймас. Осы катердің өтінде жүріп, сонда біздің бар тындырғанымыз — алты жолдың бірін ғана істен шығару болады. Қалған бесеуі жау қолында қалмақ. Жалғыз Трошковоны алғанда жаудың несі қурап, несі мұқалмақ. Соколоводағы дұшпан қолына не зыян келтірген болып шығамыз.

Біздің Трошковоны алып, қазыққа оралған аттай болып, шатысып, торға түскен құстай бұлқынып жатқанымыздан біздің әскерге не лайда? Біздің полк істен шығады. Өз басымызбен әуре болып жүріп, аман да шыға алмаспыз. Олай болса не істеу керек? Қандай байлаулы тоқтамаға келу керек! Сол қортынды тоқтам көптен бергі тоқталған ойдың түйіні — командирдің бұйрығы болмақ...

Бұйрық — біліп берсең бұйрық, жаңылсаң, қателессең—ол бір бүлік. Бұйыру оңай емес. Қалың қар үстінде қырауға бөленген бұталарды паналап тым-тырыс бақылап жатқан командирлер. Барлығы да ауыр ой үстінде.

Міне, оң жағымда құлаш жетер жерде ба-

ла мінезді, ақпейіл, адалниет, ер жүректі комиссарым Мадияр (Ахметжан Мұхамедияр ұлын полкта солай атайтынбыз) жатыр. Бұрын өнебойы күлімсіреген кара көзі алысқа қадалып, қыйылған кара қасы, түйілген қабақтары айбарлана түскен.

Алдымдағы үш — төрт қадам жердегі бұтаның панасында қызылшырайлы, жас жігіт капитан Мамонов маған «Не демексің» дегендей көзбен бұрыла қарап, жауап алмай алға қайтадан қарайды. Сол жағымда зәулім қарағайдың түбінде жантайып командир Гундилович, жау тарапын дүрбімен қадала сығалап жатыр. Қай ойдың қырынан асып, қай жонында жорытып бара жатқанын кім білсін. Әйтеуір алға қарай қадалып, қатып қалғандай... Оның аржағында комиссар Трофимов... Тағы басқалары. Барлығы да ой түбіне сүңгіп, әлі қалқып бетіне шыға алмай жатқан сыяқты. Мен оларға қарап ішімнен, «әттең уақыт аз, жағдай тар, әйтпесе мыналардың пікірін тыңдап алсам» дегендей орнымнан қозғалмай жатырмын. «Сенің аузыңа қарап жатырмыз ғой» деген пішінмен Мамонов тағы бұрылып маған қарады. Оң жағыма қарасам Мадияр шұғыл төмен қарап жатыр екен.

— Мадияр, сен ұйқтап жатырсың ба? — дегенімде, ол басын жұлып алып:

— Жоқ, ойлап жатырмын, — деп жауап қатты. Екеуміздің сөзіміз үнсіз жатқан басқаларды ой қалғуынан сергіткендей болды. Барлығы да біз жаққа бетін бұра қарады.

— Ал, жолдас командирлер, — деп бастадым мен, — манадан бері жер жағдайын, дұшпан ордасын болжап, аңғарып жатырсыз-

дар. Оны талдап жатуға уақыт аз. Кеш болып барады... Бірінші қортынды: алты қыстақтың шаңырағын тіреп тұрған сырығы Бородино, жау ордасының мықты тірегі де сол. Қалғандары оның таяныштары. Екінші қортынды: мына жатқан алты қыстақ — жосылып жатқан алты жолдың түйіскен жері. Алты тарау жол дұшпанға алты жақтан, алты арнадан күш береді. Үшінші қортынды: дұшпанның бекінісі мықты, күші мол, біздің күшіміз аз.

Төртінші қортынды: шегінуге бұйрық жоқ. Алдымыздағы мақсат бет алдымыздағы жауды қыйрату...

Екі жол бар: біреуі жақын, жақын да болса алыс, бұйрық бойынша жалғыз Трошкочовны алу. Бірақ ол — мақсатқа жеткізбей жарым жолда қалдыратын қатерлі жол. Екінші жол — алыс, алыс та болса жақын. Ол алты қыстақты бірден алу. Алты жолды бірдей срттеп, қомдап міну. Сонда ғана мақсатқа жетіп, дұшпан ордасының шаңырағын ортасына түсіреміз. Ол үшін басым, мол күш керек. Ол күш бізде жоқ екені өздеріңізге мәлім...

Жатқандардың барлығы «ендеше не деп сандалып тұрсың» дегендей маған бедірейе қарады.

— Мен алыс та болса жақынға бел байладым, — дегенімде, олар бір-біріне қарады, — бірінші бұйрық осылай, жолдас командирлер, — дедім мен.

Олардың томсырая таң қалған түрлерін елемегендей:

— Екінші бұйрығым, — дедім оларға қа-

рап, — екінші бұйрығым, — түнгі сағат төртте тынық тәтті ұйқының кезінде алты қыстаққа бірден шабуыл жасап, жауды жылы төсегінен тұрғызбай басып алу. Үшіншісі: тұтқын аламын деп оған алаң болып күш бөлінбесін. Бізден ешкім тұтқынға түспесін. Төртінші: таңсәріден қалмай жау жойылып, қыстақтар алынып, жолдар сақадай сай ерттеліп, берік ұсталсын. Алдарыңызға қоятын жалпы міндеттер осылар.

Соғыс әдісі: жауға күтпеген жерден, төтеннен тиіп, шырт ұйқыда жатқанда үстінен түнере басып жайпау... Бірақ, естеріңізде болсын, жолдас командирлер, жау бейқам жатқан жау емес. Алдымен күзетшілерінің үні өшірілсін. Бір пулеметтің қаңқылдаған даусы әлемге «аттан!» салып ойбайлағанмен тең. Жаудың ұйқысын бұздым дегенше, бүлдірдім дей бер. Менің бел байлаған тәуекелім — жауды абайсызда, оған сездірмей басып қалу, — деп, командирдің әрқайсысының алдына сыбағалы міндеттерін жүктеп, — ал енді, жарық барда әрқайсың бет алыстарыңды жақсылап болжап алыңдар, — деп тараттым.

V

Бұйрық берілді. Тәуекелге бел байланды.. Орман іші жым-жырт, қап-қараңғы. Аяз бет-ауызды темірдей қарып барады. Қалын қарағай қыстың түбітті ақ тонын жамылып үнсіз мелшиіп тұр. Әр ағаштың түбінде бір-біріне сүйкене, қатар жатқан солдаттарда үн жоқ. Айналаның бәрі мылқау, ешкім бір-бірімен сөйлесіп, шүйіркелеспейді. Тып-тыныш.

Ақыры, әшейінде пысқыратын аттар да не мскіреніп, не оқыранбайды. Байланған ағаш түбінде жусап тұр.

Командирлер мен солдаттардың барлығы ауыр ой үстінде, іштерінен тынып жатыр. Бәріміздің ойымызды бір түйін зілдей басып барады. Бәріміз де бір мезгілді күтіп отырмыз. Ол мезгіл әлі жақындар емес. Сағыздай созылған уақыт, қылды қамырдан суырғандай қыйнап, өте шабан келеді. Бір сағат бір жылдай көрінеді.

— Аяусыз, катал бұйрық болды-ау, — деді манадан бері тіс жармай отырған Мадияр.

— Я, мен де соны ойлап отыр едім, — дедім мен оған ойымның үстінен шыққан соң.

Екеумізде де үн жоқ. Тым-тырыс отырмыз.

Сағат екіде қол қозғалды. Орман дауыл соққандай, үйдей сықырлап, теңселгендей болды...

Әр топтың бастығына көмек керек болар деген оймен штаб офицерлерін әр топқа жұмсап тараттық.

Коммисар екеуміз «осы жолы біздің полк не алты қыстақты алып, бұйрықты орындап мұратқа жетеді, не екеуміз бас болып, біріміз қалмай осы жерде қаламыз. Не болса да жігіттермен қатар, ішінде болайық» деген келісімге келіп, ажырастық.



Адъютантым жұмсаған жерден қайта келген жоқ. Оның жолын біраз күтіп тұрып, алға кеттім. Қасымда жалғыз атқосшым, екі аты қатарымен жетектеп келеді. Аяқ астында-

ғы шыны қар басқан сайын сықырласа, тынық түнде әр басқан аяқ әлемнің айғақ жаршысы ғой. Николайға «кейін, кейін» деп оны шегіндіре беріп, қап-қараңғы түнде ақыры одан да айрылып қалдым.

Орманның шеті. Қала алда қарауытып тұр. Жап-жақын сыяқты. Мен жалғызбын. Артта қалған атқосшымды дауыстап шақыруға болмайды. Келе жатқанымды жақындағы дұшпанға жариялай алмаймын. Жалғыздығыма өзіме-өзім ызаланып, опық жеп, кідіріп тұрдым да, тағы да ілгері тартып кеттім. Алда бірдене ербең еткендей болды. Қараңғыда дос қайда, дұшпан қайданы ажырату қыйын. Дұшпанға кез бола қойсам менің онымен атысқаным досқа да, дұшпанға да жаршы болып, құпия сапардың барлығын бүлдірер деген оймен онатарымды қайтадан қабынан қозғағам жоқ.

Егер де неміс кез бола қойса оны қылышпен шабайын, я өңменінен шанша тығайын деген оймен қылышымды қынынан шығарып, серт ұстап келемін. Аяғымның ұшымен басуға қанша тырыссам да, қар-аязда майланбаған арбадай сықыр-сықыр етіп, әр қыймылымды менің келе жатқанымға айғақ етеді...

Алдымдағы қарауытқан қыстақтың шетіндегі оғаш тұрған шөп-шалам сарайы екен. Келіп көлеңкесіне жабыса қалдым. «Бұның ішінде кім бар екен?» деп, демімді ішіме тартып тыңдап тұрмын. Ешқандай дыбыс, ешбір белгі естілмейді. Бірақ өз құлағыма өзім сенбей қайта-қайта тыңдаймын. Ішіне кіруге жүрексінем, қобалжып қорқамын...

Дуалдарын жағалай басып, ақырын, ұрла-

нып, жылжып емес, сырғып келемін. Демім ішімде. Тыныс алудан қауыптенемін. Жылжый-жылжый дарбазасына жеттім. Тағы тындаймын, ішіне енуге қауыптенемін. Дарбазаға жабыса тындап тұрмын...

«Әлде немістің қарабасып ұйқтап қалған бір күзетшісінің үстінен шығып тұрмын ба!» деген күдікті сұрақ тағы үрейлендіре қорқытып, тұлабойыма бұғау салғандай, ауыр басады. Дуалға шегелегендей мықтап қаға түседі. Тұрған орнымнан қозғалтар емес... Маған тәуекел тағы медет болды. Қылышымды серт ұстап, сарайдың ішіне ендім. Тым-тырыс, үн қатқан бір пенде жоқ. Сенбеймін, әдейі дыбыс беремін, жан-жақты, пәле іздеп қылышыммен түрткілеймін. Ешкім жоқ... Өзімді-өзім орынсыз қобалжытып, қорыққаным мазақтағандай ішімнен күліп, сабанның үстіне отырдым...

Сағат төрт. Құлағымды алысқа түре салып тындап отырмын. Алыстан хабар күтемін. Назарымды Бородино жаққа аударамын. Трошковоға жорықтың жайын болжап кірмекпін. Ол табан асты, ж қын-ақ тұр.

Сағат төрттен бірнеше минут асып барады. Жакыннан хабар, алыстан сарын жоқ. Күтудемін. Бір кезде жырақтағы пулемет — «бытбылдык!» деп, екі сөзге «тілі» келмей, қақала қалды. Аңғарсам, дәл Бородиноның тұсы... Екінші жақтан тағы бір пулемет шанк ете қалып, лезде үні өшті... «Немістің күзетшілерінің шұйдесінен шонқыйта соғып, үндерін өшіріп жатқан біздің жігіттер ғой» деп ойланып тұрғанымда, алдымдағы Трошководан жер астынан шыққандай еміс-еміс атыс-

тар естіле бастады. Аяз үнді жаңғырта ала қашады. Естігенім далада атылған үнге ұқсамайды. Булыға, тұншыға, қарлыға шыққан дауыстар естіледі.

Алыстан шыққан дыбыс-сарындар мені үш қыстакпен «тілдестіріп», ақпар әкеп берді. Еңсем көтеріліп, аяғына дейін сәт сағат болғай деген тілекпен Трошковоға қарай тарттым.

Бір көшеден өте бергенімде, құлақшыны ербиген бір солдат алдымды кесе жүгіріп өте шықты. Мен оның соңынан өкшелей басып, ол енген үйдің табалдырығын аттай бергенімде, бір оқ тарс ете қалды. Қарасам, мамық төсек алдында ішкіімшең, мұрны сорайып бір сапсары неміс сілейіп жатыр. Автоматын серт ұстаған, бір қазақ жігіт маған үн қатпай, «көріп тұрсың ғой істегенімді» дегендей бір қарап, шұғыл бұрылып шығып кетті.

Мен үйішіндегілерге назар салдым: кестелі ақ дастарқапмен жабылған столдың үстінде түрлі тамақтар мен мойны сорайған шыныларда ішілмей қалған арақ-шараптың сарқыттары (шамасы, бұл үйде түн жарымына дейін серуендесіп отырысқан), кілем тұтқан қабырға, жап-жалтыр, ақ мамық төсек. Сол төсектің алдында әлгі өгіздей неміс тырайып жатыр. Оған таяу аға офицердің әшекейленген киімі орындық арқасында ілулі тұр. Төсек үстінде құс жастыққа шынтақтай, қалың жиірен шашы аппақ денесіне жайылған, қорланған сары әйел жатты. Үрейі ұшқан әйел маған қарап қалған. Екі көзі қараған сайын шарасынан шығып бара жатқандай...

Мен шығып кеттім. Көшені аралап келе

жатып, тұншыға шыққан атыс даусын естимін.

Шошып оянған немістер қарсыласуға шамалары келмей, бас қамын ойлап, кез келген қуыстарға тығыла бастаған екен. Біздің жігіттер тінтіп, тауып алып, жатқан жерлерінен сүйрей шығарып сазайын тартқызып жүрген үстінен шығып келемін. Әр жауынгердің өз тізгіні өзінде, өзіне-өзі би. Жекпе-жек, бетпелет жағаласқан соғыста оларға ешкімнің жарлығы жүрмейді. Жағаласқан жақын соғыстың заңы солай, оған сырттан қол сұғуға енді болмайды.

Трошково алынды. Таң бозарып атып келеді. Тұс-тұсқа құлақ салып қарасам, көрші қыстақтарда әлі ұрыс тыйылмай күмпілдеген атыс үндерінің сарыны шығып жатыр.

Басқа жақтағы жағдайды болжау үшін қыстақтың шетіндегі Бородиноға жақын бір төбешікке шықтым. Айналаны дүрбімен түгел көріп тұрмын. Әр қыстақта құлақшындарын ербелендетіп жүрген біздің жігіттердің топтары көрінеді. Оларды көріп істің ойдағыдай шыққанына сенер-сенбесімді білмей, қобалжу мен қуаныш қатар билеп тұрғанда, әр қыстақтан маған қарай бірді-екілі адам шыға бастады. Бәрін де алыстан танып тұрмын. Қарға малтығып, омбылай жақындап келеді. Мен оларды күтіп тұрмын. Түн жарымында өлімге аттандырған, түн бойы олардың өлітірісінен еш хабарым жоқ, майдандағы жан жолдастарымның ажал арасынан аман шығып келе жатқанын көріп, тамағымды бір түйін булықтырып, тұншықтырып барады. Көремін бе, көрмеймін бе деген жолдастарыңды соғыс-

тан кейін аман-есен көруден артық қуаныш болар ма! Міне, Мадияр арсалаңдап келіп, қол алысып бірдене деп тұр. Мамонов, Гундилович, Трофимовтар да келіп қалды...

Кешегі ой, түндегі қыял алда сағымдалған арман еді. Соғыстың көбінде іс нәтижесі ойдағыдай бола бермейді. Тап осы жолы ойдың, қыялдың, бұйрықтың сәті келгендей, бұлжытпай орындалуы танданарлық нәрсе. Сенерсенбесімді білмей, айналаға тағы көз жіберіп қараймын. Арнадай жосылып жатқан алты жол. Олардың тұйығын тұтып карауытып жатқан алты қыстақ. Жүгіріп келе жатқан біздің жауынгерлер, қасымда тұрған командирлер арқа сүйер асқар тауымдай, кеудеге қуаныш нұры толып, көңілім күндей жадырады. Россияның аязды қатты қысы, қар көмген байтақ дала көзіме ыстық, шырайлы көрінді. Командирлердің баяндамаларын бастан-аяқ тыңдап болып, оларға ризалығымды білдіріп қолдарын алып рахмет айттым. Топтарыңа барғанда жеңіс нысанасына жету үшін жанын аямай, күресіп жатқан ел азаматтары — солдаттарға алғыс айтуларын тапсырдым.

Батальон комиссары Трофимов баяндамасының соңында бар табыстың абройын маған меншіктей сөйледі. Мен қасымдағы Мадиярға қарап, жол торабын қолға алып, бекініске кірісіп жатқан топқа қарай қол сілтеп:

— Мен істеді дегенше,
Мың істеді десенші.
Мың істеді дегенше,
Ел істеді десеңші, —

дегенімде Мадияр жымың етіп күліп, Трофимовқа айтқанымның мазмұнын орысша аударып түсіндірді.

— Я, ел азаматтарының ісі — ер ағасына әруақытта да аброй, даңқ нұрындай үстіне жауған.

VI

Алған жердің бәрін аралап шыққаннан кейін мен генералға ақпар жаздым. «Жолдас генерал! Менің басқаруымдағы полк түнгі сағат төртте дұшпанға шабуыл жасап, азанғы сағат сегізде жалғыз Трошково емес, осындағы алты жолдың түйіні айқасқан алты қыстақты түгелімен алды. Дұшпанның шығыны 800 — 900 адам шамасында, біздің шығын әлі анықталған жоқ. Астан, бұйым, қару-құралдардан мол олжалы көрінеміз. Анық-қанығын білгенде, кейіннен толығынан мәлімдермін. Солдаттар, командирлер бұйрықты ойдағыдай орындады. Дұшпан бүгін қарсы шабуыл жасауы мүмкін. Қазір соған даярланудамыз. Сіздің бұдан былайғы бұйрығыңызды күтемін» — деген бір парақ қағазды офицер арқылы генералға аттандырдым.

Қағазға қол қоярдың алдында, оқып шығып комиссарым Мадияр маған үрейлене қарап:

— «Дұшпан бүгін қарсы шабуыл жасауы мүмкін», — деп қайталап оқып, — сен кімді бопсалап отырсың? — деді маған.

— Алдымен өзімді, сені бопсалап отырмын. Генералдың бізге берер жәрдемі жоқ.

Оған, бірақ, болашақ есінде болсын деп жазып отырмын...

Мадияр біраз тоқталып, ойлап тұрып ақпарға қол қойды. Одан кейін жұлып алғандай менің жеңімді тартып:

— Жаңа ғана түсіндім, — деді ол, — бүгін қарсы шабуыл күмансіз болады. Мына алған алты жол бүйірімізге қадалған алты найзадай болып қадалмаса игі еді...

— Я, сыйынар күш артта, алыста. Қазірше бар күшпен бекіну керек. Бекіну, бекіну. Алғанды берік ұстау біздің ендігі мұраттың ең зоры.

— Артымызда Соколово. Одан қауып басқа жаққа қарағанда аз көрінбейді, жолдас командир, — деді қасымдағы Мамонов.

— Айнала қорғанып бекіну керек, — деді оған Мадияр.

— Жолдас комиссар-ау, — деді ол оған, — аз ғана күшті, кішкене шағын көрпедей не аяққа, не басқа тартуға болмайды...

— Резинкедей созып, аяқ-басқа жеткізу керек болды, жолдас Мамонов, басқа жақтан медет жоқ көрінеді ғой, — деді Мадияр.

— Сорая созылудың керегі аз болар, Мадияр, — дедім мен, — топтана күш жыйнау керек. Дұшпан алты жақтан бірдей соға қоймас, кезек соғар. Әсіресе, қауыпты жақ қайдан екенін алдымен белгілеп алалық.

— Алты қанатымызда қауыпсыз жақты мен көріп отырғаным жоқ, — деді ол, — барлығы да өте қатерлі, осы 5—6 күннен бергі қырғын соғыстың кілті осы жерде екеніне көзіміз жеткендей болып отыр. Дұшпан «жақсы келіпсіздер» деп бізге рахмет айта қоймас.

— Ол анық, жолдас комиссар, ол даусыз, кұмансіз, — деп оны Мамонов қостады.

— Оған көзім жетеді. Қауыптың бәрі алда. Тойдың әкесі болашақта жағыр, — деп Мадияр күрсініп маған қарады.

— Бізге қай жақтан келсе де, жау танктері қауыпты. Оны ойранын шығарып алатын біздің артиллерия жоқ. Олар артта. Біз тілегенімізбен жөппелдемеде жете алмайды, — дедім мен оған.

— Я, қатер, қауыптың барлығы сонда деп ойлаймын мен, — деді ол, — манағы таңертеңгі қуаныш ерте қуаныш, бізді күні бұрын келіп мәз қылып жүрген қуаныш болып жүрмесе игі еді.

— Не болса да, жолдас комиссар, аларымызды алдық, — деді оған Мамонов, — алдағыны тағы көре жатармыз, несін уайымдаймыз.

— Уайым командирдің ойының кең саласының бірі, — дей бергенімде, Мадияр:

— Соғыста уайым ой түбіне жеткізеді, — деп менің сөзімді бөліп, маған тағы карап, — Бауыржан, сөзің аузында, айыпқа бұйыра көрме, — деп әдеппен, — неше күннен бері ұйқтамай, аяз сорған, өнебойы жорық пен соғыстан шаршап, шалдыққан жігіттер тың жатқан жаудың мол күшіне кездесе қалай шыдар екен...

— Я! Жолдас комиссар, халіміз өте қауыпты, — деді оған Мамонов, — күш әкесін танымайды дегендей, тың күш тындығын, әрине, істейді.

— Ал енді уайымды соға бермеңдер, — дедім мен екеуіне, — аларымызды алдық. Жү-

ріндер, жер жағдайын аралап жүріп байқалық. Ол ойымызға ой қосар, — деп бастап жүріп кеттім. Алған жерді аралап жүріп келеміз. Солдаттар қалың қарды қопара көтеріп ор қазып жатыр.

Жерді аралау командирдің бір тоқтамға келуіне үлкен себептің бірі. Жер жағдайы оның ойына ой қосып, көп күдікті нәрселерді анықтайды. Киім пішкендей көлденең, ұзынын көрсетіп, жағдайды екшетеді. Жер жағдайына қарап тұрып командир ойымен соғысады, жеңіледі, жеңеді, қашады, қуады. Жер — сахна, оны көріп тұрып командир оймен репетиция жасайды.

Аралап жүріп келеміз. Жер жағдайына қарап: «мына жаққа әзір болыңдар», «мына жолды мықтап ұстайтын болыңдар», «ана жонды қыйғаштап ататын болыңдар» деген сыяқты нұсқауларды жолшыбай топ басшыларына айтып өтіп барамын. Кей жерде кідіріп тоқтап, олардың ой, пікірлерін тыңдап, солдаттармен үш — төрт ауыз сөз қатысып келеміз.

Солдаттар бала мінезді келеді. Соғыстағы қыйыншылық жағдайында жүрген адамға жақсы сөз жарым ырыстан артық. Командир жақындап келе жатқанда ол алдымен тұрпатына қарап, қабағына көз салып, іззет тұтып тұрады. Ақ ниетімен жанын аямай атқарған жауынгерлік қызметіне әділетті баға алғысы келеді.

Солдат ер көңілді болады. Ол қатты айтылған әділетті тура сөзге шамданбайды, көңіліне алып, кек сақтамай, жөнге жығылады.

Соғыстың ең ауыры солдаттың мойнында. Ол жағдайды сезеді. «Баратын да, істейтін де мен гой, жөндеп жұмсасаңшы» дегенді жауынгерлердің көзіне көзім түскенде талай сезгенмін. Жауынгердің өз тағдырын командиріне сеніп тапсыруы нарға артқан ауыр жүкпен тең.

— Ерліктеріңе, қызметтеріңе рахмет, азаматтар! — деп жолшыбай солдаттарға алғыс айтып келемін.

Бірақ та арамызда бұрынғыдай дәнекер, берік байланыс жоқ, оны мен де, солдаттар да сезеді, сеземіз. Бір-бірімізге сыр бермеуге тырысамыз. Кейбіреулер маған таңдана, сос-тыя қарайды. Кейбіреулер езуін жыйып күлімсірегендей болады. Оларға мен де емірене игендей, түсімді жылыта қарағым келеді.

«Менің көргенімді сен көрсең» дейді маған әдепті қараған солдат көзі.

«Менің қабырғамды қайыстырған сенің басыңа түссе...» деп қараймын мен оларға. Оларда үн жоқ. Мен де үндемеймін.

Содан кейін екінші топқа қарай жүріп кетемін. «Дұшпанның кешікпей-ақ қарсы шабуыл жасауы мүмкін. Оны тұс-тұстан күтуге болады... Қолымыздағы жолдардың барлығы қыстақтарға кіре берістері қолдан шығарылмайтын болып берік бекітілсін. Барлық командирлер мен саяси нұсқаушылар топ ішінде басы-аяғына дейін өздері бірге болып, қарсы шабуылды тойтару жайын ойластыруды міндеттеймін. Шегінуге жол жоқ. Жауынгерлерге жағдайдың ашығын айтып түсіндірсін. Әр топтың сенгені өз күші ғана. Басқа жақтан жәр-

демге ешкім дәмеленбесін», — деп бұйрық жазып, бір көшірмесін генералға жолдадым.

— Мадияр, мына ауылдын... — дей бергенімде:

— Бала-шағалары ма? — деді ол.

— Я, соларды кайтеміз алдағы соғыста! Қайда тығып, қайда орналастырамыз оларды, — деп маған сұрақ берді.— Оқ борандай жауа қалса олар бекерден-бекер ұшып кетеді ғой,— деп, Мадияр тағы да қыйнала ойланып тұрып, бір нәрсені ойлап тапқандай, қуанған түрде, — үйлерінің астында подвал, жертөлелер бар,—соған орналассын да, соғыс аяғына дейін шықпасын деп елге жария салу керек. Жаман айтпай жақсы жоқ дегендей,— деп ол өзін-өзі мақұлдап далаға шығып кетті.

Кекті жау орала соқса, артқы күшің жетпестен бұрын соқса, мына даңғыл алты жолмен андатып танктерін жұмсаса, — қауыптың әлі алда тұрғаны емей немене! Қатер де, қорқыныш та алда. Қуаныш осы екі белдің аржағында жатыр. Оған дейін көп күн мұзды өткел, тар жол, құз-қыялы асулар жатыр. Біздің жігіттер соны сезіп, соған түсініп «қарман, қарман да қамдан» дегендей қызу қыймылда. Қыстақтар шетінде жолдар бойындағы қалың қарды күректермен бората, аударатөңкеріп, қопарып, адам бойы ор қазып жатыр. Командирлердің қабақтары түюлі, көздері жау күткен жақта. Жаудан әлі хабар жоқ. Күте-күте көз талғандай болды. Батыстан іри жыртылған сұйық тұман арғы белден біз жаққа қарай жылжып келеді. Жігіттер кешеден бері нәр татпаған еді. Қазылып бол-

ған ор түбіне отыра қалып, тоңазыған жол азықтарын мұздай опырып, қанттай қаршылдатып шайнап, қорек етіп жатыр.

Талай түнді көзбен атқызып, қар жамылып, мұз төсеніп жүрген кезіміз ғой, дуалға сүйене беріп қалғып кетіппін. Қенет зу-зу ете қалған оқтан көзімді ашып алдым. Қапылыста не болып қалды дегендей әркім өз орындарына ұмтылды. Мен орталықтағы бір сарайдың панасында тұрмын. Қарасам, тұманның ішінен қаптай шығып келе жатқан ақ киімді дұшпанның легі жүре атып, оқ жаудырып келеді. Қалың оқ жаңбырдай жауып, бас көтертер емес. Біздің жақтан ешқандай қару-жарақ дыбыс қатпайды. Бұларға не болып қалды! Андап келе жатқан жаудың легін неге атпайды. Немістердің біреуі де жығылмай-сүрінбей қаптап келеді.

Қол астымда төтеннен жұмсауға резервім жоқ.

Командирлері қайда! Біздің жауынгерлер бас көтермеуі қалай? Азаннан бері қарды қопарып өзімізге көр қазып па едік!—деп тұрғанымда, «уа» деп біреу жаныма құлай кетті.

Қарасам, аласа бойлы, бет-аузын түк басқан, орта жасқа келген кісі, қолын көкірегіне қусыра құлап жатыр. Біздің дивизияға жақында саяси бөлімнің бастығына орынбасар болып тағайындалған, аға батальон комиссары Гусевті таныдым. Бұл қайдан келіп қалды? Оның аузы-мұрнынан қызарып қан көрінді. «Е, байғұстың аузынан тиген екен ғой» деп басын сүйей бергенімде ол қыйнала ыңырысып:

— Мені қой, қалқам... соғысты басқар, — деді.

Қайдан келіп қалғанын қайдам, қарасам, қасымдағылардың біреуі Мәлік.

— Ойбай, Мәлік, аналарға тез жүгір. Қырылып қалмаса бастарын көтерсін. Келіп қалды ғой, — деп сөзімді аяқтағанша, Мәлік автоматын серт ұстап, бұғып жатқан лектерге қарай тұра жөнелді.

Немістер тіпті жақындап қалды. Жау басынып, айбынды келеді... «Ал, кешеден бергінің барлығы зая кетті деген осы» деп жүрегім сұлық түсе бергенде, оң жақтағы бір шоқыдан 5 — 6 автоматшылар жер астынан шыққандай, автоматтарын безілдете ата, жүгіріп келіп қалған неміс тобының сыртын ала беріп ұрандай айқайлап тиісті. Бүйірден соғу қандай жаман: жау легінің сол қанаты жапырыла құлай бастады. «Айналып кетейіндер...» деуге тілім келгенше, жаудың оң бүйірінен Мәлік бастаған жыйырма шақты адамдар да атқылап қарсы шапты.

Мен алға бақтым. Ентелеп басымсынып келе жатқан жау солдаттарының шат-шәлкейі шығып, қалбалақтап оққа ұшып, мұрттай құлап жатыр. Немістің топтары үш құйынның арасында әрі-бері шалқалақтап, тірі қалғандары үріккен қойдай дүркіреп, кейін шегіне қашты.

— Аман құтылғаны аз, — деп Гусевке қуана қараймын.

— Дұрыс, — деп ол әлсіреп көзін ашады.

— Халіңіз қалай, қай жеріңізден тиді?

Жауап қата алмай, Гусев көзі бозарып, қабағын жабады. Иығынан дем алып, есінен

танып жатыр. Мен жалма-жан оның омырауын ашып қараймын. Көкірегінде Россия құрамасының депутаттық белгісі бар. Қолымды омырауынан сұғып, арқасын сыйпағанымда, жонынан аққан жылы қанды сездім. Екі ок оның өкпесін тесіп өткен екен. Санитарды шақырып алып оның жарасын тандырдық. Салқын ауа Гусевті қайтадан есіне келтірді. Сенченко қалбалақтап, жаралының қасынан шықпайды. Жанындағы флягасының тығынын ашып Гусевтің тірілгеніне қуанғандай:

— Мынадан бір — екі жұтыңызшы, жолдас комиссар, — деп оның аузына ұсынды. Ол екі жұтып барып қақалып, қолымен фляганы итеріп қағып, демін ала алмай:

— Пу, не деген удай нәрсе еді, — деді.

— Спирт, жолдас комиссар. Дәрігерлер дұрыс болады дейді...

— Дұрысын қайдам, ішімді өртеп барады.

— Мынаны асаңыз, — Сенченко қалтасынан алып, тоңазыған май ұсынды.

Гусевті тонға жылы орап, шанаға салып Мадияр екеуміз: «жараңның түбі қайырлы болсын, тез айығып кетіңізді» айтып қоштастық.

Кетердің алдында ол бізге қарап:

— Менің екеуіңізге де бір тілегім — жауынгерлер мен командирлерге ұрыспаңыздар. Соғыста кім саспайды. Ғабдуллинді батырлыққа да тапсыруға болады, — деп сөзін әлсіреп, зордың күшімен аяқтай беріп, — әрине, ол менің ойымша ғана, — деді.

— Ғабдуллинді батырлыққа... — деп кетіп бара жатқан жайма шананың ізіне қарап тұрып, Мадияр: — бала мінез, ер көңіл, кішіпе-

йіл біздің Мәлік тірі ме екен? — деп үрейлене сұрады.

— Соғыс жаңа ғана аяқталды ғой, адам жіберіп білейік, — дей бергенімде, бір көшенің арғы шетінен шаршап, екі қолы салбырап келе жатқан Мәлікті көрдік. — Ой, сен қайдан жүрсің, тірімісің? — деппін қуанғанымнан.

Мәлік жымыя, езу тартып:

— Қайдам, соған өзім де түсінбей келемін, — деді.

— Ерлік көрсеттің... — деп қасымдағылардың барлығы Мәлікті қуана қоршап алды.

Аспандағы сұр бұлттан күн көзі көрініп, ол да бізге қуаныш қосқандай жарқырап тұр.

Жау жағадан алып, қысылтаяң шақ туып, ер сасқанда қыядан ұшып, қырандай тиген алтау кімдер екен? Оларды бастаған қандай ер? Ол кім?

— Анау жақтан шыққан алтау кім еді? — деп мен Мәліктен сұралым.

— Біздің ротаның жігіттері болар, — деп ол күмілжіп жауап берді.

— Анық-қанығын білу керек! Олар тірі ме екен?

Мәлік бір нәрсе айтайын дей бергенде, сол жақтан тағы да оқ жауып қоя берді. Жау бүйірден тиіп, жаңа шабуылын бастады. Барлығымыз орны-орнымызға тұра жүгірдік...

Күні бойы шабуыл артынан шабуыл. Біресе оңнан, біресе солдан кезек, әр әдіске салып, әр тұстан соғып, бізге дұшпан өшіге тиіп, бар күшін салып-ақ бақты. Біздің жігіттер де тайталаса арпалысып, орнынан қозғалар емес... Дұшпанның шабуыл толқыны шығын үстіне шығынға ұшырап, тойтарылуда...

Тағы бір шабуыл тойтарылып аяқтай бергенде генерал келді. Қаймыға шегініп баратқан дұшпанды көріп, аттан түсе беріп:

— Неғып тұрсың аналарды өкшелей күмастан, — деп маған зеки бастады.

— Жолдас генерал, бізге бекінген орыннан қозғалу өте қауыпты, — дей бергенімде, генерал санын бір ұрып күрсініп, тұрған жеріне отыра кетті. Әбден құсаланды білем, ашулы көзімен маған бір қарап, орнынан тұрып, бұрылмастан алға қарай жүріп кетті.

Мен тұрған орнымнан қозғалмай қала бердім. Мамонов генералдың соңынан ере жөнелді. Мамонов генералға бастан-аяқ істеген істерімізді көрсетіп, бір сағаттан кейін қайта ілесіп келді.

Генералдың түріндегі ызғары сынған, бұрынғысынан көңілді.

— Бауырым, қарт ағанды айыпқа бұйырма. Сәл, қызбалығым билеп кетті... Бірақ та, барлық жағдайдың анық-қанығына жету өте қажет болды, — деп, басқа сөз қатпай аттанып жүріп кетті.

Біз барлығымыз генерал орманға еніп кеткенше қарап тұрдық.

— Ер көңілді, жігіт ағасы біздің генерал, — деді Трофим.

— Я, кішінің алдында кішірейіп, кешірім сұрағаны адамгершіліктің ең үлкен дәрежесі, — деді Мұхамедияров.

Осы кезде бір солдат келіп маған қағаз ұсынды.

— Саяси басшы Мәлік Ғабдуллин жіберіп еді, — деді ол.

Дәптерден жыртып алынған бір жапырақ қағазға Мәлік қазақша «Батырлар тобын бастаған батыр Төлеген екен» деп жазыпты...

Күндізгі сағат үш. Түс қайтқан мезгіл. Зеңбіректер бізді атқылай бастады. Оғының көбі Бородиноның үстіне түсіп жатыр. Ысқыра зуылдап келіп түсіп, жаңғырта жарылып аспанға көтерілген құйындай түскен жерін қопара көтеріп жатыр. Бірнеше үйдің күлі көкке ұшып, быт-шыты шығып, өртене бастады. Қыстақты қара түтін қаптап орап алды. Бұрынғы сирек атыс үсті-үстіне үдей бастады...

Немістің алтыншы шабуылы басталды. Бұл жолы дұшпан бұрынғыдай бытырамастан, жыйналып, топтана, ашына, алғырт соқты...

Бірінің артынан бірі қаз-қатар тізілген үш топ қарға омбылай, анталай басып келеді. Бородинодағы біздің адамдар айнала гүрсілдей жарылып жатқан снарядтан бас көтере алмай жатыр. Немістер қаптап жақындап келіп қалды. Алыстан атқан зеңбіректер құлашын асыра сілтегендей Бородинодан асыра ата бастады. Снарядтар менің алды-артымда тарсылдап жарыла бастады. Кейбіреуі масадай ызындап, зуылдап өтіп жатыр...

Кенеттен біздің бір пулемет жау жағасынан ала түсті. Оны қостағандай окоптардан да, тұс-тұстан оқ даусы шыға бастады. Кейбіреулері оққа ұшып, дұшпан қатарлары ыдырап, сирей бастады. Бірақ арттағылары ентелей басып, жығылғандардың орнын толтырып келеді. Біздің пулеметтің үні өшті. Немістер

жүгіріп, атой салып, қыстаққа анталай ене бергенде, біздің жігіттер оларға қарсы жүгірді. Екі жақ араласып, анық жағалас қоян-қолтық ұрысқа кірісті. Бірін-бірі атып, қолға түскен нәрсемен төпелеп, жағаласа арпалысып, ұйқы-тұйқы болып кетті.

Біраздан соң атыс саябырсып, шу ұлғая бастады.

— Не болып қалды?!

— Екі жақтың да қорамсақтағы оқтары біткенге ұқсайды.

— Әне, қараныз, найзамен шанышқыласып...

— Мылтықтың шұйдесімен шоқпардай соғып...

— Аналар жағаласа құлады, өне арпалысып жатыр.

Оң жақтан жәрдемге келе жатқан бір топ неміс Бородино тұсына тақап та қалды.

— Гундилович, сол жақтан тез жәрдемдес!

— Кетті, жолдас командир,—деп телефонмен жауап қайтарды.

— Өртті сөндіруге де адам жұмса, — дей бергенімде, Мадияр бір топ тұтқын немістерді айдап келді.

— Алтыншы шабуыл да біткенге ұқсайды, — деп ол тұрған жеріне отыра кетті.

— Ей, сен қайда жүрсің манадан бері...

— Ананың ішінде болдым, — деді ол Бородиноға карап,—әйтевір келгендері қайтқан жоқ, — ендігіп, түймелерін ағытып, желпіне бастады.

Сүмірейіп тұрған тұтқындарды Мамонов ертіп кетті.

— Я, Бауыржан, Мәліктің ротасындағы Төлеген Тоқтаров мына арпалыста ерлік өліммен қайтыс болды, — деді Мадияр, ауыр күрсініп.



Кеш батып қалды.

Қорғасындай сұр бұлт аспанда ауыр жылжып келеді. Жел елек қарды көтеріп әкетіп жаяу борасындата бастады.

— Немістен тынысымызды жаңа ғана ала беріп едік, міне саған, жан шақыруға шамамызды келтірмей, мынаның түнере қаптап келе жатқанын карашы, — деді Мадияр сұқ колымен алыстағы боранның қою қара құрымына қарай сілтеп, — әйтеуір, әлек-шәлегі кезекпе-кезек шығып тұрған әле.

Жаяу боран қарды жосылта қуып, біздің окоптардан асыра, алыс әкетіп барады.

— Мұның мықты күші әлі артта жатыр. Ана қарақұрым қара бұлт ымырт жабылмай-ақ бізді түнере баспақ болар, — дедім мен.

— Аяз қоршап, боран булықтырып, куйын қылғындырып, — деп Мадияр қыйналып, — қап, еш болмаса бір — екі сағат жігіттерге тыныс алар жағдай болмады-ау, — деп, ызаланғандай жерді тепті. Оған ерегiскендей, жел булыға үдей соғып, қар суырып бұрқырай жөнелді.

— Командирлерге мынандай бұйрық: қыстақтағы үйлерге ешкім жатпасын. Барлық адамдар окопта түнесін. Еш жерде от жағылмасын. Қараңғы түн қараңғы қалпында

тұрсын. Солдаттар тоңбау үшін астарына сабан төсеп алсын. Әр онның үшеуі постыда, бесеуі ұйқтайды, екеуі күрекпен боран үрген қарды аршып, күреп, орды тазалауда болсын. Үш офицердің екеуі демалып, біреуі жатақты аралап бас-көз болып жүрсін. Айнала бақылау патрулін ұйымдастырыңыз. Әсіресе, Соколов жағына сақ болыңыз. Бүгінгі түнге менің айтарым осы,—деді мен. Мамонов бетке соғып тұрған желден ықтанғандай қынжыла бөгеліп:

— Жолдас командир, жігіттер өте... — дей бергенде:

— Не деп тұрсын! — дедім мен оған ақырып, — мен оны білмей я ойламай айтып тұр дейсіз бе? Сізге жақпай тұрғаны жылы үйге жатқызбағанымыз ғой! «Ұйқы өлімнің шақырушысы» дегендей, біз өткен түнде жауды жылы төсектен тұрғызбай бастық. Егер де біздің шаршап, бақайына дейін суық сорған солдаттарды жылы үйге енгізсек, кейіннен оны зеңбірек атып ояту қыйын болар деймін. Сондықтан жылы үйде жатуға рұқсат жоқ.

— Мамонов, сізге мен түсініп тұрмын, — деді Мадияр байсалды дауыспен, — бірақ командирдің ойы дұрыс. Солай емес пе? — деп оған күлімсірей карағанда:

— Дұрыс, жолдас комиссар, — деді Мамонов та маған тәжім етіп, — рұқсат етіңіз, мен барайын.

— Рұқсат, барыңыз.

Мамонов түнге қамдану туралы жарлықты орындауға кетті.

Ол аяғын басқан сайын аязсынып тұрған қар шыны сынығындай шықыр-шықыр етеді.

— Сенің зекіре сөйлегенің оның көңліне тиіп қалды-ау, — деді Мадияр маған.

— Байқаусызда аузымнан шығып кетті. Өзім де оныма өкінгендей болып тұрмын. Ол кінамшыл да емес бірақ.

Біраздан соң Мамоновтың штаб офицерін ертіп ор басына кетіп бара жатқанын көрдік.

Қаптап келе жатқан қарақұрым бұлт батып бара жатқан күн сәулесін қара шымылдығымен жауып, кешті ерте түсірді... Жел үдей соғып, ыңырсығ ұлып, жер үстін аппақ түтек етіп, қар тозаңын көзіңе тығады.

Ордан шыққан адамдар боранның сұрғылт тұманына белуардан малтығып тұрғандай көрінді... Кенет ақ түтек лезде жоғарылап, сағымдалып тұтас жұтып жібергендей айнала маңат көзге таса болып кетті. Қараңғылық жер бетін қарымды құшағына алып, қатты қысып, жан баласына көрсетпей, алып тұлғасымен жаба қалғандай.

— Ал, Бауыржан, мен оларды аралап шығайын, жігіттер ішетін ыстық ас даяр ма екен, — деп Мадияр тез-тез басып қараңғылық қойнына кіріп кетті.

Мен, түн қамы туралы берілген жарлық қалай орындалып жатқанын өз көзіммен көріп байқайын деген оймен, ор жағасына кеттім. Алда не бар, не жоғын болжап болмайды. Тайып, сырғанап, сүріне жығылып келемін. «Көз қорқақ, қол батыр» дегендей, ой-қырды болжайтын аяғым ғана. Қырға шығайын деген оймен екі — үш кадамдай көтеріле бергенімде, кенеттен аяқ астымдағы қар опырылып, төмен қарай құлдыйлай жөнелдім. Сол зымыраған күйіммен зымырап отырып, дарға

асылғандай салбырап, бір ілгішекке іліндім де қалдым.

— Ей, сен кімсің? Бұл жерге сені қандай сайтан еліктіріп алып келді! — деген дауыс аяқ астымнан шығады, — өгіздей денеңмен басып, шаңырағымды ортасына түсірдің ғой, — деп балағаттап жатыр біреу.

— Қыршаңқы тайдай аяғыңмен тепкілеген қандай жындысың, — деп ақырды тағы да жер астынан, — кел бермен, не қайтадан шық, — деп аяғымды бір ауыр нәрсемен әлінің барынша соқты. Малтығып жатқан мені көріп адъютантым маған қолын соза бергенде:

— Мейлі, ана жерде жолығармыз, — деп қанатын қусырған құстай екі шынтағымды бауырға қысып төмен қарай құлап түстім. Аяғым жерге барып тиді. Қап-қараңғы үңгірдің ішіндемін.

— Мұндағы кім боласың? — деп сұрадым мен.

— Өзің кімсің? Алдымен жөніңді айт! — деді маған ашулы дауыс, — күні бойы терлеп-тепшіп істеген жатағымызды аюдай ауыр денеңмен опыра жойдың.

Қалтамдағы шам тетігін басып мен жарық түсірдім, қардан қазылған үңгірдің бұрышында еңгезердей, құлақшынын түсіре киген, ақ киімді жігітті көрдім. Қалта шамның найзадай жарығы оның бетіне түскенде көзін жыпылықтатып, ол жарыққа алақанын көлегейлей қарады. Бірақ мені көре алмады. Мен қалта шамның жарығын әр бұрышқа жүгірте қарадым. Жерге салынған сабан төсектің үстінде солдаттардың жорық коржындары қатар тізіліп қойылған. Шам жарығын жоғары кө-

терсем, жаңағы мен түскен тесіктен таң қала қарап тұрған адъютантымның келбеті көрінді.

— Секір бермен, мұнда азырақ тыныш көрінеді, — дедім мен оған. Ол тесіктен ырғып түсті. Үңгірдің іші тағы қарға толды.

— Ей, сендер жын соққаннан амансыңдар ма, — деді еңгезердей жігіт. Есі дұрыс кісілерге есік істелген. Сендер шаңырақтан секірген сайтаннан саусыңдар ма?

— Не деп мыжып тұрсын, — деп ақырды адъютант, — полк командирі екенін көзің ағарып көрмей тұрсың ба?

Солдат сасып қалып:

— Мына қараңғыда кімді ажыратасын, ғафу етіңіздер, — деді айыпты дауыспен.

— Мейлі, інім, оқасы жоқ. Түндігін жапсаң, сенің үйің тағы да бұрынғысындай тыптыныш болады, — дедім де, есіктегі плащ-палатканы жұлып алып, адъютанттың қолына беріп, — шық жоғарыға, жап үңгірді түндікпен, — деп бұйырдым. Солдат пен адъютант плащтың шетін қармен көміп, үңгірді бітеп тастады.

— Ал, мырза, айып бізден, — дедім мен жауынгерге күліп. — Енді татуласалық, бүлінген нәрсең түзелді ғой. Ат, шапан айып, — дегенімде солдат қарқ-қарқ күліп жіберіп:

— Оқасы жоқ, жолдас командир, ғафу етіңіз, — деді.

— Ал енді аты-жөніңді айт, — дедім, — басқалар қайда, жалғыз өзің негіп отырсын?

Жауынгер жүгіне отырып:

Екеуіміз сақтық постыда тұр, мен мына пананы бітіріп отыр ем. Қалғандарын сержант асқанаға жаңа ғана алып кеткен, — деді.

— Қыстақтағы үйлерде кімдер түнейді? — деп сұрадым онан мен.

— Мүмкін, офицерлер бар шығар. Біздің тобымыз барлығы осы жерде. Қыстаққа жолғағанымыз жоқ, — деді ол, — кеш бата бергенде аға саяси нұсқаушы Трофимов келіп үйге орналасуға полк командирі ешкімге рұқсат бермеді деп айтты. Неміс келіп, ұйқы үстінде басып қалуы мүмкін деді...

— Дұрыс, ерім. Жолдастарың келгенде солай деп айтарсың. Неміс түнде келіп, ұйқы-тұйқымызды шығарып жүрмесін. Сергек болындар бүгін, — дедім де темекі сұрадым.

— Фрицтің сабанын олжалап тартып отырмыз. — деп ол қойнынан сигарет алып ұсынды.

— Атың кім, ерім? — деп сұрадым мен одан темекі тартып отырып:

— Алешин Андрей, Павлодар өлкесіненмін, Қазақстаннан.

— Ал Төлеген Тоқтаров сіздің топтан емес пе?

— Оған не болды, жолдас капитан? — деп ол үрейлене маған сұрақ қойды.

— Ол бүгін ана сүтін ақтағандай ерлік істеді, — дедім мен.

— Я, ол ұстараның жүзіндегі өткір жігіт. Олардың тобымен мен бір вагонда келдім. Өзіміздің кішіпейіл, ақкөңіл жігіттің бірі... Күлкішіл, әңгімеқұмар біреу. Жол бойы өлен айтып, әңгіме құрып келіп еді. Сөздің майын тамызып сөйлейді. Ішінде жалыны бар жігіт болып шыққан екен ғой, — деді Алешин сөзін аяқтап.

Төлегеннің өлімін мен Алешинге естірмей

онымен қол алыса қоштасып, қар үйшіктен шықтым.

Қараңғыда тап-тар ор ішімен бұрқырап тұрған бораннан бұлғақтап келе жатырмын.

Әркім өз орнында — кейбіреуі постыда, кейбіреуі орды тазалап, қарды аршып жатыр, кейбіреулері тамақтан қайтып келеді. Мені дауысымнан таныған солдаттар мен офицерлер ордың қар дуалына сүйене тұрып қалып, маған жол беруде.

Кенет аяқ астынан шыққандай сарт-сұрт етіп, үш рет мылтық атылды.

— Не болып қалды? — деп постыда тұрған солдаттан сұрадым.

— Жауынгерді жерлеп жатыр, — деді ол дірілдеген дауыспен. — Қош, достым, серігім, — деп жауынгер солқылдап жылап тұр.

Мен фонарымды өшіріп, қараңғылық қойнауына ілгері қарай кеттім. Көз алдымда бүгінгі өткен соғыстың сыйпаты кинопердесіндей бірінен кейін бірі елестейді.

Қараңғыда боранмен арпалысып штабқа жеттім. Штаб қыстақ шетіндегі бұзылған мектепке орналасқан еді.

— Бері жүріңіз, жолдас командир, бері жүріңіз, — деп мені көре салысымен атқосш ім Сенченко үйге алып келіп, — комиссар да осында отыр, — деді.

Үй ортасында, кішкене темір пештің үстінде сақырлап қайнап шайнек тұр. От басында қайнаған суды ернін күйдіре үрлеп ішіп Мадияр отыр...

— Қелдің бе? Мен де зорға жеттім, — деді, — ыстық су ішіп жанымды жаңа ғана шақырып отырмын, — деп үстін-үстін үрлеп ішіп

отырып,—мен асқаналардың барлығы таң атқанша ыстық су қайнатып, окоптарға шелекпен тасып тұрсын, деп бұйырдым.

Мен жайғасып болғанша қойын-қолтығы қарға толып, Мамонов кіріп келді де, құлақшынының бауын ағыта беріп, баяндай бастады:

— Барлығы бұйрық бойынша, жолдас командир, істеліп жатыр, — деді ол қызарып кеткен бетіндегі еріген қарды қолымен сүрте күлімсіреп. — Дала түтеп тұр, тыныс алдырар емес.

— Бақылаушылар ше? — деп сұрадым мен.

— Оларды, жеке басқарып тұру үшін сырғанаққа мінгізіп аттандырдық.

— Мына қараңғыда, боранда, өзіміздің адамдар бірін-бірі танымай атып тастап жүрмесін, — деп үрейленді комиссар.

— Жоқ, жолдас комиссар, ол жағынан қауыптанбаңыз. Әр ротада хабаршылар тағайындалды. Белгілі жерде кездесіп, белгілі нысанамен, бірін-бірі танып тіл қатысатын еттік. Барлық жағын ойлап келісіп алдық алдымен, — деді кішіпейіл Мамонов.

Үстімдегі қарды қағып болып мен де орналастым. Командирлер келіп, қысқаша баяндап өз орындарына кетіп жатыр... Пешке жақын отырған Мамонов планшеткасын ашып, картасын шамның жарығына ұстап қарап:

— Жолдас командир! Соколово гарнизоны мына боранды пайдаланып, Соколовоны тастап, бізді басып өте шығуы да мүмкін, — деді сұқ қолымен картаны сүрте көрсетіп. — Мына даңғыл жол бізге жап-жақын 4 — 5-ақ километр... Бұдан басқа жол мынау, — ол айналма жолды көрсетті, — өте алыс, мұнымен ора-

ғытып жүріп, оның өз тобына қосылуына көп уақыт керек. Әрине, оған мына бізге алып келетін даңғыл төте жол тиімді... — деп Мамонов, дұшпанның қыймылындағы мүмкін боларлық болжауларын бізге орынды дәлелдермен айта бастады. Біз комиссар екеуміз оның сөзін бұзбай, мұқыят тыңдап отырмыз. Ол дұшпан туралы барлық ой-пікірін ағытып айта берді. Мамонов жұмбақ шешкендей Соколоводағы неміс командирінің ішіне кіріп шыққандай, оның ойындағысын тапқысы келіп, «қайтер екен» деген болжаудың бірнешеуін салалап ойлап, айтып отыр.

Мамоновтың мұндай ойшыл сырын біз білмеуші едік. Ол ұқыпты, адал, момын офицер еді. Сондықтан оның ой-пікірін таңдана тыңдадық.

— Сіз жағдайды дұрыс бағалап отырсыз, Мамонов жолдас, дәлелдеріңіз орынды, — дедім мен оған. Ол оған қуана мақтанғандай жүзі жарқырап сөйледі.

— Я, Соколоводағы немістің халі — өте қатерлі хал. Олардың бақытына мына түтеп тұрған боран... — деп мақұлдады комиссар.

— Егер де мына бүгінгі боранды пайдаланып орнынан қозғалып кетпесе, жолдас комиссар, олар ертең капут,— деді Мамонов.

— Мына түнді пайдаланып, қараңғыда басып қалып, ол бүгін бізге капут етіп жүрмесін. Оның танктері бар ғой, алдымен танкін жіберіп, бізді жатқан жерімізден бас көтертпей, атқылап тұрып алып, ілгері қарай басып өтіп кету оған оп-оңай, — дегенімде, Мамоновтың түрі қауыптене, даусын бәсеңдетіп:

— Далада ат құлағы көрінбейді. Қайда көздеп, кімді атарсың. Жау қайда. жақын қайда екенін тастай қараңғыда қалай ажыратарсың, сүйкенбесе, жанай өткенді сезер түн емес.

— Әрине, ол барлық ауыр техникасын орнында қалдырып, атты, жаяулы болып қана қараңғы мен қалың боранды жамылып, бізбен соғыспай, іргемізден өтіп кетуі де мүмкін. Бақылаушы, шолушыларды мына түнде алысқа жіберуге болмайды ғой, — дедім мен.

— Егер ол олай істесе, мүлдем жаман болар, — деп үрейленіп, — құтылып кетті десеңізші онда оны, — деді Мамонов. Бұрын олар бұл жағдайды ойламаған болу керек.

— Техниканы тастап, адамдарын құтқарып алып кету — оларға қолайлы-ақ, бірақ олай етпес, олар қайда барса да, техникасын ала жүрді. Не істесек екен? — деп комиссар да ойланып қалды.

— Бері қараңыз, Мамонов, — дедім мен, — танкіге қарсы біздің бір құралымыз бар, бірақ та оны құрау керек, — дегенімде, екеуі де маған таңдана қарады. Мен Мамоновтың қолындағы картасын алып, Соколоводан бізге қарай келетін жол сызығын көрсетіп:

— Мына жолдың орманшап шыға берісін қар үйіп, бөгеу керек. Жолдың ені 10-ақ метрдей. Жыйырма шакты адамды күректерімен ертіп барып, тез арада жолды бөгеңіз, тапк келіп қараңғы түнде тұмсығымен әрлі-берлі түрткілеп, өтіп болмастай кедергі екен деп қалар. Қараңғыда ені білсін. Жолдан тағы бұрыла алмайды. Бұрылса малтығып шыға алмай қалады. Егер де үйілген қарды тесіп

өтсе, өте берсін. Үйілген кардың іргесіне пулемет қойыңыз. Танк артында келе жатқан жаяулар тобын пулемет баж етіп, беттен ала түссе, таң атқанша оларды орманнан шығармай әурелейміз...

— Дұрыс! — деді екеуі бірден.

— Солай етілсін, — деп қорыттым мен. — Бар, азаматым, жолды бөге.

Мамонов тез киініп, адъютант екеуі шығып кетті.

Комиссар екеуміз үн қатпастан Соколованы ойлап отырмыз. Тоқсан толғанып, өткен күн мен түндерді еске түсіреміз. Ұшы-қыйыры жоқ, шексіз ойлар кеп басады. Бүгінгі түннің қамы, болашақ туралы...

Жаңа ғана байқадым... Отырған үйімізді көрпеден құрған шымылдық екіге бөлген. Шымылдыңтың аржағында үйіліп жатқан үй мүліктерінің арасынан ұйқыларын аша алмай отырған екі жас балалардың жүзін көрдім.

Стол көлеңкесіндегі мүйісте отырған үй иесі әйелге көзім түсті.

Солғын түсіндегі тұнық көк көзі бізге қадала қарап «не айтып, не ойлап отырсындар? Мына шиеттей балалар мен менің халім не болмақ», — дегендей қыйнала, қайғыра қарап отыр.

Үй қожасы деген әйел осы мектептің оқытушысы екен. Біз отырған бөлмеге оны немістер қуып тыққан екен. Немістің текпіні, алдағы соғыстың үрейлі қаупы ол әйелді өте жабықтырып, жаншып, езіп қартайтқан. Үстіндегі киімі арық денесіне қап қаптағандай, желкесіне түйген бұрымы бобырап кеткен, беті қансыз, сұп-сұр... әйел ақырын ғана орны-

нан тұрып, пешке ағаш салып, шайнекке су құйды. Мені қайтадан ой билеп кетіп, әйел мен Ахметжанның әңгімесіне онша құлақ салмай отырдым... Екеуінің неміс, қыйыншылық, балалар туралы бірен-саран сөздері алыстан естілгендей құлағыма оқта-санда бір тиеді... Шымылдықтың шеті ашылып кеткенде тірелген жүк, мүліктің ортасында жатқан балаларды көрдім, — шешесі бар нәрсесін үйіп, балалар оқ пен снарядқа ұшпау үшін, қорған соққаны бірден сезіліп тұр.

Даладағы ұлыған боранның сарыны әлі басылар емес. Жел екпіндей соққанда біз отырған үйдің төбесі сықыр-сықыр етеді.

Менің ойым Мамоновта, боранның ұлыған, ысқырған екпіні Мамонов ертіп кеткен жыйырма жігіттің қарға тиген күректерінің қарш-қарш еткен дыбысындай естіледі.

— Мама, шөлдедім, — деген баланың дауысы мені ойдан оятты. Жүресінен отырып от жаққан әйел:

— Шыдай тұр, қалқам, әлі шай қайнаған жоқ, — деп жауап қатты.

— Бері шақырыңызшы балаңызды, отқа жылынсын, — деді Мадияр, оны ести салысымен бес — алты жасар қыз бала жүгіріп келіп, пешке қолын созып тұра қалды.

Қолында бір бөлек нан мен екі консерві бар Сенченко кіріп келіп:

— Бар болғаны осы болды, жолдас комиссар, — деп ол алып келгенін Мадиярдың алдына қойды. Мадияр консервті пештің үстіне қойып Сенченкоға:

— Наның тас болып қалыпты ғой, жігітім, — деді.

— Маған беріңіз, мен мұны қылышпен шаппасам, пышақпен кесілмес, — деп нанды алып отын жарғандай шапқылай бастады. Мұздаған нанның жаңқасын Мадияр пештің үстіне қойып жылыта бастағанда, қызған темірге түскен нан уағының күйген исін сезіп, шымылдықтан екі баланың асқа телмірген көзі көрінді.

Әйелден табақ сұрап алып, Мадияр жылынған консервтерді ашып, табакқа салып болған соң:

— Тамақ иесімен тәтті деген, жеңгей, келіңіз балаларыңызбен бас қосып, от басында отырып тамақ желік, — деп үй иесі әйелді, балаларымен дастарқанға шақырды.

Әйел ұяла төмен қарап:

— Қойыңыз, жолдас комиссар, өздеріңіз жей беріңіздер, бұл үйге біз қайбір ие дейсіз...

— Бұл жердің анық қожасы сіздер, — дедім мен.

Барлығымыз от басына айнала отырып тамақтандық. Соғыс басталғаннан бері, бірінші рет семья ішінде тамақ жегенім осы еді.

Консерв пен қатқан нанды жеп отырған сүйкімді үш баланың түріне, олардың байсалды, ақылды шешесіне қарап өткен-кеткен, ел, ауыл, әйел, балалар еске түсті.

Қайдан қалған бір түйір қант екенін білмеймін, Сенченко қалтасынан алып, үшке бөліп, балаларға берді. Балалар қуана алып, сілекейлей сора бастады. Қайғылы әйел Николайдың оның балаларын есіркеп тәтті бергеніне көңлі босап, көзінен жасы моншақтап кетті.

Осы отырыс әйел, балаларды, бізді де тербетіп, жорық, соғыстарда жүрек түбінде үнсіз жатқан үйді, жарды, баланы сағынған сезімді оятты. Тым-тырыс біраз отырдық... Мүмкін, біз бұлай отырғанда, мына боранмен бірге біз отырған үйдің іргесіне дұшпанның танктері келіп қалған болар, — деген ой босап келе жатқан көңілді тағы да қатайтып, шыйратып жіберді. Аһ, соғыс-соғыс, сенің көп кезеңімен қырларыңнан асқан жауынгерлерге не көрсетіп, не сездірмедің?!

Есік ашылды. Даладан кірген аяздың бұрқыраған буының ішінде үсті-басын қырау басқан екі адам кіріп келді. Кірпігіндегі қырауды қолының сыртымен сүрте беріп, Мамонов от басындағы балаларды көріп, Скачковты нұсқай:

— Міне, балалар, сендерге екі аязата келді, — деп қарқ-қарқ күлді. Балалар аязаталарға тандана қарап, шешесіне жақындай, тығыла бастады.

— Қорықпандар, қарақтарым. Ағаң ойнап айтады, — деді Мадияр. Мамонов белбеуін шешіп, үстіндегі қарын қағып тұрып баяндай бастады.

— Жолдас командир, айтқаныңыздың барлығын орындадық. Барар жерге зордың күшімен жеттік. Күрекпен қарды көтере бергенде жел жұлып ала жөнелді. Көп әурелендік... Кейіннен қарды етектеп тасып, қыйнала-қыйнала бір төбешік тұрғыздық-ау! Не шығарын қайдам, жел үйгенімізді қуалап, суырып, жермен-жексен етіп кетіп жүрмесе...

— Алдымен ағаш құлатып салсаңдар, ол қарды тоқтатар еді ғой, — деді Мадияр.

— Екі ағаш қойдық, жолдас комиссар.

— Әттең, жыйырма шақты мина қояр ма едің, бірақ ол бізде жоқ,—деп күрсіндім мен.

— Пулемет қойылды ма?

— Бір пулемет орналастырылды, — деді Скачков.

Біз үйде отырмыз. Солдаттардың бір тобы қостың сыртың бақылап, мына боранды қараңғы түнде барлауда жүр. Біреулері постыда тұр. Біреулері ор қазып жүр. Қалғандары қардан істелген күркешікте бір-біріне тығылып ұйқтап жатыр. Далада аңдай ұлып, әлемді сапырып, аспанның түкпір-түкпіріне шейін ақ тозаң шашқан, азынаған боран...

Генерал Чистяков қайда отыр екен? Не ойлап отыр екен? Соколоводағы немістер, біздің артымыздағы немістер не ойлап, не істеп жатыр екен?.. Түбі жоқ ой әр жаққа бір соғады. Кенеттен дұшпан келіп қалса не етпекпін? Мына жағдайда менің халім естімес керең мен көрмес соқырдың жайынан артық емес... От басындағы әйел маған сұрлана, үрейлене қарайды. Менің ойымдағыларды тапқандай. Мен төмен қараймын.

— Жолдас командир, ана жақтан пулеметтің дауысы шығады, — деп Сенченко еңтігіп кіріп келді.

Біз барлығымыз далаға шықтық. Алыстан безілдей атылған пулеметтің дауысы боранды жарып естіледі. Кейде қақалып, кейде тұншыққандай пулемет дауысы үздік-үздік, ыдырап-ыдырап естілді.

— Сол, сол біздің пулемет, дауысынан танып тұрмын, — деді Мамонов құлағын түретындап.

Алыстағы пулеметші қаруын безілдете бізге арпалыс хабарын жолдап жатқандай. Кенет пулемет үні өшті... Біз қанша тыңдасақта, ұлыған боранның дауысынан басқа ештеме естімедік.

— Барлаушылар жіберілсін, — дедім мен бәсең дауыспен. Мамонов қараңғыға сүңгіп кетті.

Біз бұзылған үйдің дуалын ықтап әлі тұрмыз. Барлаушылар ешкіммен кездеспей қайтып келді. Сақ болып, танды күтуден басқа ешқандай дәрмен қалмады. Үйге ешқайсымыз да енгеніміз жоқ. Жел үдей соғып тұр... Күтпеген жерден күншығыс жақтан бір жарық көрінді. Таң ататын кез емес еді. Күйген күннің сәулесіндей аспанға қызара шапшыған жарық ненің жарығы?! Жарық ұлғайып, өрге шапшып, төмен түсіп, аспандағы ағылған бұлттарды қызыл, сарғылт түрге бояй бастады.

— Соколово ғой, — деді маған бұрылып Мұхамедияров шошынғандай.

— Я, Соколовның өртінің жалыны, — дедім мен, — дұшпан орнынан қозғалған екен.

Қасымдағы барлық офицерлерді жап-жаққа жұмсап жіберіп, әсіресе Соколово жағынан сақ болсын деген жарлықты бердім...

Сарғая күтумен тағы бір сағаттай тұрдық. Өрт өршіп барады. Біраздан соң өрттің сағын сындырып, бозарып таң ата бастады. Мұхамедияров екеуіміз түнде біздің жігіттер жасаған, бөгеген қар дуалға кеттік.

Үлкен төбешіктей болып үйілген қар жолдың орманнан шыға берісінде алып жайындай сұлап жатыр. Боран үйілген қарды суы-

рып айдап әкетудің орнына, қар үстіне қар үйіп, нығыздап тастапты. Осы үйілген қар танктердің жолында өте алмастай бөгет болып, біздің сенімімізді ақтағандай.

Соколовоға қарай баратын жол үстінде екі танктің ізі жатыр. Үйілген қардағы екі үңгір — түнде келген танк тұмсығының ізі.

— Түнде бұл жерде дұшпан танкісі болған екен, — деді Мұхамедияров, — мына үйілген қар оны кейін қайтаруға себеп болған.

— Я, біздің үйген қарымыз неміске басқа жол көрсетіпті, — деді Мамонов, комиссарды қуана құшақтап. Алдағы елу — алпыс қадам жердегі бір қарайған нәрсеге көзім түсіп, мен солай қарай жүрдім. Маған комиссар мен Мамонов ілесті. Жолдың жиегінде қар басқан пулеметтің сынық қалдықтары быт-шыт болып жатыр. Оның қасында танктің жылан бауыры белуардан төмен жаншып кеткен пулеметшінің денесі жатыр. Барлығымыз азамат өлігін көре сала, баскиімдерімізді алып, қол қусыра қалдық. Мадияр дәті шыдамай, еңіреп жылап жіберді. Біздің алдымыздағы жатқан — әлемге жар салып, дұшпанмен жеке-жеке соғысқан түндегі ердің денесі екені күмансіз. Оның алдында құлаш жетер жерде ердің оғына ұшып каза тапқан оннан аса неміс солдаттарының денесі жатыр.

Мен жауыпгердің түрін шырамытқандай болып, бетіндегі қарды қолыммен сүртіп, өзіммен кеше кеште кездескен Андрей Алешин екенін таный кеттім. Бүгін осылай жолығысамыз деген қайсымыздың ойымызда бар еді?!

Осы кезде қарсыдағы орман ішінен екі

салтатты шыға келді. Дивизия штабының офицері маған генерал Чистяковтан хат әкелген екен, генерал былай деп жазыпты:

«Дұшпан бүгін түні Соколовоны тастап кетті. Шахтманның полкі оның соңынан қудалауға кетті.» — Генерал одан кейін бүгін сағат 11 ден қалмай, біздің алға баратын жолымызды, сапарымызды бұйырып жазыпты.



Әдетте, бір жерге табан тіреп, орналасып қалған дұшпанды орнынан қозғап жіберу қыйын. Жау жеңіліп, орнынан бір қозғалса, тұрақтап тоқтай қоюы оңайға түсе қоймайды. Жау жылжып, сырғанап тоқтай алмай, шегініп барады. Арамыз 70 — 80 шақырым. Түлкідей бұлғақтап, бір жотадан бір жотаға жортып, әлі құйрығын ұстатар емес. Кейде жалт беріп, тісін ырсышта ырылдағандай, бір қыстаққа бекініп алып, бізге қыр көрсетеді. Айбынданып қабамын деп қарсы ұмтылады. Бірақ қойын-қолтық арпалысқа жүрексініп, қаймыға ыршып, бұрыла жөнеледі. Біз соңынан қалмай келеміз. Қаша жүрейік дегендей әлі жеткізер емес. Орманды аралап зытып барады. Алдынан орай соғуға жер жағдайы жөнсіз, қалың қар аяққа тұсау. Шідерлеп тұсап, аяқ создырмайды.

Әттең тың күшіміз жоқ, әйтпесе, төтеннен соғып алар бірнеше жағдайлар бармақ тістетті.

Холо-Докңя қалаларының арасында желі-

дей тартылған жол бойында тынысымызды бір-ақ алдық.

Соғыс пен жорықтың әуресі билеп, ерлік көрсеткен жауынгерлердің қарызынан, уақтылы құтылуға қолға тізгінімді тидірмей жүргізуші еді. Төлеген мен Алешин көптің бірі емес. Олардың алдында олқылық істегендей айыпты, күналы сезім, жатсам ұйқы бермейді. Ерлікті елеусіз қалдыру — командирге үлкен күна. Оның адамгершілігіне қатты сын. Кейінгі күндері менің еңсемді зілдей басып жүрген ауыр жүктің бірі сол еді.

Барлық жер тегіс бола бермейді; соғыс, майданда да көпірте сөйлеу, бояп, борандата мақтану, жоғалған пышақты алтын сап ете салу сыяқты жалған айту бола береді. Мен солардан сау болғым келеді. Өтірік мақтану да — қыянат. Қыянатпен елді алдап, қырмызы болғым келмейді. Елге ер туралы шындықты айтсам деген ниет ойымда. Шыным мен сырым Төлегендей таза, акпейіл, ақниет болса, ақ қағазға түсіріп, елге сөз жеткізсем мен Төлегеннің қарызынан құтылған болар едім. Қыранның қыядан соғып, ентелеп келе жатқан жау қанатын қырыққанын көргеніммен, жантәслім еткенде басында болғаным жоқ. Олқы жерін басында болғандардан біліп толықтырайын деген ой мені осы уақытқа дейін жетектеп келеді.

Олар — оның ұстазы Мәлік, үзенгілес жолдасы Балтабек, ағалары Гундилович, Трофимов, Төлеген туралы шынның да, сырдың да кілті соларда. Менде қазірінше жоқ. Сөз соларда.

Бүгін февральдің жыйырма екісі. Екі жыл

бойы Совет Армиясының жылдық мерекесін майданда тойлаудамыз. Тарихи баяндаманы оқ пен от жасауда. Ауылдағы қарт та шаруаларын бітіріп, от басынан әлдеқашан төсекке жантая орналасқан болар. Уақыт түн жарымына жақындап келеді. Біз отырмыз, кішкене ағаш үйдің шаршы бөлмесі, алдымызда жез құтыда лапылдай жанған білте шам.

Момын жас жігіт, ақ киімді Мәлік қара дәптерін парактап отыр. Оның қасында сары бешпет киген, еңгезердей Балтабек отыр. Оның мұрнының ұшы қарауыта үсіген, қалың қабағы түсіңкі, қалғығандай шаршап, иығынан дем алып отыр. Балтабек полк жастарының ағасы — комсоргіміз. Бір жолы оның келбетіне қарап:

— Мына олпы-солпы жаратыла салған біреудің ел несін мақтап, несін жақсы көреді, Балташ, Балтекең деп барлығы қадір тұтады. Өзі аузынан сөз түскен біреу, мұның не қасиеті бар? — деп комиссардан сұрағанымда, Мұхамедияров жымыя күліп:

— Мұның қасиеті мол адам. Жаужүрек батыр. Адалниет, ақкөңіл, өте сыпайы жігіт, — деп жауап беріп еді.

Міне, батальон комиссары Трофимов; көзі шүңірейіп, жүзі солғын тартқан. Құлақшынын шалқайта киіп алыпты. Ол темекі орап отыр. Тамағына суық тисе керек, қырылдай сөйлейді.

Отырғандардың енді бірі батальон командирі Гундилович. Ашаң жүзінде жүдеп, шаршағандықтың ізі бар; қыр мұрыны сорайып, көз жанары бозғылт тартқан; құлақшынын басынан алғанда кереқарыс маңдайы жалтырақ көрінеді.

Барлығымызда үн жоқ. Төлеген туралы ой үстіндеміз. Менің көз алдымда полктің мыңдаған солдаттарының таныс түрлері. Олардың ішінен мен Төлегенді іздеймін. Көп жігіттердің ішінде Төлегеннің түрі жадымда, есімде қалмапты. Мені қыйнап отырған сол. Мәлік менің Төлегенмен кездескен жерлерімді есіме салады. Бір-ақ мен оның сымбатын ұмытқанмын. Екеуіміз есте қалғандай бетпе-бет жолыққан емеспіз.

— Міне, аға, Төлегеннің комсомол билеті, мына қағаз оның партияға өту жөнінде берген арызы еді, — деп Мәлік маған сұр кітапша мен бір парақ қағаз ұсынды.

Мен біздің жастардың мақсат паспортын алып аштым. Қарасам, кітапшаның ішкі бетінде Төлегеннің суреті.

Екі көзі мөлдіреген, ашаң жүзді, қараторы жас жігіт маған тесіле қарап қалғандай болды.

— «Е, сені енді таныдым», — есіме сап етіп түскен нәрсе — Москва өлкесіндегі Нахабино қыстағының бір үлкен салқын үйі. Январь айының аяқ кезі. Сол үйде елден келген жігіттерді бөлімшелерге таратып жатқанбыз.

Сұңғақ бойлы, қыр мұрынды, айбынды тік көзді, әдемі қараторы жігіт, шинелінің белін қыса буған, кадамын діңкілдете басып келіп, әскери әдеп сақтап, сіресе тұра қалып:

— Қатардағы жауынгер Төлеген Тоқтаров, — деп аты-жөнін мәлімдеді.

— Кім болғың келеді? — деп оған сұрақ қойдым.

— Қайда бұйырсаңыз, сонда барамын, жолдас капитан, — деп ол жауап берді.

— Дұрыс. Автоматшылар тобына бара ғой,
— дедім мен.

— Кұп болады, жолдас командир, — деп
шұғыл бұрылып шығып кетті.

Мәлік менің ойымды тапқандай:

— Таныдыңыз ғой, я, сол жігіт, — деді ма-
ған.

Алдымдағы төрт бүктелген бір парақ қа-
ғазды алып оқыдым.

«Мені большевиктер партиясының мүшелі-
гіне алуыңызды өтінемін. Егер отан үшін
ұрыста қаза тапсам, мені большевик деп са-
наңыздар. Шаруаның баласымын. Өзім жұ-
мыскермін», — деген қысқа ғана, бөтен сөзге
килікпеген Төлегеннің арызы екен.

— Ал, бастан-аяқ баянда, Мәлік, — дедім
Мәлікке.

— Тоқтарұлы Төлеген, — деп алдындағы
дәптерінің бір бетін Мәлік оқый бастады. —
Жасы жыйырма бірде... Өскемен қорғасын за-
водының жұмыскері. Туған жері Шығыс Қа-
зақстан облысы... Автоматшылар тобына ян-
варьдің 14 күні келді.

— Білгеніңді ауызекі айтшы, — дедім.

— Жолдас капитан, менің дәптерімде Тө-
леген туралы бірнеше жазуларым бар. Солар-
дың кейбіреулерін алдымен оқып берейін деп
едім, — деді ол.

— Жарайды.

— Тәртіпті, әдеп сақтағыш ибалы жауын-
гер. Қару-жарағын өз қолындай пайдалана
біледі. Жол бойы топ арасында үгіт-насихат
жұмысын жауынгерлерге нақыл сөз айтып өт-
кізіп келеді. Ақылды, ақниетті, сөздің орнын
тауып айтатын жігіт. Жауынгерлер арасында

қадірі бар солдаттың бірі. Неміс басқыншылармен бірінші рет соғысқа февральдің екісі күні қатысты. Новосвинухова қыстағына шабуыл жасағанда алдымен орай салып, айбынды соғысты. Жаудың 15 солдатын жойып, Жұмажан Батталұлы екеуі он солдат, үш офицерін тұтқынға алды.

6 февральда Бородино қыстағына түнде бірінші болып өтіп, бір топ немісті орындарынан тұрғызбай, үйде жатқан жерінде жойды.

Дұшпанның қарсы шабуылында, өз ақылымен орнынан атып тұрып жолдастары Батталов, Соколов, Егембердиев, Шомилов, Ғұбайдуллин, Насыр Шоллаевтарды соңынан ертіп, жаудың сол қанатына ойран сала тиіп, дұшпан шабуылын тойтаруға алдымен себепкер болды,—деп оқуын тоқтатып, Мәлік Төлегеннің қайтыс болған жағдайын ауызекі айтуға кірісті.

— Өздеріңіз білесіз, — деп бастады ол, — түс қайта бергенде үстімізге дұшпанның зеңбіректерінің оғы жауып, әлемді жаңғыртып, жатқан жеріміздің қарын қопара көтеріп бүлжі салды. Снарядтың жаңқасы зуылдап бас көтертер емес. Тек кірпік қаққандай тыныс алғанда ғана бас көтеріп, анталап келе жатқан неміс қосынына оқ жұмсап қалып, қайта бұғамыз. Қыстақ бықсып өртене бастады. Ащы түтін тұншықтырып барады. Күтпеген жерден айнала біраз сабырсығандай бөлді. Бас көтерсек, немістер жан-жақтан анталап келіп қалыпты. Мен отыз шақты жігітпен оларға қарсы жүгірдім. Айнала сарт-сұрт атыс. Атқылай жүгіре араласып қеттік. Екі жақтың

қорамсағындағы оқтары таусылып, қоян-қолтық айқас басталды. Қолға түскенімен ұрып, иінтіресе арпалысып жүрміз. Өгіздей бір сары неміс қолымдағы автоматымды қағып түсіріп, жағамнан ала кетті. Итере сырғытып алып келіп, дуалға тіреп, қылқындырып, тамағымды езе бастады. Булыға барып, тіземмен екі бұттың арасына теуіп жібергенімде, неміс шалқасынан түсті. Ол тұра бергенде пистолетті қабынан суырып алып, атып жықтым. Сол кезде қыстақтың сол іргесінен біздің адамдардың дауыстары шығып, атыс үні ұлғая бастады. Жаңағы үйдің қорасын аралай, сол жаққа қарап жүгіріп бара жатқанымда, аяқ астынан мылтық атылды. Қарасам, жарақаттанған неміс офицері сол қолымен жер тіреп бөксесін сүйреп, оң қолындағы парабеллумын қайта көздей ұстап жатыр екен. Көзді ашып-жұмғанша біреу ыршып барып автоматтың шүйдесімен офицердің шекесінен періп қалып, өзі жер құша құлады. Офицер тіл тартпай кетті.

Өзіміздің жауынгердің басын сүйей берсем, бетінде қасық қаны қалмай сұп-сұр боп кеткен, ұйыған қара қан. Кейінгі әңгіме өзіңізге мәлім, жолдас командир, — деп Мәлік сөзін аяқтай беріп, — мына дәптердің ішінде Төлеген туралы тағы бірнеше жазғандарым бар. Уақытыңыз болса қарап шығарсыз, — деп қара дәптерді маған ұсынды.

— Ал, жолдастар, сіздер не айтасыздар?

— Ғабдуллин жолдастың жазбаларында Тоқтаровтың ерлік ісі тегіс баяндалмаған. Ол Бородиноның өзінде бұдан әлдеқайда көп жауды құртты, — деді Гундилович.

— Я, капитан жолдас, ол кемінде жүз жауды барса келмекке жіберді, — деп жауап берді оған Мәлік, — жауынгерлердің айтуынша: Төлеген ордың әр жеріне орналысып жүріп, жау құшағын көпке дейін жаздырмай қырғаны рас.

— Әрине, командир жолдас, соғыста қай оқтың қай неміске тигенін білу қыйын, — деді қарлыққан дауыспен Трофимов, — менімше, Тоқтаровтың ерліктері басқаларға нұсқа болды. Басы-қасында болған адамдардың айтуына қарағанда, Төлеген кейінгі қызу соғыста бірнеше рет жарақаттанса да, алда, алғы шепте жүріп соғысқан. Жаңағы Мәлік айтқан офицерді жоярдың алдында жарылған снарядтың үлкен жаңқасы оның ішін жарып кетіпті. Қансырап жатқанда жаңағы офицерге кез болған. Шынында, өліп бара жатқан жігіт ақырғы бір қасық қанын жауға қарсы шабуылға жұмсаған, — деп ол сөзін аяқтады.

Тағы басқа жауынгерлер туралы әңгімелер аяқталған соң, олар кетіп, мен жалғыз қалдым. Алдымда Төлегеннің комсомол билеті, оның соғыс алдында жазған арызы. Мәліктің дәптерін ашып қарай бастадым. Ол майдандағы ой-пікірін, жауынгерден естіген сөздерді, қай уақытта қандай уақытқа болғанын, қарамағындағы жауынгерлердің аты-жөнін осы дәптеріне жазып жүр екен. Жазудың көбі басы басталғанымен, аяқталмай қалыпты. Дәптердің қай беттерінде жаңбыр, қардың, окоптағы лайдың айғыз-айғыз іздері, автордың «кабинеті» — ор, орындығы — жер, столы — тізесі болғаны әр беттен-ақ айқын көрініп тұр. Кейінгі бір жағында ірі жазылған — «Төлеген

Тоқтаров» деген дәптердің бетіне біраз кідіріп оқып отырмын.

Бір жерінен:

«Өлім көзіне жасқанбай тіке қарасаң, тай-салады. Өмірді сүйген — өлімнен қорықпақ емес...» деген сөздерді оқыдым да, Мәліктің дәптерін жаптым.

Алдымда қағаз, қолымда қалам. Кейде ойлап, кейде жазып жалғыз отырмын. Исатай, Махамбет, Аманкелділер бұрын өткен еді. Солардың жарқын бейнелері көзіме елестеп, батырлар жондардан жортып, белдерден асып барады... Міне көз алдымда Павлодар жігіті — Андрей Алешин. Өзі де, аты да бекзада емес, кәдімгі көптің бірі, ауылдағы, тек мал басындағы шаруаның баласы. Ол түн ішінде сұрапыл боранда құрыш болатпен-жекпе-жек арпалысып, жауды алған бетінен кейін шегіндірді. Біздің жеңістегі оның сыбағасы мол.

Міне, Лениногордағы қарапайым жұмысшылардың бірі — жап-жас қазақ жігіті Төлегел. Бұл да қатардағы жауынгер еді. Бұл да жаңа өспірім, әлі қабырғалары қатпаған жастар еді.

Жүректің ақырғы соғуын дұшпанға шоқпар етіп жұмсау үшін қандай кекті жүрек, айбынды күш керек?! Оларды тербеткен, оларды қозғаған күштің тамыры қайда жатыр?

Біз совет адамдарымыз, біздің салт-салтанатымыз жаңа. Біз де сүйек, еттен жаралған адамбыз. Біздің жанымызды тебіренте соққан жүрек болаттан жасалған емес. Бірақ біздің жүрек отты жүрек. Оның оты болатты ерітіп, жаңқадай жандыртатын өт. Біздің жүрегіміз-

дегі қауыпты жеңіп, өлімді күйрететін күш, ол — Отанымызды, өз Отанымызды сүю сезімі.

Мен маздап жанған білте шамының алдында ерлікпен жауынгерлік борышын атқарғандар туралы жоғарғы орынға мәлімдеме жазып отырмын...

Даладағы боранның мұңды сарыны ер өлімін аза тұтып, сай-сүйегінді сырқырата қайғылы күй тартып тұрғандай.

Мен жазып отырмын: «Советтер Одағы Батыры атағын беруге ұсынылсын» — деп бір бетті аяқтап:

Қасбатыр жауға шабар жағаласа,
Өмірге ар мен намыс қолқа салса,
Мәңгілік өмір жасап өлмегені —
Батырдың ел аузында аты қалса,—

— деген бір ауыз өлеңмен өзімде-өзім жұбаттым.

М А З М Ұ Н Ы

Таныстыру	3
Жол үстінде	6
Біздің адамдар	14
Грицьконың сағаты	44
Көк төмпешік	50
Өлтір жауды	52

БАУЫРЖАН МОМЫШУ
ИЗ ДНЕВНИКА ОФИЦЕРА
(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата—1952

Редактор *К. Слямбекова.*

Художественный редактор *Н. Ходжиков* Художник *Н. Михайлов*
Техредактор *Е. Круглов* Корректор *Г. Джангалин*

Слано в набор 6-VI-1952 г. Подписано к печати 16-X-52 г. УГ07831.
Изд. № 8. Бум. 70 $\frac{3}{8}$ = 2,12 б.л. 4,97 уч.-п. л. (Уч.-изд. 5,1 л.)
Тираж 15000 экз. Цена 1 руб. 55 коп.

Алма-Ата, Гостипография № 1 Казполиграфиздата при Совете
Министров КазССР Заказ № 647.

Бағасы 1 с. 55 т.